Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

# «ҚАЗАҚ ТІЛІ», «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ОҚУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ЦИФРЛЫҚ КОНТЕНТТІ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Нұр-Сұлтан
2022

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2022 жылғы 16 тамыздағы № 8 хаттама)

**«Қазақ тілі», «Қазақ әдебиетін» оқу пәндері бойынша оқыту процесінде цифрлық контентті пайдалану жөніндегі әдістемелік ұсынымдар** – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 320 б.

Әдістемелік ұсынымдарда пән мұғалімдеріне «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» оқу пәндерін оқытуда қолданылатын цифрлық контенттер, олардың ерекшеліктері туралы ақпараттар және цифрлық контенттерді қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар берілген.

Цифрлық контенттердің сілтемелері мен негізгі ресурс көздері көрсетіліп, пән мазмұнын меңгертуде қолданудың әдіс-тәсілдері және сабақ үлгілері көрсетілген.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналады.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2022

# Кіріспе

Еліміздің жаһандық ақпараттық жүйеге кіруі мен заманауи білім алушының әлемді қабылдау ерекшелігі қазіргі пән мұғалімдерінің алдына жаңа талаптар қояды.

Ұстаздың сапалы білім беруі үшін маңызды құралдардың бірі – интернет желісі және пәннің қажеттілігіне қарай қолданылатын түрлі контенттер. Интернет желісінде контенттер өте көп. Оларды білім алушылардың қабылдауы мен жас ерекшеліктерін ескере отырып қолдану да маңызды болып саналады. Кейбір контенттер ақылы болып келеді. Ал, біздің басты ұстанымымыз ұстазға да, оқушыға да тегін және сапалы материалдары бар танымдық, ғылыми, көркем мағыналы цифрлық контенттер ұсыну.

«Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында: «Кадрлар біліктілігі саласында бағдарламада қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін білім беру жүйесі ең үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес толығымен жаңартылатын болады. Жаңа білім беру деректер мен формулаларды жаттап алуға емес, ең алдымен ақпаратты талдау дағдылары мен креативті ойлаудың дамуына екпін қойып, цифрлық экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін болады», - деп көрсетілген. [1] Олай болса, барлық пәндердегідей қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытуда оқушының цифрлық әлемге дайын болуын қамтамасыз ету үшін тілдік материалдар мен көркем шығармалар мәтіндерін пайдалануда цифрлық контенттерді дұрыс іріктеуге және мазмұнының білім алушының жас ерекшелігіне сай болуын қадағалау маңызды.

Жалпы XXI ғасырдың оқушысы заманына сай қазіргі интернет әлемді еркін шарлап, керегін тауып пайдалана алады. Кейбір ресурстардың оқушы психологиясы мен әлемді қабылдау танымына сай келмейтіні де ескерілуі керек. Сондықтан ұстаздардың еңбегін жеңілдету үшін құрастырылған әдістемелік ұсыным төмендегідей *мақсаттарды* көздейді:

1) мұғалімдерді интернет контенттерді білім беруде қолданудың жағымды қырларымен таныстыру;

2) ақпараттық әлемде білімді цифрландырудың маңызы мен жұмыс жасаудағы тиімділігін түсіндіру;

3) ақпараттық-қатынастық технологиялар құралдарын тиімді қолдану саласы мен құрамы туралы түсінік қалыптастыру;

4) «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» оқу пәндері бойынша интернет контенттерді іріктеу, қауіпсіздігіне байланысты жіктеу, дұрыс қолдана білуге бағыттау;

5) педагогтер қазіргі әлемдегі ақпараттық технологиялардың рөлі мен орнын оқушыларға түсіндіруге қосымша мүмкіндіктер беру;

6) педагогтердің цифрлық контенттерді өзінің кәсіби іс-әрекетінде қолдану мүмкіндіктерін дамыту.

Әдістемелік ұсынымдардың 1-бөлімінде қазіргі таңда қоғам мен техниканың қарыштап дамуына байланысты адамның да сана сезімінің өзгеруіне байланысты қазақ тілі мен әдебиетін оқыту процесінде қолданылатын

цифрлық контенттердің ерекшеліктері мен оның сабақта қолданылу қажеттіліктері сипатталады.

«Жаңа оқушылар» деген феномен пайда болды. Олардың мақсаттары да, құндылықтары да, қызығатын идеялары бұрынғыдан әлдеқайда өзгерген.

Әдістемелік ұсынымдардың 2, 3-бөлімдерінде «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытуда білім алушылар мен мұғалімдерге қолжетімді цифрлық контенттер мен цифрлық ресурстар туралы мәліметтер, олардың ерекшеліктері мен оқу процесінде қолдану жолдары сипатталады.

Әдістемелік ұсынымдардың 4-бөлімінде «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша педагогтерге цифрлық контенттерді оқу процесінде қолдану жөнінде әдістемелік ұсынымдар берілген.

Көрсетілген мақсаттарды орындай отырып, нәтижеге жету үшін қосымшада педагогтерге арнап ұлттық цифрлық контенттердің тізімдері мен әдеби шығармаларға талдау жасайтын, сыни пікірлер орналасатын әдеби порталдардың сілтемелері мен скриншоттары берілді.

# 1 «ҚАЗАҚ ТІЛІ», «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ПӘНДЕРІ БОЙЫНША ЦИФРЛЫҚ КОНТЕНТТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ

Қазіргі қоғамды ақпараттандыру және онымен тығыз байланысты білім беруді ақпараттандыру жоғары деңгейге жеткенімен, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың (АТТ) оқу процесінде әлі де кеңінен қолданылмайтыны анық. Дегенмен білім беру жүйесінде шығармашыл педагогтердің ізденісі нәтижесінде сабақ үрдісінде қолданылады. АҚТ, цифрлы контент ақпаратты тарату үшін және мұғалімдер мен білім алушылардың өзара әрекетін қамтамасыз ету үшін білім берудің қазіргі жүйесінде кеңінен қолданыс табуда. Цифрлы технологиялар оқушыларды оқыту және тәрбиелеу сапасын арттыруға айтарлықтай әсер ететіндігін байқаймыз. Қазіргі мектеп мұғалімдерінің кәсіби дамуының маңызды мәселелерінің бірі олардың ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану саласындағы кәсіби деңгейі болып табылады. Мұғалімдердің цифрлық технологияларды меңгерудегі кәсіби деңгейінің жеткілікті дәрежеде қалыптаспауы оқушылардың оқу үлгерімінің айтарлықтай төмендеуіне әсер етеді. Осыған орай мұғалім ақпараттық және телекомуникациялық технологиялар саласындағы білімді игеріп қана қоймай, сонымен қатар оларды өз кәсіби іс-әрекетінде қолданатын маман болуы қажет. Мұндай мақсатқа білімді ақпараттандыру және оқытудағы мәселелерді ақпараттық технологияларды қолдану арқылы қол жеткізуге болады.

Бүгінгі таңда электронды басқару жүйесі тіршіліктің кез-келген түрінде, адамның барлық іс-әрекеттерінде маңызды орында тұр. Тұрмыстық құрал-жабдықтардан бастап, қызмет көрсету саласының өзі де электронды басқару жүйесімен атқарылады. Білім беру саласында цифрлық контент ажырамас бір бөлігіне айналды.

Электрондық оқытудың пайдасы педагогтердің жас ұрпаққа өмірлік білім беру ұстанымын қалыптастыруға, әлемдік білім кеңістігіне еркін енуіне, желілік шығармашылық қоғам арқылы тәжірибе алмасуға, кәсіби қызметтерін электронды форматқа ауыстыруға мүмкіндік береді [1, 5 бет] .

Ақпараттық және қатынастық технологиялар (АҚТ) – бұл ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу, беру және тасымалдау алгоритмін және әртүрлі әдістерді, тәсілдерді сипаттайтын жалпылама ұғым.

Жалпы білім беретін орта білім беру саласында қолданылатын ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды әртүрлі категорияларға байланысты жіктеуге болады. Мысалы, білім беруді ақпараттандыруды оқып-үйренуде көрсеткіш ретінде, мақсат ретінде әдісті, тәсілді қолдану немесе ақпаратқа әсер ету алгоритмін қарастыруға болады. Бұл жағдайда ақпаратты сақтау, беру, енгізу, шығару, өңдеу және жеткізу технологияларын ерекшелеуге болады. Ақпараттық және телекоммуникациялық құралдар және технологиялар көп. Әрбір жыл сайын білім беруді ақпараттандыру тұрғысынан маңызды жаңа құралдар мен технологиялар пайда болуда. Оларды тізімдеу, оқып-үйрену әлі де мүмкін

болмай отыр. Арнайы жағдайда мұндай технологиялардың бірқатары оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруға ықпалын тигізуге қабілетті екендігін түсіну маңызды. Бұған қоса кез келген тәжірибелі мұғалім ақпараттық технологияларды енгізуден жеткілікті жағымды жағдайлардың бола бермейтіндігін түсінеді, кейбір жағдайларда білім беруде ақпараттандыру құралдарын жиі қолдану оқытудың тиімділігіне ықпалын тигізбей, керісінше әсер етуі мүмкін. Сондықтан оқытуды ақпараттандыру кешенді және орнымен шешілуі тиіс. Ақпараттық және қатынастық технологиялар құралдарын мақсатқа лайықты және орнымен қолдануды оқыту білімді ақпараттандыру саласында педагогтерді дайындау мазмұнына енуі қажет.

«Қазақ тілі» пәнін оқытуда электронды білім беру ресурстарының, АКТ тиімді пайдаланудың маңызы айтарлықтай зор. Өйткені, тіл, әдебиет пәндері арқылы тиімді білім беру – оқушының жалпы дүниетанымының дұрыс дамуына, құзырлы ойлауы мен функционалдық сауаттылығының артуына зор ықпал ететін фактор.

Халықаралық деңгейдегі оқушылардың білім, біліктілігін бағалауға арналған PISA, TIMMS бағдарламаларында берілетін тапсырмалар оқушылардың өзіндік тәжірибелеріне негізделеді және оқушылардың графикалық, белгілік мәтіндік форматтарда, күрделі болжам түрінде берілген ақпарат үзінділерімен жұмыс жасай алуын талап етеді.

Оқу сауаттылығы бойынша берілетін тапсырмаларды оқушылардың рет-ретімен, талапқа сай орындай алуын қамтамасыз етуде тек оқулықтармен ғана жұмыс жасасақ жоғары үлгерімге қол жеткізе алмаймыз. Бұл мақсатты орындауға әсер ететін факторлар сан түрлі. Бірақ, солардың ішінде, оқушылардың «Қазақ тілі» пәні бойынша құзырлылығын қалыптастырып, дамытуына көрнекі, бейне материалдарды көптеп қолдану арқылы қажетті нәтижеге жетуге болады. Жалпы орта білім беру ұйымдарындағы тіл, әдебиет пәндері оқушының дүниетанымының, логикалық, құзырлы ойлауының қалыптасып, дамуына зор әсер етіп, мүмкіндік жасайды. Осы тұста, цифрлық ақпарат көздері мұғалімдер үшін таптырмас көмек құралы болмақ. Түрлі анимациялар, графикалық суреттер, аудио жазбалар, бейнекөріністер, виртуалды зертхана т.б. қамтылған цифрлық ақпарат көздерін сабақ үрдісінде тиімді пайдалану – сапалы білімге қол жеткізуге мол мүмкіндік береді.

Оқушылардың танымдық ой-қабілетінің артуына үлесін қосатын нақты дүние – цифрлық білім беру ресурстары. Цифрлық ақпарат көздеріне: цифрлық білім беру ресурстары, электронды оқулықтар, инновациялық оқу-әдістемелік кешендер, виртуалды зертхана, күрделі құрылымды ақпарттар көзін (цифрлық мұражай, кітапхана, энциклопедия т.б.) жатқызуға болады.

Пән мұғалімдерінің цифрлық технологияларды пайдаланып жұмыс жасау барысында ізденуі, тәжірибе жинақтауы өте қажет. Электронды білім беру құзырлығын дамыту бағытында, сатылап жұмыстануға негізделген келесідей бағдарламалар тізбесін пайдалануға болады.

- MS Power Point (сілтемелермен жұмыстану)
- Prezi (презентацияның күрделі түрі)

-PDF Professional (терминдер жинағын, тарауға бөлінген электронды оқулықтар)

- Macromedia Flash (бейне, аудио материалдарды қолдайтын оқу-әдістемелік кешендер, электронды оқулықтар)

- Delphi (электронды тест жинақтарын жасау үшін).

Бұл аталған бағдарламаларды қолдана отырып дайындалған электронды оқыту құралдары бар. Оларды оқу үрдісінде белсенді қолдану – білім сапасының өсуіне, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, оқушылардың танымдық ой-өрісінің дамуына зор ықпалын тигізеді. Яғни, цифрлы технологияларды қолдану оқушылардың пән бойынша дүниетанымының дамуына зор үлесін қосады, педагог білім беру саласында және қоғамды ақпараттындыруда негізгі бағыттар мен мақсаттарды біледі, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік міндеттерді шеше алады. Ал сонымен қатар педагог жеке авторлық-электрондық базасын қалыптастырады, әдістемелік іс-тәжірибесін таратып, педагогикалық әдіснамасымен бөлісуіне мүмкіндігі болады.

Сабақта цифрлық контентті пайдаланудың негізгі артықшылықтары оқушыларға тақырып шеңберінде немесе белгілі бір уақыт аралығында оқытылуға тиіс тақырыпты, меңгерілетін білім мазмұнын кең түрде жан-жақты талдауға мүмкіндік туатындығында.

Оқушылар цифрлық контенттер негізінде «Қазақ тілі» пәнін ғана емес, басқа да пәндерді игере отырып, жаңа білімді өздігінен меңгереді.

Арнайы мектепте де компьютермен жұмыс істеу өте пайдалы. Өйткені үлгерімі төмен білім алушының өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, себебі балаға компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді. Сонымен бірге оқушының танымдық қабілетін арттыра отырып білім нәтижесіне көзін жеткізеді.

Компьютер арқылы оқыту арнайы мектепте мынадай міндеттерді қамтиды:

-оқушылардың компьютерлік сауаттылығын ашу;

-оқыту, тәрбиелеу үрдісіндегі ақпараттық алмасу сипатын айқындау;

-дайын бағдарламаларды қолдана білу шеберлігін арттыру;

-ойлау қабілетін дамыту;

-ЭЕМ-нің мүмкіндіктерін пәндік материалда меңгеруді қолдана білуге үйрету.

Осыған орай оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерінің ең күрделі түрі: «Компьютер арқылы пәндік сабақтар өткізу». Бұл, сөз жоқ, оқушылардың пәнге деген танымдық қызығуын арттырады, тиянақты білім алуына жағдай туғызады. Сабақ үстінде өз бетінше берілген тапсырмаларды орындау барысында оқушының оған қызығуы арта түседі. Компьютермен өз бетінше тапсырмалар орындау есту мүмкіндігі шектелген балалардың таным дүниесіне жол ашады, ақыл-ой белсенділігін дамытуға көмектеседі.

Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың

бірі болып табылады. Бұл тәсілдеме пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

Білім саласындағы инновациялық өзгерістер оқудың/оқытудың негізі ретінде тұлғалық дамуды қарастырады, өйткені динамика мен өзгерістерге толы ақпараттық дәуір экономикасы адамның білімді әрі білікті тұлғасына тәуелді, бұл дәуірдің идеологиялық, әлеуметтік, саяси сұраныстары адамнан мынандай құзыреттіліктерді талап етеді:

- ақпараттың ішінен өзіне қажеттісін таңдап, оны пайдалану;
- проблемаларды шешу және шешім қабылдау;
- өзіндік пікір, идеялар, тұжырым, түсінік келтіру, оларды дәлелдей және қорғай білу;
- ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас құра білу, бірлесе жұмыс жасай білу, жанжалдарды болдырмау;
- өмірге деген көзқарасын, ұстанатын сенімдерін, қажеттіліктерін, құндылықтарын жалпы адами құндылықтармен байланыстыру;
- өздігімен үйрене білу, өз білімін әрқашан да дамытып отыру.

Сол себепті де тұлғалық даму ұстанымы білім игеру процесіне қатысушылардың (үйренуші мен үйренуші) бұрнағы авторитарлы-коммуникативтік қарым-қатынасын гуманитарлы-коммуникативтік қарым-қатынасқа өзгертуді талап етеді. Бұл ұстаным таным процесінің «білім беру», «оқыту», «үйрету» деген кешегі күнгі түсініктерін енді екі жақты процесс ретінде қарастырып, оларды *«білім алу/игеру», «оқу», «үйрену»* деп өзгертеді, бұл процесте үйренуші негізгі рөл атқарып, білімді өздігімен құрастырады деп түсінеді.

Егер де дәстүрлі «білім беру» өз мақсаты мен мағынасын нақты белгіленген (мемлекеттік стандарттарда көрсетілген пәндер, тақырыптар мен сабақтардың аумағында) білім жиынтығын игерумен шектесе, *тұлғалық даму* мен *өздігімен білім құрастыруды* негізгі идея деп ұстанған инновациялық көзқарас оқу/үйренудің негізін тек пәндер емес, ойлау мен рефлексияға негізделген интербелсенді (интерактивті) әдістер құрауы керек деп түсінеді. Ал интербелсенді әдістер мен тәсілдер үйренушілердің тұлғалық тұрғыдан өзіндік және дербес түрде дамуына әкеледі, оларды өз мүмкіншіліктері мен ұстанған құндылықтарын түсінуге және бағалауға жетелейді.

Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары (мектеп, гимназия, лицей, т.б.) білім алу жолдарын білетін, өз бетімен білім алуға ұмтылатын, шешім қабылдауға қабілетті, ынталы, қызығушылығы мен жауапкершілігі жоғары, өзіне сенімді, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады.

Оқушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастыруда мұғалімдер түрлі педагогикалық тәсілдер мен технологияларды қолдана алады. Атап айтқанда, олар:

- оқытудың коммуникативтік (қарым-қатынастық) тәсілдері (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым);
- зерттеушілік тәсіл (оқушылар «не білемін?, нені білгім келеді?, нені үйрендім?» тұрғысынан өз әрекетін талдауға үйренеді);
- жүйелі-әрекеттік тәсіл;
- дамыта оқыту технологиясы (оқушылар оқу әрекетінің тәсілдерін игеріп, өзінің іс-әрекетін жоспарлау және басқару жолын үйренеді);
- саралап оқыту технологиясы (оқушыларды қабілеті, мүмкіндігі, ерекшелігіне қарай оқыту).
- мұғалім мен оқушының «субъект-субъектілік» дидактикалық қатынаста білім іздеу үдерісіне бірдей енуі;
- оқу проблемаларын шешу барысында мұғалім мен оқушының ынтымақтасқан шығармашылық ізденіс әдістерін қолдану; оқу проблемаларын шешудің әдіс-тәсілдерін оқушыларға дамыта оқыту ұстанымына сай жолмен құру және көрсету;
- оқушының жеке пікірін тыңдау, олардың бұрын меңгерген білімдері мен қалыптасқан түсініктерін әрі қарай дамыту;
- ойын әдісі;
- «оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» арқылы қолдау жасау;
- сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану арқылы оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру;
- тәжірибелік, шығармашылық оқу әрекеттеріне (түрлі шығармашылық жұмыстар жасау) ынталандыру;
- оқушылардың білімін жүйелілікпен мониторингілеу;
- оқушыларды зерттеушілік әрекетке және зерттеушілікке негізделген белсенді оқуға ынталандыру;
- оқушыларға алдын ала берілетін түрлі стильдегі жазба мәтіндердің үлгісін қолдану (мұғалім алдын ала модельдер мен үлгілер береді);
- оқушылардың оқу әрекетін жеке, топтық және ұжымдық формада ұйымдастыру (оқушылар бірін-бірі өзара оқытуға, бірін-бірі бағалауға, пікір алмасуға, т.б. үйренеді);
- оқыту барысында «не білемін? не білгім келеді? нені үйрендім?» түріндегі кері байланысты жүзеге асыру.

Басты назар білім мен сол білімді қолдану процесіне аударылады. Оқушылардың білім алу барысындағы табыстылығы мен алдағы қадамдарын анықтау үшін оқытудың нақты мақсаттары мен табыс критерийлерін алдын ала белгілеу керек.

Бүгінгі таңда міндетті білім беру, ресурс болып табылатын оқулықтарды пайдалану, ақпараттардың көбеюі мұғалімнің білім берудегі жетекші рөлін жойды. Енді білім негіздерін өз бетінше оқып үйренуге білім алушыны баулу

міндеті тұр. Өзінің білім алушысын өздігінше білім алуға үйретпеген мұғалім белгілі бір нәтижеге қол жеткізе алмайды. Шәкіртінің толыққанды дамуына осы тұрғыда тек мұғалім ғана көмектесе алады. Сол себепті білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші өз ісінде қатып қалған қасаңдық пен жаттандылықтан аулақ, практикалық қызметте педагогикалық диагностика қоя білетін іскер мұғалім қажет.

Бұрын мұғалімдер өз пәнін жақсы білсе, аздаған педагогикалық әдіс-тәсілдерді меңгерсе, білім алушыны өз еркіне бағындырса, өте керемет ұстаз деген пікір қалатын. Қазіргі таңда қоғам мен техниканың қарыштап дамуына байланысты адамның да сана сезімі өзгерді. «Жаңа оқушылар» деген феномен пайда болды. Олардың мақсаттары да, құндылықтары да, табынатын идеялары бұрынғыдан әлдеқайда өзгерген. Қазіргі білім алушылар – өзінің болашағына тиімділік тұрғысынан қарайтын, іскерлікке бейім, романтик қиялшы емес, көп нәрсеге сене бермейтін жандар. Сондықтан баланы өзінен төмен көретін, көп ақыл айтатын, істен гөрі құрғақ сөзге бейім мұғалімдерді олардың жан-дүниесі қабылдамайды.

Қазіргі білім алушыларға:

– кәсіби шеберлігімен;

– креативті ойлау қабілетімен;

– қатысымдық құзыреттілігімен;

– ақпараттық мәдениетімен;

– жаңашылдық іс-әрекетімен;

– педагогикалық технологияларды шебер меңгеруімен;

– оқытуда ең басты нәрсеге назар аудара білу қабілеттілігімен;

– материалды мазмұндау стилімен;

– оқушылардың өзіндік жұмыс жасау дағдыларын дамыта білуімен ерекшеленетін жаңашыл мұғалім қажет [5].

Осыған сәйкес жаңа ғасыр қазақ тілі пәнінің мұғалімдеріне жаңа, жоғары дәрежедегі талаптар қояды. Әр мұғалімнің педагогикалық ойлау қабілеті ғылыми түрде қалыптасуы тиіс. Мұғалім жеке көзқарасы бар және оны қорғай білетін жігерлі тұлға әрі маман болуы қажет. Зерттеушілік, ойшылдық қасиеті бар ұстаз еш уақытта жалтақ болмайды. Өз ісін жетік білетін, оны табанды жүргізетін мұғалім ғана нақтылы нәтижеге қол жеткізе алады. Ондай адам жұмыс істеген әр күніне есеп беріп отырады. Мұғалім педагогтік, психологиялық білімін жетілдіріп үйренумен қатар, сол білімін күнделікті ісінде шебер пайдалана білетін болуы керек.

Ұстаз ұйымдастырушылық, құрылымдық, бейімділік, сарапшылық қабілеттермен қатар өз бойындағы педагогикалық жағдаяттарды, дәйектерді, құбылыстарды талдай білуі және солардың пайда болуының себеп-салдарын анықтай түсуге бейім болуы шарт. Соның негізінде күрделі жағдайларда шешім таба алатын дәрежеге жете алатындай болуы керек. Оның адамгершілік, саяси-идеялық ұстанымы жұмысында көрініс тауып, ол ұстанымды бала тәрбиесіне негіз етіп алуы шарт. Оқушы ықпал ету нысанасы емес, ынтымақтаса қызмет

ететін тұлғаға айналуы қажет. Демек, бұлардың бәрі мұғалімдерге бұрынғыдан да зор жауапкершілікті, заман ағымына бейімділікті талап етеді.

Қазақ тілін оқытуда жоғары нәтижеге жету жолында мұғалімге лингвистикалық теориялық біліммен қатар, педагогика, психология, физиология, әлеуметтану ілімдерін жетік меңгеру, интерактивті оқыту әдістерін қоладна білу, оқытудың тұлғалық, коммуникативтік, ақпараттық бағытылығы ұстанымын жүзеге асыру міндеттері жүктеледі.

Білім алушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру және оның нәтижелерін бақылауды жүзеге асыру үшін педагог әртүрлі әдістер мен құралдарды пайдаланады. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқу процесі оқушылардың өздерінің белсенді қызметімен сипатталатынын атап өткен маңызды. Бұл жағдайда мұғалім білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерінің ұйымдастырушысы ретінде болады.

Білім алудың төрт жолы:

– білімді игеру;

– өз бетімен іздену,

– болмысқа әсер ету;

– машық-дағдыларын қалыптастыру.

Білім алушының адамға және адами құндылықтарға деген ізілікті қатынастарын қалыптастыру, олардың ішінде сапалық пен тиімділік беретін қырларын танып іріктеу үшін мұғалімге үлкен шеберлік қажет. Қазақ тілін оқытуда мұғалімнің негізгі міндеті – жалпы қабылданған аксиологиялық жүйелер негізінде оқушы тұлғасының құндылық бағдарын қалыптастыру.

Тұлғаның құндылық бағдары төмендегідей кезеңдер арқылы қалыптасады:

- оқушыға рухани құндылық бағдарларын ұсыну;

- тұлғаның рухани құндылық бағдарларын ішкі қабылдауы;

- іс-әрекет пен тәлім-тәртіп, мінез-құлықтарында рухани құндылықтың көрініс табуы;

- тұлғаның рухани құндылықты бағдарларды бекіту және оны өзінің жеке тұлғалық қасиеттеріне айналдыруы;

- тұлға қасиеттерінде рухани құндылықты бағдарлардың үнемі іс-әрекетте қайталануы.

Құндылық бағдар – өте күрделі құрылым. Адамның құндылықтарды айыра білуі өз қажеттілігін қанағаттандыру арқылы іске асады. Мұғалім осы жағдайды ескере отыра, оқушыны рухани мәдениетке баулу арқылы оның құндылық бағдарын қалыптастырады.

Қазақ тілі маманы психолог болу шарт. Психолог – қолданбалы психологиялық кәсіптік міндеттердің кең аясын шеше алатын, балалармен жұмыс істеуге маманданған, олардың жеке дамуын жоғары тұлғалық деңгейде көтеру мақсатында қазақ тілін меңгеру мақсаттарын жүзеге асыруға көмектесетін маман. Қоғамда, өмірде, өз ортасында лайықты орнына алуға, өз оқу-танымдық әрекетінің жемісін көруге тырысатын оқушыға қазақ тілін жоғары жәрежеде меңгеру үшін көмектесе білу қажет. Бұл жағдайда психолог

оқушының өзін-өзі қайта құруға қажеттілік туғызатын жанама басқару стратегиясын пайдалануы керек.

Психофизиологиялық, әлеуметтік, субъектілік түрлі шарттардың әсерінен ересек шақта білім алу әрекетінде қиындық сезініп жүрген оқушыларға қолайлы қатысымдық ахуал тудыру – оқытушы-психолотың басты міндеті.

Бүгінде толыққанды дамуына кепілдік алып отырған қазақ тілін абыроймен оқытып – үйрету, оның қоғамдық беделін көтеру – қазақ тілі мұғалімнің қасиетті борышы, міндеті. Қазақ тілін оқыту жүйесінде мұғалімнің белсенділігі оқушыға қажетті ақпартты тиімді тәсілдермен жеткізуге, оқу уәждемесі мен сөйлеу әркеті белсенділігін арттыруға, шығармашыл тілдік тұлғаны қалыптастыруға бағытталады.

Қазақ тілі сабағында мұғалімнің атқаратын қоғамдық қызметі – оқушыға қоғам міндеттеп отырған талаптарға жауап беретіндей белсенді оқу әрекетін қалыптастырып, қатысымдық уәждемелерін, танымдық қажеттіліктерін, қызығушылықтарын арттыру.

Қазақ тілін оқыту сабақтарында қалыптасып келе жатқан тілдік тұлғаның өзін-өзі бағалай білуіне және ұжымда өзін ұстай білуіне үйрету үшін мұғалім оларға үнемі  көмек көрсетуі тиіс. Әрбір жеке оқушының және ұжымның табысқа жетуі үшін мадақтау мен ескертулерді дер кезінде көрегендікпен айта білу, әр оқушының табысқа жете алатынына сенімділік тудыруда мұғалімнің рөлі зор. Сондықтан сабақта тілдік қатынас жоғары дәрежеде ұйымдастырылуы үшін оны басқара білуі қажет. Сондай-ақ өз пәні бойынша таным тәсілдерін игеруі және оларды қолдану білігі, сонымен қатар бір пәндегі таным тәсілдерін екінші саладағы таным тәсілдерімен үйлестіре білу қабілеті де қажет.

Құндылықтар жүйесі қалыптасқан, көзқарасы тұрақталған, әлемді тану қабілеті жоғары және таныту тәсілдерін әдіснамалық және әдістемелік деңгейде игерген мұғалім ғана танымдық мәдениет иесі болмақ. Сондай толыққанды дәрежеде абыроймен оқытып-үйретіп, қазақ тілі мұғалімінің қасиетті борышын ақтай алады. Себебі мұғалім тілді үйрету арқылы сол тілді қолданушы халықтың ғасырлар бойы жасап келе жатқан мәдениеті мен тарихын, салт – дәстүрін таныту –міндет.

Жалпы адамзаттық құндылықтарды өскелең ұрпақтың ақыл-парасатына азық ете білу үшін әрбір тәрбиеші – ұстаз халық педагогикасын, сан ғасырларда қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жан-жақты, терең біліп, тебірене  іс-қимыл жасауға, өркениетті өмірмен байланыстырып, тәлім-тәрбиеге пайдалана білуге халық алдында борышты.

Қазіргі кезде дүниежүзінде ғаламдану үрдісі жүріп жатқандықтан, ақпараттар ағымы көбейді. Білім беру саласында білім алушылар үшін білім де, дағдылар да тең дәрежеде маңызды деген ортақ ұстаным қалыптасуда. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі білім алушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады. Сондықтан мұғалім қай пәннен сабақ бермесін, ол білім алушыларды өмірдің әр саласына қатысты кез келген сұрағына жауап бере алатындай деңгейге жеткізуі тиіс. Яғни, мұғалім бүгінгі күн талабына сай

жан-жақты дамыған, өмірге реалистік тұрғыдан қарайтын, жан дүниесі сұлу, рухани бай, сезімтал, терең біліммен қаруланған білім алушы тұлғасын сомдауы қажет. Ал ондай мақсатқа жету үшін қажырлы еңбек етумен қатар, ұстаздың қолында үш қаруы болуы керек. Ең бастысы – шәкірттеріне деген шынайы сүйіспеншілігі мен терең ғылыми білімі, екіншісі – сол білімін оқушы бойына, санасына жеткізетін, дарытатын әдіс-тәсіл. Осылардың басын біріктіре білген ұстаз жаңа технологияның тиімдісін, ең көрнектісін таңдап, қолданады.

Мектеп оқушыларына білім мен дағды беруде қазақ тілінен өтілетін сабақтардың мәні орасан. Өйткені сабақ оқу ісін ұйымдастырудың негізгі түрі болып табылады. Мұғалімнің жүргізетін жұмыстары сабақ арқылы іске асады. Сабақ беруде мұғалім мынадай мақсат қояды: оқушыларға білім негіздерін түсіндіру, сол білімді бекітіп, талдап есінде қалдыру, алған білімін тексеріп отыру және өздігінен толықтырған білімдерін күнделікті өмір қажетіне пайдалана білу.

Мұғалім оқушылардың барлығына қазақ тілі материалдарын толық меңгертуі, қажетті білік, дағдыларды игертуі, сабақтың дамытушы және тәрбиелік қызметін іске асырады. Ол үшін мұғалім материалды баяндау процесінде уақытты үнемді жұмсап, оқушылардың толық түсініп қабылдауына жағдай жасайды. Сонымен бірге мұғалім оқушының білімге деген ықыласы мен қызығушылығын, оқу-танымдық уәждемесін арттырып отыруы тиіс. Оқушылардың белсенділігін арттыруда олардың өз бетінше орындалатын жұмыстарын ұйымдастырып, іздеу, зерттеу іскерлігін дамытып отырған тиімді.

Сабақтың білім мен дағды қалыптастыру ерекшелігіне қарай, оларды жіктеудің өлшемдеріне мыналарды жатқызуға болады:

а) Сабақта оқушыларға қазақ тілінен теориялық білім негіздері меңгертіледі. Оған өтілетін тақырыптың термині, тілдік материалдың өзіндік белгілері, жасалу жолдары, анықтамалары мен ережелері кіреді. Сөйтіп оқушыларға білім көлемі мен білім жүйесі меңгертіледі.

ә) Оқушыларға қазақ тілінен іс жүзінде дағды қалыптастырылады, берілетін білім көлеміне лайықты дағды түрлері жаттықтырылады [6].

Елімізде қазақ тілін оқыту міндеті өзінің көптеген шешімдерін күтеді. Білімнің, оқытудың жаңа салалары мен бағыттары күн санап көптеп пайда болуда. Мұғалім шеберлігі мен оқушылардың білім алу тиімділігінің тек жоғары сапаны қажет етуі – заман талабы. Оқытудың инновациялық технологияларын іске асыру – мұғалімнің саналы және мақсатты түрдегі басқаруы. Бұл үдерістің ұтымды өту шарттары мұғалімнің белсенділігін және шығармашылық рөлін жоғарлату, оның тұлғалық, кәсіби мүмкіндіктерін жаппай жұмылдыру және ұтымды түрде іске асыру, оқушыларды ұжым ішінде және ұжым арқылы оқыту мен тәрбиелеу болып табылады.

«Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндерінің ішкі табиғи ерекшеліктеріне байланысты сараланып келсе де, екеуі де рухани білімге жататындықтан бір бағыттағы цифрлық контенттерді пайдалана береді. Қазақ тілінен қарағанда әдебиеттің өнер пәні болуы және басқа өнер түрлерімен тығыз байланыста

болуы маңызды. Сондықтан әдебиет пәніне қатысты контенттерге жалпы өнерге байланысты интернет ресурстарын молырақ пайдалануға болады. Оған қарап тілді оқытуда шектелу керек екен деген сөз тумауы керек. Қайта оқушыға берілген материалды игеру кезінде цифрлы контенттер пайдасын тигізері анық. Дегенмен оқушының жас ерекшелігі мен білім деңгейіне байланысты интернет ресурстарды пайдалану мөлшері болатынын да ұмытпау керек.

Цифрлық білім беру мазмұнының мақсаты – барлығына бірдей қолжетімді білім беру процесінің қатысушылары жаппай сапалы білім беруге бағытталған білім беру ресурстарымен және технологияларымен қамтамасыз ету.

Қазіргі заманғы мектепте оқу және болашақ кәсіби қызметтің субъектісі ретінде белсенді, шығармашылық тұлғаны қалыптастыру, дамыту, жетілдіру және іске асыру білім беру процесінің негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Оқушылар оған бәсекеге қабілетті, қойылған міндеттерді шешуде тәуелсіз болуға, ақпарат ағынында бағдарлай білуге мүмкіндік беретін қасиеттерге ие болуы керек және мұғалімдер қазіргі қоғамның даму перспективаларын бағдарлай алатын, өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі тәрбиелеуге және өз даралығы мен шығармашылық әлеуетін дамытуға жағдай жасауға қабілетті білім алушыларды тәрбиелеу міндетіне ие.

Барлық ұстаздарды бір мақсат біріктіреді. Ол – оқу үдерісінің тиімділігі мен оқушылардың оқу жетістіктерін арттыру. Бүгінгі таңда бұған тиімді стратегияларды, құралдарды және білім беру технологияларын қолдана отырып, оқыту сапасын жақсартатын заманауи тәсілдер мен әдістерді қолдану арқылы қол жеткізуге болады. Оқытуда инновациялық тәсілдерін қолдану – «дайын білімді беру» тұжырымдамасынан «білім беру - қалыптасу» тұжырымдамасына көшуді іске асыру.

Үздіксіз білім беру жүйесіндегі заманауи тәсілдер оқушыларға белгілі бір өмірлік жағдайларға, өндірістің жаңа қажеттіліктеріне, қоғамның ақпараттық және коммуникативтік қажеттіліктеріне, олардың тұтынушыларының белгілі бір топтарына жаңа білімді өз бетінше табуға, зерттеуге, талдауға және қосуға үйрету керек.

Жеке тұлғаға бағытталған үздіксіз білім беру адамның білім беру қажеттіліктерін үнемі қанағаттандыруды, әртүрлі білім деңгейін таңдауға және игеруге мүмкіндік беретін жеке білім беру бағдарламасын жобалау мен жүзеге асыруға жағдай жасауды қамтиды.

Тұлғаға бағытталған тәрбие – жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жеке қасиеттердің дамуы мен өзін-өзі дамытуы. Цифрлық білім беру дегенде қоғамның болашақ азаматын өмірге икемдеп қалыптастыру маңызды. Оқу процесінде, бірінші кезекте, маманның, содан кейін кәсіби тұлғаның қалыптасуына бағытталуының жаңа парадигмасы жағдайында жетекші технологиялар мұғалімдердің ойлауының жаңа түрін қалыптастыруға және сәйкесінше, технологиялық типтегі оқу процесін ұйымдастырудың жан-жақты дағдыларын игеруге бағытталған жеке тұлғаға бағытталған оқыту стратегиялары болып табылады. Жаңа технологиялар педагог пен білім

алушылардың өзара іс-қимылына оңтайлы бейімделген психологиялық-педагогикалық жағдайларды іс жүзінде іске асыруға бағытталған.

Интерактивті білім беруде қазақ тілі мен әдебиеті бойынша ұстазға қажетті бағдарламалардың бірі - ISpring бағдарламасы. Бұл бағдарлама-Электронды оқытуды ұйымдастыруға арналған кәсіби құралдардың жетекші әзірлеушісі. ISpring QuizMaker көмегімен пән бойынша сапалы тесттер мен сауалнамалар жасалады. Бұл бағдарлама – білімді игеру сапасын жедел тексеру және қателерді дереу түзету, олқылықтарды толықтыру мүмкіндігі. Сұрақтар мен жауаптарда графиканы, формулаларды, мультимедианы, Flash-анимацияны пайдалануға болады. Бағдарлама ұстаз еңбегін тартымды етіп қана қоймай, білім алушыларға ұсынылған тапсырмаларды қабылдауын жақсартады.

Бүгінгі таңда видеолекцияларды, үйретуші бейнематериалдар мен бейне-презентацияларды жасау аса өзекті болып отыр. Сондай-ақ мұғалімнің сыныптық және сыныптан тыс жүктемесінің ұлғаю үрдісі байқалады. Бұл мәселені шешудің логикалық әдістерінің бірі – заманауи ақпараттық технологияларды енгізуге негізделген білім беру қызметін оңтайландыру. Ұсынылған тәсіл жұмыс барысында электронды реферат құруға негізделген. Пайдаланылған CamStudio бағдарламалық құралы экранда көрсетілген және дыбыс қатарымен толықтырылған ақпаратты түзетуге мүмкіндік береді. Яғни, бейнежазба объектісі мұғалім емес, оның әрекеттері, интерактивті тақтада және/немесе мониторда көрсетілген зерттеу объектілерімен манипуляциялар (осы мысалда - графиктер) және тиісті түсініктемелер. Басқаша айтқанда, оқытушының барлық әрекеттері CamStudio бағдарламасын қолдана отырып, бейнеге жазылады.

Біздің алдымызда тынымсыз кәсіби өсу мен жетілу тұр. Case-study әдісі-бұл білімді игеруге ғана емес, тыңдаушыларда жаңа қасиеттер мен біліктерді қалыптастыруға бағытталған нақты немесе ойдан шығарылған жағдайлар негізінде оқушыларды қысқа мерзімді оқытуға арналған интерактивті технология.

Ақпараттық және компьютерлік технологиялардың дамуы білімді тарату мен сақтаудың жаңа форматтарын талап етеді. Оқу-тәрбие үрдісінде мультимедиалық технологияларды пайдалану – білім берудегі ең өзекті мәселелердің бірі. Ақпаратты берудің заманауи технологиялары біздің алдымызда білім беру саласында мүлдем жаңа мүмкіндіктер ашатындығына байланысты мәселенің өзектілігі артып келеді. Қолданыстағы компьютерлік бағдарламалар білім алушының шығармашылық әлеуетін дамытуға үлкен мүмкіндіктер береді.

## 2 «ҚАЗАҚ ТІЛІ» БОЙЫНША ЦИФРЛЫҚ КОНТЕНТТЕР

Қазақ тілі сабағын оқытудың жаңа компьютерлік жүйесі шартты белгілерден тұрады. Бұл арқылы оқушы нақтылыққа дағдыланады. Соның негізіне оқытудың мынадай ұтымды жақтарын атап көрсетуге болады. Олар мыналар:

-оқушылардың ойлану дәрежесіне, материалды қабылдау ерекшелігіне байланысты әрбір оқушы үшін жеке-жеке компьютерде бағдарлама құрып, оқушылармен дербес жұмыс жасауға болады;

-компьютер арқылы нашар еститін, сөйлеу қабілеті дамымаған, кемшіліктері бар балаларды оқытудың тиімділігі артады;

-компьютерді сабақта пайдалану уақытты үнемдейді;

-оқушының сабаққа деген қызығуын арттырады. Нашар еститін, сөйлеу қабілеті дамымаған, кемшіліктері бар балаларды компьютер арылы оқытуда «Үйретуші бағдарлама» еститін балаларға қарағанда жеңіл жолмен құруды талап етеді.

Есту мүмкіндігі шектелген балаларға сабақ айту, жазу, оқу, көру арқылы түсіндіріледі.

Компьютермен жұмыс жасау барысында тапсырмалар төмендегідей бірнеше бөлімдерден болуы мүмкін.

1. Мәтіннің тақырыбын ашу.
2. Мәтін мазмұнын түсіну.
3.Қызықты оқиғалар бойынша суреттер салу.
4.Мәтін мазмұнында кездесетін қанатты сөздерді жазу.
5.Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою.
6.Мәтіннің әрбір бөліміне тақырып қою.
7.Ұнаған тақырыбына қысқаша өз ойын жазу

***Компьютерлік технологияны пайдалану тәсілдері***

Қазіргі заманғы ғылым мен техниканың даму кезеңі оқу-ағарту саласында техникалық жаңа әдістерді кең көлемде қолдануды қажет етеді. Күнделікті сабақта компьютерді пайдалану заман талабы. XXI ғасырда қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр. Олар:

- білім сапасын көтеру;
-компьютерлендіру;
- интернет;
- компьютерлік желі;
- электрондық телекоммуникация;
- электрондық оқулықтар даярлау.

Бұлардың оқушылардың қазіргі заман талабына сай білім алуына, танымдық белсенділігін арттыруға әсері мол.

Жаңа ақпараттық технологияны адамзат қызметінің барлық саласына енгізу ақпараттық қоғамның басты көрінісі болып отыр. Компьютерлік

технологияны үздіксіз білім беру жүйесінде пайдалану оқытудың педагогикалық технологиясы, оқытудың ақпараттық технологиясы, оқытудың компьютерлік технологиясының туындауына себеп болады. Осы аталған ұғымдарға тоқтала отырып, бүгінгі білім саласында қандай дәрежеде жүзеге асып, практикада қолданыс тауып отыр деген мәселелерді зерделеу керекпіз.

Оқытудың компьютерлік технологиясы деп оқушының өз бетімен танымдық іс-әрекетін дамытуға, оқыту мен оқуды басқаруға, сондай-ақ, психологиялық, педагогикалық бағдарламалық-техникалық және ұйымдастыру құралдарының кешенін айтады.

Кез-келген педагогикалық технология – ақпараттық технология болып табылады. Оқу тәрбие үрдісінде білім беруді ақпараттандыру үшін жаңа ақпараттық технологияға көшу қажет. Білім берудегі жаңа ақпараттық технология деп оқу мен оқу-тәрбие материалдарының, үйретуге арналған техника, мұғалім мен оқушының еңбегін жетілдіруде оларды пайдаланудың түрі мен әдістері туралы ғылыми білімнің жүйесін айтады.

Компьютерлік технологияны оқу тәрбие үрдісінде пайдалану оқушының белсенділігін арттырудың педагогикалық мүмкіндіктері Ж.А.Қараевтың еңбегінде көрсетілген. Алайда, интернет желісі сияқты жаңа телекоммуникациялық жүйелердің пайда болуына байланысты компьютерлік технологияның педагогикалық мүмкіндіктері өзгерді. Демек, оқыту үрдісінде компьютерді қолдану білім мен біліктілікке қойылатын талаптарды қайта қарап, жетілдіріп жүйелеуді талап етеді. Білім беруде компьютерлік технологияны пайдалану оқыту үрдісін толық өзгертуге, оқытудың жеке тұлғаға бағытталған моделін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазіргі оқыту құралдары (компьютер, телекоммуникациялық білім құралдары, қажетті интерактивті бағдарламалық және әдістемелік жабдықтар) әртүрлі оқыту формаларын жетілдіруге мүмкіншілік береді, оған қоса оқушының өзіндік жұмыстарын орындататын әдістемелік құралдар ретінде атқаратын жұмыстың маңызы өте зор.

Білім беруді ақпараттандыру кезінде түрлі бағдарламаларды, жүйелер мен платформаларды кең қолдану кезінде оқытудың оқыту мен әдіс-тәсілдері, сондай-ақ білім беру үрдістерінің мазмұны да маңызды өзгерістерге ұшырайды. Компьютерлік технологияны қолдану жаһандану кезеңіндегі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Мұндай цифрлы контенттерді қолданып оқыту мектеп алдында тұрған жаңа мәселелерді жүзеге асыруға бағытталған оқыту тиімділігін арттыруға, оны жүзеге асыру мен оңтайландыруға тікелей әсерін тигізеді. Оқытудың мұндай жүйесінің артықшылықтары:

- оқушының өзіндік жұмысын арттыру;
- ақпартаттық түрлі көздермен жұмыс істеу біліктілігін қалыптастыру;
-ақпаратты беру, өңдеу, сақтаудың қазіргі заманғы әдіс-тәсілдеріне оқушыларды үйрету;
-олардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілетін дамыту;

- өмірге икемдеуге себеп болатын әлеуметтік қызмет дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.

Ғалымдардың айтуынша оқыту үрдісіне компьютерді енгізу оқушының оқу танымдық белсенділігіне басшылық жасауда, оны интенсивтендіруде жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізеді.

Оқыту әдісі кезінде компьютерлік технологияның мүмкіндіктерін қолданудың дұрыс бағытының бірі- компьютерлік модельдеу, имитация және виртуальды стенд. Бұл бағыт оқушыларға нақты құбылыстар мен обьектілерді өз командасына берген бағасын көре алады. Бұл тұрғыда алғанда шешімнің дұрыстығын ғана емес, сондай-ақ ұстанған бағыттың күшті және әлсіз жақтарын, жіберілген қателерді де оқушыға көрсетіп отыратын интеллектуалды танымдық жүйелер де қолданылады.

Адамның компьютер көмегімен атқаратын оқу іс-әрекеті өте күрделі және алуан түрлі. Оларды төменде атай отырып, біз бұл іс-әрекеттің негізінде оқушыларда шығармашылық ойлау пайда болатынына көз жеткіземіз:

*Компьютерлік технологияның түрлері*

Көрнекі құралдардың қазіргі заман талабына сай түрлерінен саналатын ***мультимедиялық энциклопедия, қашықтықтан оқыту, электрондық оқулықтар*** мен түрлі дыбыстық таспа материалдары, түрлі платформалар бүгінгі таңда оқушының қай пәнді болмасын тез әрі терең шығармашылықпен игеруіне мейлінше қолайлы жағдай тудырып отыр.

***«Электрондық оқыту»*** термині білім беруде ақпараттық және коммуникациялық технологияны қолдану аумағында бірқатар терминологиялық ұғымдарды жалпылау болып табылады.

Электрондық оқыту бейне, аудио, мультимедиа технологиясы мен олардың әртүрлі комбинацияларын енгізуге байланысты болып отыр.

Электрондық оқытуды жасау мен енгізу үшін оқытуды басқару, ақпаратты алмастыру және контент–оқу порталын басқару жүйелерінен тұратын ақпараттық жүйені жобалау қажет.

Электрондық оқытудың технологиялық құралдарын былайша топтастыруға болады:

1. Ақпараттық құралдар, мультимедиалық бағдарламалар және интернет.
2. Электрондық оқытуды әзірлеудің бағдарламалық құралдары.
3. Оқу үрдісін басқарудың ақпараттық жүйесі.

Электрондық оқытудың негізгі мәселесі ақпараттық–коммуникациялық технология негізінде ақпараттық білім беру ортасын құру және оны тиімді пайдалану болып табылады.

Оқытудың кез-келген технологиясы өзгерістерге сай білім алушылардың жалпы өмір практикасының талаптарына орай ыңғайланып отырады. Мәселен, 70-ші жылдары ақпараттың қағаз (кітаптар) және пленка (диапозитивтер, киноматериалдар) сияқты тасымалдаушыларына негізделген ақпараттық технологиялар ұғымы пайда болса, кейінгі жылдары ақпараттық технологиялар дамуында компьютерлер, аудио-бейнетехника және коммуникация жүйелерінің әртүрлі электрондық құралдары ерекше орын алды. «Оқытудың жаңа

ақпараттық технологиялары» ұғымы дәл осы құралдарға байланысты анықталды.

Қазақстанда қашықтықтан оқыту Республикалық ғылыми-әдістемелік білімді ақпараттандыру орталығы (РБАО) жасаған электрондық оқулықтарды және оқу бейнефильмдерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі ақпараттық технологиялардың даму кезеңінде электрондық оқулықтардың ерекшелігі- үлгіге сәйкестілігі мен жоғары мобильділігі, оқуға, үйренуге икемділігінде болып табылады. Электрондық оқулықтар оқу және зерттеу материалдарын толықтыратын, қосымша қолдануға толық жарайтын қажетті құрал болып есептеледі. Электрондық оқулықтарды мына мақсаттарға пайдалануға болады:

1. электрондық анықтама ретінде;
2. электрондық есеп ретінде;
3. иллюстративтік материал ретінде;
4. оқулық ретінде.

Оқулықтар мемлекеттік оқу бағдарламасына сәйкес жасалады. Оған әрбір пәннің мамандары, көрнекті саланың ғалымдар мен педагог-дидакттар, әдіскерлер, программист-дизайнерлер, операторлар қатысады.

Электрондық оқулықтармен жұмыс негізгі үш деңгейде атқарылады:

- оқу
- оқыту
- бақылау және тексеру.

Электрондық оқулықтарды біз оқу үрдісін автоматтандыру тұрғысынан алып қарап, оның мынадай құрамдарын көрсеттік: ырғақты-мақсатты (модульдер арқылы жүзеге асырылады), мазмұнды (гипермәтін), жедел-қызметті (интерактивтік тапсырмалар), бағалы-қорытынды-нәтижелер (тесттер).

Электрондық оқулықтар білім алушылардың өз бетінше жұмысын және олардың жоғары танымдық белсенділігін арттырады, олардың терең де тиянақты білім алу сапаларын көтереді. Сонымен бірге барлық оқу процесінің-алға қойған мақсатынан бастап, қол жеткен нәтижесіне дейінгі аралықты қамтиды, үлкен ақпараттық білім кеңістігіне жол көрсетеді. Ақпараттық білім беру – танымдық ойлау мен ақпараттық өзіндік анықтамалар, білімді автоматты түрде бағалаудың тестілік әдістерін даярлап береді.

Электрондық оқулықтар толық курстың жеке бөлігін құрайтын, белгілі ақпарттық жүйелі қызмет атқаратын білім жиынтығы– модульден тұрады, ол білім алушының толық, жүйелі түрде білім алуын қалыптастырады.

Ақпараттық технологияны қолдануға негізделген дидактикалық әдіс-тәсілдердің бірі – электронды оқулықпен жұмыс. Электронды оқулықпен жеке жұмыс істеуде білім алушының белгілі бір тақырыпты бірнеше қайталап оқуына, тыңдауына, сөздің түсіндірмесін анықтама бөлімінен қарауына, оның грамматикалық жасалу жолдарын білуіне болады. Сонымен қатар электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Әрбір оқушы

таңдаған тақырып бойынша тапсырмалар мен тарау бойынша тест жұмыстарын орындап, тәжірибелік тапсырмалармен жұмыс жасауға дағдыланады.

«Қазақ тілі» атты электронды оқу құралына тоқталып өтсек, электронды оқулық 18 сабақты қамтиды: «Танысу», «Студент», «Аралық бақылау», «Менің бір күнім», «Университетте», «Өзім туралы әңгіме», «Менің отбасым», «Елімнің болашағы жастардың қолында», «Менің ғылыми жұмысым», «Университет кітапханасында», «Әмбебап оқу залында», «Мерзімді басылымдар оқу залында», «Театрда», «Кинотеатрда», «Кітап дүкенінде», «Емханада», «Асханада», «Менің елім – Қазақстан».

Электрондық оқулық негізінен үш бөліктен тұрады: презентациялық бөлім, негізгі ақпаратты бекіту жаттығулары мен практикалық тапсырмалар, студенттің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалары.




1-сурет . ЭО мазмұнының жалпы көрінісі

Электронды оқу құралының құрылымы білім алушылардың өздігінен және қашықтан жұмыс істеуіне бағытталған.

Әр модуль оқу материалын оқытудың, бекітудің және тексерудің барлық қажетті компоненттерінен, яғни:

- Грамматикалық тапсырмалары бар лексикалық материалдан;
- Өзін-өзі тексеруге арналған мәтін бойынша тренинг-тест жүйесінен тұрады.

Оқу құралындағы мәтін, қазақша-орысша сөздік, жаттығулар, лексикалық бірліктерді тануға және қолдануға арналған ойындар, білім деңгейін тексеруге арналған тест тапсырмалары материалды нәтижелі меңгеруге ықпал етеді (2-сурет).

2-сурет. Электронды оқу құралындағы мәтін бетінің жалпы көрінісі




3-сурет. Мәтінге арналған қазақша-орысша сөздіктің жалпы көрінісі

Әр модульдің тренинг жүйесі мәтін бойынша грамматикалық жаттығуларды, ойын түріндегі тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді (4 сурет).

4-сурет.Тренинг тапсырмаларының жалпы көрінісі

Оқыту үрдісінде білім алушылардың өз бетімен орындайтын жұмысы – арнайы бөлінген уақыт ішінде педагогтің көмегінсіз орындалатын жұмыс. Білім алушы тапсырмада қойылған мәселені саналы түрде ақыл-ойы мен күш-жігерін жұмылдырып шешуі және өз жұмысының нәтижесін көрсетуі тиіс. Білім алушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарының бірі – жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі. Бұл кешенді жұмыс түрлерін орындауда педагог кеңесші қызметін атқарса, білім алушы оқу материалын қабылдауға, ұғынуға және игеруге, оны өзінің болашақ қызметінде қолдана білуге, өз бетімен жұмыс істеуге ұмтылыс жасауы керек. Өз бетімен орындалатын жаттығулардың үлгілері 5-суретте берілген.

5-сурет. Өздік жұмысқа арналған тапсырмалардың нұсқасы

Сонымен қатар электронды оқулық ойын элементтерінен тұрады. Ойын элементтері –білім алушылардың белсенділігін арттыратын, олардың логикалық ойлау қабілетін дамытатын оқыту әдісінің бір тәсілі. Жалпы, ойын түрлері білім алушылардың сөйлеуін, қарым-қатынас жасауын жетілдіруге ықпал етеді.

Сонымен, электрондық оқулықтың жетістіктері:

- білім алушының өз бетімен білім алуы;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде тауып алу мүмкіндігі;
- тез арада кері байланыс болуын қамтамасыз етуі;
- білім алушы бойында функционалды сауаттылық қалыптасады;
- гипермәтінді түсіндірмелерді бірнеше рет қарап шығу барысында уақытты үнемдеуі;
- білім алушының өздігінен білім, білік, іскерлігін тарау бойынша тексеруге, бағалауға мүмкіндігінің болуы болып табылады.

Бүгінгі таңда қоғамдық өндірістер мен ғылым саласында, білім беру жүйесінде ақпараттық технология кеңінен пайдалануда. Сондықтан оқытудың дәстүрлі әдістерімен қатар оқушыларға қазақ тілін оқыту барысында ақпараттық технологияны оқу құралы ретінде пайдалана отырып, компьютерлік үлгілеудің көмегімен білім алушының белсенділігін арттыруға болады.

Ақпараттық технология - оқыту әдісі, ақпараттық бағдарламалық жабдықтарды оқыту үрдісінде пайдалану және оның әдістемесі, оның екіншіден- ақпараттық үрдістерді компьютердің көмегімен жүзеге асыру жабдығы деп түсінеміз.

Мұнда мұғалім – білім беру іс-әрекетін басқарушы субьект, ал білім алушы- оқу іс-әрекетін басқару субьектісі рөлінде болады. Бұны озық тәжірибелі педагогтердің сабақтарынан көре аламыз. Келесі кезеңде осы айтылған цифрлық жүйе «Қазақ тілі» пәні сабағында қалай жүзеге асырылады дегенге тоқталмақпыз.

Шығармашыл педагогтердің қысқа мерзімді жоспарына енгізген платформалары арқылы сабақта білім берудің қалай жүзеге асатындығын талдаймыз.

Педагогтердің сабақ барысында қолдануға қолжетімді әрі білім алушының қызығушылығымен орындалып, жүйелі білім алуына мүмкіндік беретін платформаларға тоқталамыз.

1) ***Kahoot-***білім беру жобаларына арналған қосымша. Оның көмегімен тест, сұрау, оқу ойынын немесе білім марафонын жасауға болады. Қолданба үстел нұсқасында да, смартфондарда да жұмыс істейді. Оқушылармен тығыз қарым - қатынас орнатуға, сонымен жаңа матералды тереңдете түсу үшін Kahoot қосымшасын кең көлемде қолдануға болады.

2) ***Wordwall интерактивті тапсырма құру сервисін қолдану*** төмендегідей мақсатты көздейді:

- оқушылардың ақпаратпен жұмыс жасау іскерлігін қалыптастыру арқылы коммуникативтік қабілеттерін, ақыл-ойын, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту

- алған білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдануға үйрету.

**Болжам:**

– Егер жаңа ақпараттық технологияны қазақ тілі сабағында тиімді пайдаланса, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, танымдық белсенділігі, зерттеушілік іскерлігі, шығармашылығы артады.

3) ***Google form қосымшасы арқылы тест құру алгоритмін*** көруге болады.

7. Сұрақтарды жауаптарымен енгізіп болған соң «Save» батырмасын басу. «Title» деген жерге тест тапсырмасының тақырыбын жазып, «Continue»-ні басу арқылы сақтау.

8. Дайын болған тест тапсырмасын оқушыларға ойнату үшін «Start» батырмасын басу.

9. Ары қарай «Classic mode»-ны таңдап, «Start» батырмасын басу.

10. «Get ready to join» деген атаумен тест тапсырмасының коды шығады.

11. Оқушылар өз ұялы телефондарына «Kahoot.it» сайтына кіріп, «Game PIN» деген жерге шыққан сандарды ұялы телефонына енгізу арқылы ойынға қатысады.

## №14. Қысқа мерзімді жоспар

| | |
|---|---|
| **Бөлім:** | **2 – бөлім**<br>**Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті** |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | **Сақтар және олардың мәдениетінен не білеміз?** |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 8.1.3.1-тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау;<br>8.2.1.1-тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру; |
| Сабақтың мақсаты: | Мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ойларын тұжырымдау. |
| Бағалау критерийлері | Мәтіннен қажетті ақпаратты табады;<br>Тұтас және аралас мәтіндердегі ақпараттарды салыстырады. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/ Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы Қызығушылықты ояту | **Ұйымдастыру кезеңі: «Гүлмен тілек» әдісі** арқылы оқушылардың бір-біріне жақсы тілек айтуы арқылы жағымды ахуал қалыптастыру. | **Мақсаты:** оқушылар бойында идея немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру. | **Тиімділігі:** оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады. | Оқулық, жұмыс дәптерлері ДК экраны |
| **Жаңа** | **«Ой шақыру»** | Бейнематериалды көріп, | **Қалыптас** | https://youtu |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **сабаққа кіріспе** | әдісі арқылы жаңа сабақты ашу мақсатында бейнематериал ұсыну. | жаңа тақырыпқа болжам жасайды. Бейнематериал бойынша бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастарының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі. | **тырушы бағалау:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділік пен қатысқан оқушыны «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру. | .be/IHjTz50 rcnc |
| Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. | **Білу, түсіну деңгейі бойынша №1-тапсырма** Мәтінді түсініп оқып, тапсырмаларды орындаңдар. | **1-тапсырма**. Сақтар – қазақ тайпаларының ежелгі ата-бабалары. Оны Алматы қаласының төңірегіндегі сақтардың қоныстары, қорғандары мен мола-бейіттері айғақтайды. 1969 жылы Алматы облысының Есік қаласы маңындағы қорғандардың орнына жүргізілген археологиялық қазба жұмысы кезінде екі мола табылды. Оның біріншісі тоналған, ал екінші моладағы мүрде тұтастай бүлінбей сақталған. Антрополог-ғалымдардың анықтауынша, табылған сақ көсемінің жасы 17–18 шамасында, бойы – 1 м 65 см. Сақ көсемінің үстіндегі киімі теріден жасалып, 4 мыңға жуық алтын әшекейлермен безендірілген.<br>Бас киімі биік, шошақ төбелі, ұзындығы – 70 см. Мойнында дөңгелек жүзік сияқты алтын алқа, саусағына екі алтын жүзік таққан, қамзолы ауыр белбеумен буылған. Белбеуге қызыл қынапты ұзын семсер, қынға салынған темір қанжар ілінген. Мойнындағы алтын | ***Дескриптор:***<br>- Тапсырмадағы басты мәселені анықтайды;<br>- Мәтін түрін анықтайды;<br>- Тірек сөздермен сұрақтар құрастырады. | 8-сынып оқулығы Жұмыс дәптерлері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | алқасында жолбарыстың басы, қанатты және мүйізді жылқылар, таутеке, барыс, арқарлар мен түрлі құстар бейнеленген. Бұл тарихи ескерткіш киімінің алтын мен соншалықты бай безендірілуінен «Алтын адам» деген атқа ие болып, әлем ғылымы тарихына енді. Сақтар өзіндік қайталанбас мәдениетін, жазбасын, аңыз әңгімелері мен қолөнерін қалыптастырды. 1969–1970 жылдары Есік қорғанынан табылған күміс тостағанда руна тәріздес 26 таңба мен екі жолға жазылған жазу анықталды.<br>Бұл жазудың құндылығы – сақ тайпаларының тілі көне түркі тілі болғандығы. Сақтардың сәндік зергерлік қолөнері «аң стиліндегі өнер» деген атпен әлем тарихына белгілі болды. Әлем мәдениетіндегі жарқын мысалдардың бірі – сақ мәдениеті.<br>Мәтіндегі ең басты мәселені анықтаңдар.<br>Мәтін түрін анықтаңдар.<br>Тірек сөздерге қатысты 4 ашық сұрақ құраңдар. | | |
| | **Қолдану деңгейі бойынша (Ұ) «Миға шабуыл»**<br>**2- тапсырма.**<br>Көрсетілген бейнежазба бойынша төмендегі сұрақтарға жауап береді. | Оқушылар бейнежазбадағы мәліметтерге сүйене отырып, сұрақтарға жауап береді.<br>1.Археологиялық қазба жұмысының жемісті еңбегін қалай бағалауға болады?<br>2. «Алтын адамнан» нені байқадыңыздар?<br>3. Сақтар немен айналысқан?<br>4. Тостағандағы жазулар арқылы қандай ой түйдіңдер? | ***Дескриптор:***<br>**-** Бейнежазбадағы мәліметтерді пайдаланады;<br>-Сұрақтарға жауап береді. | https://youtu.be/IHjTz50rcnc |

<table>
<tr>
<td> </td>
<td>Талдау деңгейі бойынша №3-тапсырма<br>Берілген суретті пайдаланып, мәтінге өзгеріс енгізіп, ықшамдау.</td>
<td> 

Есік қорғанынан Алтын адам табылғаннан бері оның бірнеше рет көшірмесі жасалған болатын. Алтын адамның сүйектерін жинап, киімдерін, әшекей бұйымдарын қалпына келтіруге үш жылын сарп ет кен ғалым Кемел Ақышевтің жасаған алғашқы реконструкциясы көптеген шетелдердегі көрмелерге апарылған болатын. Ал қазір еліміздегі мұражайларға Алтын адамның Қырым Алтынбеков жасаған көшірмелері қойылған. Түпнұсқаның алғашқы көшірмесін арнайы технология мен сыртын алтынға ұқсатып алюминийден істеген.<br>Ал Қырым Алтынбектің екінші көшірмесі түсті металдан жасалып, алтын жалатылған.</td>
<td>Дескриптор:<br>-берілген суреттерді пайдаланады;<br>-өзгеріс енгізіп, ықшамдайды.</td>
<td>8-сынып оқулығы<br>Жұмыс дәптерлері<br>
</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>Жинақтау деңгейі бойынша 4-тапсырма «Мәтіндік граффити» әдісі<br>Оқылған мәтін бойынша ақпараттарды іріктейді, дұрыс нұсқасын табады.</td>
<td>3-тапсырма.
<table>
<tr><th>Атауы</th><th>Жәдігер</th><th>Табылған жылы</th><th>Табылған жері</th></tr>
<tr><td>сақ</td><td>Балбалтас</td><td>1900</td><td>Есік қаласы</td></tr>
<tr><td>Үйсін</td><td>Алтын адам</td><td>1871</td><td>Жаркент</td></tr>
<tr><td>ғұн</td><td>Күлтегін</td><td>1969</td><td>Сайрам</td></tr>
</table></td>
<td>Дескриптор:<br>-ақпараттарды іріктейді;<br>- дұрыс нұсқасын табады.</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | еске рткіші<br>**Археологтар** — **Жасы**<br>К. Ақышев — 12-13<br>А. Черкасов — 17-18<br>А. Алпысбаев — 20-22 | | |
| Сабақтың соңы Рефлексия<br> | **Бағалау деңгейі бойынша «Сұрақ-жауап»** әдісі арқылы. | Сабақтан алған әсерлері туралы бір – біріне сұрақ қояды.<br>1) Сіз сақ тайпасының қандай құндылықтарын ерекше атап өте аласыз?<br>2) Түпнұсқаның алғашқы көшірмесін қалпына келтіру үшін қандай технологиялар қолайлы деп ойлайсың?<br>3) «Алтын Адам» образынан сен не сезінесің?<br><br>Кері байланыс «Бәрімізде бір сөйлем».<br>Ойды аяқта:<br>Бүгін мен білдім.<br>Қиындық тудырды<br>Қолымнан келді. | Мұғалім оқушыларды **«Жапондық бағалау»** әдісі арқылы бағалайды. Яғни *«Дұрыс келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар». Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.* | <br> |
| Сабақты бекіту | **Кері байланыс:** Сабақты бекіту мақсатында «Quizizz» қосымшасы арқылы тест тапсырмасын ұсынады. | «Quizizz» қосымшасы арқылы тест тапсырмасын орындайды. | «Quizizz» қосымшасындағы тест тапсырмасының нәтижесімен 1-10 балл аралығында бағалау | Quizizz<br>https://quizizz.com/admin/quiz/6306fad21f9957001ef7151e?source=quiz_share |
| Үй тапсырмасы | **«Сақтар»** тақырыбына сақтардың тарихи кезеңдердегі өмір ерекшеліктері | **«Сақтар»** тақырыбына сақтардың тарихи кезеңдердегі өмір ерекшеліктері мен бүгінгі қазақ халқының мәдени тұрмысы арасындағы ерекшеліктерді | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | мен бүгінгі қазақ халқының мәдени тұрмысы арасындағы ерекшеліктерді байланыстыра отырып жаз. | байланыстыра отырып жазады. Сабақта алған білімдерін жазба жұмысында пайдаланады. | | |

https://quizizz.com/admin/quiz/6306fad21f9957001ef7151e?source=quiz_share сілтемемен өтіп, сабаққа дайын тест тапсырмасымен танысуға болады.

Quizizz - экспресс-сауалнамалар, тесттер, викториналар өткізуге арналған веб-құрал. https://quizizz.com/admin Quizizz бағдарламасын сыныпта да, үйде де пайдалануға болады.

Бұл сервисті асинхронды және синхронды формада қолдануға болады. Синхронды (онлайн) түрде қолдану үшін, сайтқа кіріп, «начать вживую» батырмасын басу керек (немесе оқушылар сайтқа кіріп, ойын кодын жазу керек). Оқушылар онлайн сабақ кезінде әркім өз қарқынымен жұмыс жасайды, тест сұрақтары индивидуалды жүйелілік бойынша келіп отырады. Мұғалім қазіргі уақытта оқушылардың алға жылжуын, жетістіктерін бақылай алады. Ал үй жұмысы ретінде викторина немесе тестті бергісі келсе , «назначить домашнее задание» батырмасын басу керек.

Quizizz сервисінің қандай артықшылықтары бар?

- «Уақыт» параметрін алып тастау мүмкіндігі бар .
- Жағымды көрініс
- Оқушыларға тіркелудің қажеті жоқ
- Дайын тесттер кітапханасының бай болуы
- Класс құруға болады
- Үй жұмысын беруге болады
- Мұғалім тест немесе викторинаны өзі жасай алады. Сонымен қатар тесттерге әртүрлі типтегі көп сұрақтар қосса болады.
- Оқушылар сұрақтарға өзінің мобильді құрылғысын немесе компьютерін қолдана отырып, жауап береді.
- Мұғалім бақылауда сынып жұмысының толық көрінісін алады және әр оқушы туралы толықтай есеп ала алады. Сондай-ақ сынып оқушыларына алынған деректерді Excel кестесіне экспорттауға мүмкіндік беріледі.
- Фишкалар, бонустар және мемдер
- Оқушылар тесттермен индивидуалды қарқында жұмыс істегендіктен, көшіріп алу оларға қиындау болады.

**Quizizz құрудың алгоритмі:**

1.Өтілген тақырып бойынша тест тапсырмасын Word қосымшасына алдын ала дайындап алу.

2.Google-ге кіріп, quizizz.com сайтына тіркеліп, логин, пароль қоямыз. Тіркелгеннен соң for teachers батырмасын басу.
3.«Create quizizz» (құру) батырмасын басып, құрастыратын тест тақырыбын жазу.
4.«Более», «Other», «следующий» батырмасын басу.
5.«Большой выбор»- ды басу арқылы келесі бетке өту.
6.«Введите ваш вопрос здесь» деген ұяшыққа тақырып бойынша сұрақты жазу.
7.Сұрақтың жауаптарын енгізіп, дұрыс жауабына қанат белгісін қою.
8.Сұрақтарды жауаптарымен енгізіп болған соң «сохранить» батырмасын басу.
9.Қосымшаның жоғарғы жағына барып, «создать вопрос» айдарындағы «новый вопрос» батырмасын басу арқылы келесі сұрақты құру.
10.Сұрақтарды жауаптарымен толық енгізіп болған соң қосымшаның оң жақ шетіндегі «сохранить» батырмасын басу арқылы сақтау.
11.Тест тапсырмасын оқушыларға ұсыну үшін «рабочий столда» құрылған тест тапсырмасының астында орналасқан «начать живую викторину» батырмасын басып, «классический» түрін таңдап, «продолжать» батырмасын басса, экранда құрылған тест тапсырмасына қатысушыларға арналған сандар жиынтығынан құралған «код» пайда болады.
12.Оқушылар өз ұялы телефондарынан «quizizz» қосымшасына кіріп, экранда көрсетілген кодты теріп жазады.
13.Қатысушылар түгел код арқылы тіркеліп болған соң, «начать» батырмасын басу арқылы тест тапсырмасы басталады.

## № 15. Қысқа мерзімді жоспар

| **Бөлім: 1** | **Көне түркі жазбалары және қазақ жазуы** |
|---|---|
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | **Тасқа жазылған дастандар. Біріккен жалқы есімдер** |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 8.1.3.1-тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау;<br>8.4.1.1-тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу. |
| Сабақтың мақсаты: | Білім алушылар тасқа жазылған дастандардың шығу тарихын біледі.<br>Тапсырмалардан біріккен жалқы есімдерді таба алады. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы Қызығушылықты ояту | **І.Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**а)** Оқушылар мен сәлемдесу, түгендеу. Психология | **Мақсаты:**<br>Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық | **Тиімділігі:**<br>Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады, көңіл күйін көтереді және бауырмалдығын оятады. | Оқулық, жұмыс дәптерлері ДК экраны |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | лық жағымды ахуал туғызу. | оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады. | Саралау: Бұл жерде саралаудың «Жіктеу» тәсілі қолданылады. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі беріледі | |
| **Жаңа сабаққа кіріспе** | **(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыс тыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптас тарының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі. | 1. Біріккен жалқы есімдер қандай тәсілдермен жасалады.<br>2. Ономастика дегеніміз не?<br>Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылардың айтылым дағдысы қалыптасады. Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады. | Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту. **Қалыптастырушы бағалау:** Өз ойын білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыны «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру. | |
| Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. | **№1-тапсырма:** Оқулықтағы жаңа сабақтың мәтінін оқып береді, берілген жаттығулар ды орындатады. | **1-тапсырма.** Кім көп біледі? Қазақтың қандай жыр дастандарын білесіңдер? Қалай ойлайсыңдар, тасқа жазылған дастандар мен батырлар жырының ұқсастықтары бар ма?<br>Мәтіннің публистикалық немесе ғылыми стиль екендігін қолданылған тілдік құралдар арқылы анықтайды.<br>Мәтіндегі жалқы есімдерге дыбыстық талдау жасайды.<br>Мәтіндегі зат есімдерді мағынасына қарай мына кесте бойынша топтап жазады.<br>Жалпы \| Жалқы \| Дара \| Күрделі \| Деректі \| Дерексіз<br>***Дескриптор:***<br>-Мәтінге байланысты тапсырмаларды орындайды. | 8-сынып оқулығы, жұмыс дәптері |
| | **№2-тапсырма:** | **2-тапсырма.** Біріккен жалқы есімдердің 3 түрлі жасалу жолына мысалдар келтіріп, | 8-сынып оқулығы, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Оқулықта берілген тапсырмалар ды орындатады, бақылайды, мысал, үлгі көрсетеді. | сөйлем құрады.<br>Кім көп табады? Сөздер тобын толықтырып жазады.<br>*Адамның аты-жөні* : Айару, ... , ... .<br>*Жер аттары* : Сарыарка, ... , ... .<br>*Өзен-көл аттары* : Алакөл, ... , ... .<br>*Қала аттары* : Жезказған, ... , ... .<br>Сөзжұмбақты шешеді.<br>  <br><br>**Дескриптор:**<br>- Тапсыраманы орындайды.<br>- Сөзжұмбақты шешеді.<br>**3-тапсырма.** «Ерек дерек» мәтінінен жалқы есімдерді табады. Күрделі жалқы есімдерден айырмашылығын түсіндіреді. | жұмыс дәптері |
| | **№3-тапсырма:** Оқулықта берілген айдарындағы тапсырмалар ды орындатады, бақылайды, мысал, үлгі көрсетеді. | **4-тапсырма.** Қазақтың мына зергерлік бұйымдарының атаулары мен жалқы есімдерді қатыстырып сөйлем құрайды.<br> <br>**5-тапсырма.** Өткен тақырыпқа саяхат жасайды. Бүгінгі аялдамамыз «Сандар әлемі болмақ» . Ал кеттік.<br>1. Қазақ тілінде неше сөз табы бар?<br>2. Септіктердің неше түрі бар?<br>3. Қазақ тілінде жалғаулар нешеге бөлінеді?<br>4. Қазақ тілінде неше әріп, неше дыбыс бар?<br>5. Үстеу мағынасына қарай неше түрге бөлінеді?<br>**Дескриптор:**<br>- Сөйлем құрайды.<br>- Сұрақтарға жауап береді. | 8-сынып оқулығы, жұмыс дәптері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақты бекіту | Сабақ мазмұны бойынша тест тапсырмасын орындайды. | Жаңа тақырып бойынша АКТ-дан көрсетілген тест тапсырмасын орындайды. | ***Дескриптор:*** -берілген сұрақтарға жауап береді; - тест тапсырмасын орындайды. | BILIM Land www.bilimland.kz |
| Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия | **«Бір ауыз сөз» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытынды лау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. ***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. ***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды. ***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытын ды»*** тәсілі көрінеді. | **Жеке жұмыс:** Оқушылар бір ауыз сөзбен сабақ туралы өз ойларын түсіндіріп береді. Бір ауыз сөздеріне сабақты бағалайтын келесі сөздерді айтуға болады: ұнады, пайдалы, қажет, білдім, үйрендім, қызықтым, ұмтылдым, есте сақтадым, жасай аламын. т.б. | Мұғалім оқушылардың сабаққа қатысқан белсенілігіне қарай 1-10 баллдық жүйе бойынша әр оқушының өзіне тиісті балын қойып бағалайды. Сонымен қатар, оқушыларды ынталандыру үшін ***«Қошеметтеу» әдісі*** арқылы бағалайды. | |
| Үй тапсырмасы | Ережелерді жаттау. Тасқа қашалған дастандарды зерттеу | | | |

www.bilimland.kz **платформасындағы тапсырмалармен қамтылды.**

BilimLand оқу материалдары - ыңғайлы уақытта, ыңғайлы орында кез келген құрылғыда қолжетімді. BilimLand – баршаға қолжетімді сапалы білім беретін электронды ресурстардың ірі кешені.

Сондықтан әр сабақты қызықты етіп ойластырып, BilimLand ресурстарын қолданып өткізуді жоспарлауға болады. Мысалы, қазақ әдебиеті пәні бойынша ақын-жазушылардың өмірі және шығармашылығымен танысқанда, сондай-ақ өлеңдері мен әртүрлі жанрда жазылған шығармаларын өткенде, видео мен аудионұсқаулықтарын тыңдатып, осы тыңдалым бойынша берілген әртүрлі тапсырмалар мен тест сұрақтарын орындатуға болады. Бұл білім алушының жаңа тақырыптарды оңай және жеңіл түсініп, тез меңгеруіне көмегін тигізеді, әрі оқушыларды жаңа заман технологиясымен жұмыс жасауға үйретеміз.

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі мол және білім беру аясын кеңейтеді. Компьютерді сабақтың түрлі кезеңінде қолдану сабақты тиімді етеді.

Мысалы, компьютер арқылы жұптастыру, топтастыру, дұрыс-бұрыс, ой қозғау, стопкадр, сұрақ-жауап, сәйкестендіру, т.б. әдіс-тәсілдерді қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра түседі.

Мысалы: қазақ әдебиеті сабағында Қадыр Мырза Әлінің «Домбыра» өлеңін өткенде, http://www.bilimland.kz/ сайтынан Қадыр Мырза Әлінің поэзиясы туралы және «Домбыра» өлеңінің аудионұсқасын (http://bilimland.kz/kk/home#lesson=16020) тыңдайды. Сол аудионұсқасы бойынша тапсырмалар орындайды.

## № 16. **Қысқа мерзімді жоспар**

| **Бөлім: 3** | **Кәсіп пен еңбек. болашақ мамандықтар** |
|---|---|
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | **1. Кәсіп пен еңбек** |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 8.1.5.1-перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау;<br>8.2.1.1-тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру. |
| Сабақтың мақсаты: | Мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ойларын тұжырымдау;<br>Тұтас және аралас мәтіндердегі ақпараттарды салыстыру. |
| Бағалау критерийлері | Мәтіннен қажетті ақпаратты табады;<br>Тұтас және аралас мәтіндердегі ақпараттарды салыстырады. |

## Сабақтың барысы:

| **Сабақ кезеңі/** | **Педагогтің** | **Оқушының іс-әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|

| Уақыты | іс-әрекеті | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы Қызығушылықты ояту. | **Психологиялық ахуал: «Гүлмен тілек»** әдісі арқылы оқушылардың бір-біріне жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастыру | Оқушылар бойында идея немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру. | Оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады. | ДК экраны |
| **Жаңа сабаққа кіріспе** | **«Ой шақыру»** әдісі арқылы жаңа сабақты ашу мақсатында **1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер. | Еңбек адамға не үшін қажет деп ойлайсың? Қандай адамды еңбекқор дейміз? Еңбек ету арқылы жетістікке жету дегенді қалай түсінесің? Қазіргі таңда өз кәсібінің жетістігін көруге қандай мүмкіндіктер бар? | **Қалыптастырушы бағалау:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру. | |
| Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. | **2-тапсырма.** Мәтінді мұғалімнің оқуында мұқият тыңда. Мұғалімнің дауыс ырғағына зер сал, интонация компоненті нің сақталуына мән бер. Төмендегі сұрақтарға жауап бер. | **Сұрақтар:**<br>1. Мәтіндегі қарамен жазылған сөздер қандай мағына береді?<br>2. Еліміздің болашағы кімдердің қолында болмақ?<br>3. Жүрек қалауымен таңдалған мамандықтың қандай пайдасы болады? | | 8-сынып оқулығы |
| | **Тілдік бағдар.** | Сөздік қор. | ***Дескриптор:***<br>- ережемен танысады;<br>- мысалдар келтіреді;<br>ҚБ: мадақ айту | ДК экраны |
| | **№4-** | Мәтін бойынша сұрақ | ***Дескриптор:*** | 8-сынып |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **тапсырма.** Мәтінді оқы. Мәтін бойынша сұрақ құрастырып, жауабыңды дәлелде. | құрастырып, жауаптарын дәлелдейді. | - сұрақ құрастырады;<br>- жауаптарын дәлелдейді;<br>ҚБ: қолпаштау | оқулығы |
| | **№6-тапсырма:** Графиктік мәтінді мұқият оқы. Деректердің маңызды тұсын анықтауда сан есімнің мағыналық түрлерін, сын есімнің шырайларын қолдан және мәтінде берілген көрсеткіштер ді салыстырып жаз. | Оқушылар үлгі бойынша тапсырмалар орындайды.<br>**Үлгі:** Қазақстанда 2009, 2011 жылдары ЖОО-ға түскен түлектер санының арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Дегенмен 2009 жылға қарағанда, 2011 жылы мектеп бітіруші түлектер 1600-ге жуық т.б. | ***Дескриптор:***<br>- сан есімнің мағыналық түрлерін, сын есімнің шырайларын қолданады;<br>- мәтінде берілген көрсеткіштерді салыстырып жазады;<br>ҚБ: бірін-бірі бағалайды; | 8-сынып оқулығы, жұмыс дәптері |
| Сабақты бекіту | Сабақты бекіту мақсатында «Google form» қосымшасы арқылы тест тапсырмасын ұсынады. | «Google form» қосымшасы арқылы тест тапсырмасын орындайды. | «Google form» қосымшасындағы тест тапсырмасының нәтижесімен 1-10 балл аралығында бағалау | |
| Сабақтың соңы | **«Бір ауыз сөз» әдісі.** Сабақты қорытынды лау мақсатында оқушылардың сабаққа рефлексиясы. | **Жеке жұмыс:** Оқушылар бір ауыз сөзбен сабақ туралы өз ойларын түсіндіріп береді | Мұғалім оқушылардың сабаққа қатысқан белсенділігіне қарай 1-10 балдық жүйе бойынша әр оқушының өзіне тиісті балын қойып бағалайды. Сонымен қатар, ***«Қошеметтеу» әдісі*** арқылы бағалайды. | <br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Үйге тапсырма: | **7-тапсырма.** «Ата кәсіп» тақырыбына диалог құрыңдар. Сұрақ қою арқылы өзара дәлелдеңдер. | Сөйлемдердегі интонацияның түрлерін ажыратып жазады. | | Алматы «Атамұра» , 2018, 35-бет. |

https://youtu.be/5BCZK8UnFtE сілтемесіне өтіп, Google form қосымшасы арқылы тест құру алгоритмін көруге болады.

Қазіргі кезде қашықтықтан білім беруде тиімді оқыту платформасы – Google формы платформасы. Бұл Google ішіндегі бір қосымшасы болып табылады. Бұл платформамен жұмыс жасау үшін Google account болу қажет. Google формы мүмкіндіктерін айтар болсақ, бұл платформа арқылы оқушылардан үйде отырып, қашықтықтан сауалнама алуға және де сізді өткен сабағыңызды қалай түсінгендігін білу үшін, Google формада тест дайындап, оқушыларға whatsapp арқылы сілтемелерін жіберуге болады. Оқушылардың орындаған тест нәтижесі мұғалімнің Google формы аккаунтына автоматты түрде түсіп отырады. Қашықтықтан оқытудың бұл платформасы жұмыс жасауға өте тиімді болып табылады.

Google формы платформасымен тапсырма құру үшін gmail.com поштамызға кіреміз. Таңдау торларын басамыз. Сол кезде бізге Гуглдың негізгі сервистері тізімі ашылады. Диск сервисін таңдаймыз, егер сіз бұрын қолданбаған болсаңыз, орнатуға рұқсат сұрайды. Ол сіздің құжаттарды өзіңіздің құрылғыда да және бұлттық кеңістікте сақтау үшін қажет. Дискіге кіргеннен кейін сол жақ жоғары бұрыштан «создать» батырмасын басамыз. Шыққан контекстік мәзірден «форма» сервисін таңдаймыз және форманы әсерлеп баптауға көшеміз.







Біріншіден, формамызқа ат береміз. Өзі бастапқыда «Новая форма» деп ашады. Форманың атын кейінде өзгертуге болады.




Сұрақтарды толтыру формасы ашылады. Сұрағымызды жазғаннан кейін, оған қандай формада жауап алғымыз келсе сол форманы таңдаймыз.




Жоғарыда көріп отырғаныңыздай бірнеше түрде жауап қабылдауға болады. Негізгілері мыналар:
Мәтін

Азат жол
Тізімнен таңдау
Тізімнен бірнеше жауап таңдау
Ашылмалы тізім
Мөлшерлеу

Сонымен қатар сурет, бейнематериал және басқа да түрлерін қолдануға болады. Егерде біздің сұрағымыз немесе сауалымыз міндетті түрде жауабы керек болса «обязательный вопрос» чек-боксын түртіп батырманы айқындаймыз.

Енді келесі сұрақты толтыру үшін + батырмасын шертеміз. Егерде сұрақтардың форматы бірдей болса көшірмесін жасап сол көшірмеге өзгерістер енгіземіз. Сұрақтарымызды толтырып болғаннан кейін нәтижені қарап алуға болады. Форманы өзіміз қарап өткеннен кейін енді ол сауалнаманы орындаушыға жібереміз «отправить» батырмасын басу арқылы электрондық поштаға жіберуге болады. Жеке адамның сауалнамасы керек болса сілтеме арқылы жіберуге болады. Топтық жұмыстану үшін. Короткий URL хабарламасының тұсына белгі қоямыз. Сонымен қатар әлеуметтік желілер арқылы хабарлама жасап бөлісуге болады.

Бұл жасаған формаңыздың нәтижесін басқа әріптесіңіз өз жұмысына қолданатын болса гугл-дискіден керек форма таңдап тышқанның оң жақ батырмасын басу арқылы контекстік мәзірден «совместный доступ» бөлігін таңдаймыз. Сілтемені әріптесіңіздің поштасына жібересіз.

Жауаптар бөлімін бассаңыз барлық жауаптардың қорытындысын көруге болады немесе әр саулнамаға жауап берушінің жауаптарын жеке қарап шығуға болады.




Жауаптардың нәтижесін сонымен қатар Google кестеге аудару арқылы exell бағдарламасына аударып алуымызға болады.

Бұл Google формалар сервисінің бір ғана түрі. Жалпы Google сервистеріне:




## № 17. **Қысқа мерзімді жоспар**

| | |
|---|---|
| **Бөлім:** | **5-бөлім. Туризм: экотуризм** |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы:11 | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | **Қазақстандағы экотуризм** |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 11.1.5.1 - коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу; 11.3.2.1 - мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау. |
| Сабақтың мақсаты: | ***Барлық оқушылар үшін:*** Білім алушылар коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлейді. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы Қызығушылықты ояту 7 мин. | **І.Ұйымдастыру кезеңі: а)** Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу. Психологиялық жағымды ахуал туғызу. | **Мақсаты:** Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады. | **Тиімділігі:** Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады, көңіл күйін көтереді және бауырмалдығын оятады. | Оқулық, жұмыс дәптерлері ДК экраны |
| **Сабаққа кіріспе** | **(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты | Үш топқа бөлініп тапсырмаларды орындаңдар. | **Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту. | **ҚБ:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастарының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларды сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.* | 1-топ. Оқылым мәтінін негізге алып, Қазақстандағы даму тарихын сызба арқылы көрсетіңдер.<br> <br><br>2-топ. Димаш Құдайбергеннің арқасында Қазақстанға лығы артқан туристерді өздерің тұратын елді мекеніг тарихи-мәдени орындармен, архитектуралық ескер таныстыратын мәтін жазыңдар.<br>3-топ. Шешенге қойылатын талаптарды сақтап, «Отан ді дамыту жолдары» тақырыбында білім-ғылымдық шешендік сөз дайындаңдар. | белсенділік пен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру. |
| Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. 26 мин. | **№2-тапсырма:** Оқылым мәтінінен бірнеше мысал алып, тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріңдер. | **Айтылым:**<br>Өз ойымен бөлісіп, ұсынысын айтады.<br>Мысалдар \| Тыныс белгілері<br>Туризмнің бұл түріне В.Зимин, Д.Литвинов, А.Бергрин, Х.Рахимов, Г.Белоглазов т.б. көп үлес қосты. \| Үтір, нүкте<br>***Дескриптор:***<br>- тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіреді. | Оқулық, жұмыс дәптері |
| Жеке жұмыс «Түртіп алу» әдісі. | **№6-тапсырма.** Қазақстандағы туристер көп баратын нысан туралы баяндама жасаңдар. | Еліміздегі табиғаты ерекше тағы қандай жерлерді білесіңдер? Парталасыңмен бірге диалог құрыңдар.<br>***Дескриптор:***<br>-Баяндама жасайды.<br>-Диалог құрады. | Оқулық, жұмыс дәптері |
| | **№7-тапсырма**: Төмендегі сөздерді пайдаланып, мәтін мазмұнына қатысты пікірталас түріндегі | **Тыңдалым-жазылым:**<br>Керекті сөздер: дамытудың мүмкіндіктері, табиғи әлеуеті, интенсивті ауылшаруашылығы, табыс көзі, тарихи-мәдени әлеуеті, экзотикалық аймақ, ұлттық парк, Бас жоспар, табиғат сұлулығы, мемлекет қаржысы, инфрақұрылымды дамыту, экожүйеге кері әсер. | Оқулық, жұмыс дәптері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | диалог құрыңдар. Диалогте қажетті сөз орамдарын қолданыңдар. | ***Дескриптор:***<br>-Қажетті сөздерді қолданып, диалог құрады. | | |
| Сабақты бекіту<br> | Сабақ мазмұны бойынша тест тапсырмасын орындайды. | Жаңа тақырып бойынша АКТ-дан көрсетілген тест тапсырмасын орындайды. | ***Дескриптор:***<br>-берілген сұрақтарға жауап береді;<br>- тест тапсырмасын орындайды. | www.bilimland.kz |
| Сабақтың соңы<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия<br>7 мин.<br> | **«Бір ауыз сөз» әдісі.**<br>Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.<br>***Мақсаты:***<br>Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:***<br>Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді. | **Жеке жұмыс:**<br>Оқушылар бір ауыз сөзбен сабақ туралы өз ойларын түсіндіріп береді. Бір ауыз сөздеріне сабақты бағалайтын келесі сөздерді айтуға болады: ұнады, пайдалы, қажет, білдім, үйрендім, қызықтым, ұмтылдым, есте сақтадым, жасай аламын. т.б. | Мұғалім оқушылардың сабаққа қатысқан белсенділігіне қарай 1-10 балдық жүйе бойынша әр оқушының өзіне тиісті балын қойып бағалайды. Сонымен қатар, оқушыларды ынталандыру үшін ***«Қошеметтеу» әдісі*** арқылы бағалайды. | |

www.bilimland.kz **платформасындағы тапсырмалармен қамтылды.**

BilimLand оқу материалдары - ыңғайлы уақытта, ыңғайлы орында кез келген құрылғыда қолжетімді. BilimLand – баршаға қолжетімді сапалы білім

беретін электронды ресурстардың ірі кешені. Сондықтан әр сабақты қызықты етіп ойластырып, BilimLand ресурстарын қолданып өткізуді жоспарлауға болады. Мысалы, қазақ әдебиеті пәні бойынша ақын-жазушылардың өмірі және шығармашылығымен танысқанда, сондай-ақ өлеңдері мен әр түрлі жанрда жазылған шығармаларын өткенде, видео мен аудионұсқаулықтарын тыңдатып, осы тыңдалым бойынша берілген әртүрлі тапсырмалар мен тест сұрақтарын орындатуға болады. Бұл тіл үйренушінің жаңа тақырыптарды оңай және жеңіл түсініп, тез меңгеруіне көмегін тигізеді, әрі оқушыларды жаңа заман технологиясымен жұмыс жасауға үйретеміз.

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі мол және білім беру аясын кеңейтеді. Компьютерді сабақтың түрлі кезеңінде қолдану сабақты тиімді етеді. Мысалы, компьютер арқылы жұптастыру, топтастыру, дұрыс-бұрыс, ой қозғау, стопкадр, сұрақ-жауап, сәйкестендіру, т.б. әдіс-тәсілдерді қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра түседі.
Мысалы: қазақ әдебиеті сабағында Қадыр Мырза Әлінің «Домбыра» өлеңін өткенде, http://www.bilimland.kz/ сайтынан Қадыр Мырза Әлінің поэзиясы туралы және «Домбыра» өлеңінің аудионұсқасын (http://bilimland.kz/kk/home#lesson=16020) тыңдайды. Сол аудионұсқасы бойынша тапсырмалар орындайды.

## №18 Қысқа мерзімді жоспар

| **Бөлім:** | **5-бөлім.Туризм: экотуризм** |
|---|---|
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы:11 | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Туризм саласы: өткені мен бүгіні |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 11.1.2.1 - мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (пікірталас) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау;<br>11.3.2.1 - мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау;<br>11.4.5.1 - мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу. |
| Сабақтың мақсаты: | Білім алушылар туризм және оның түрлері туралы мәлімет алады;Қазақстандағы туризмнің дамуы ақпартпен танысады. Ой айқындылығы мен сөз дәлдігін жазба жұмыстарында ұтымды жұмсауға дағдыланады. |
| Құндылықтарға баулу: | «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы бойынша «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығына баулу. Бұл арқылы оқушыларда шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, функционалдық сауаттылығы, қарым-қатынас жасау қабілеті мен жауапкершілігі артады. Сонымен қатар өмір бойы оқуға, еңбеу етуге, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке деген дағдысы қалыптасады. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ | Педагогтің іс- | Оқушының іс- | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|

| кезеңі/Уақыты | әрекеті | әрекеті | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы Қызығушылық ты ояту | **Ұйымдастыру кезеңі:** **(Ұ)** Оқушылардың бір-біріне жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастыру. | **Мақсаты:** оқушылар бойында идея немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру. | **Тиімділігі:** оқушыны бір-біріне тілек айтуы арқылы жақындастыра ды, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады. | Оқулық, жұмыс дәптерлері ДК экраны |
| **Жаңа сабаққа кіріспе** | **(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарына ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастары ның пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі. | «Ассоциограм ма». «Туризм» сөзіне ассоциограмма лық кесте жаса. Жазған сөздеріннің дәл осы ұғыммен байланысын түсіндір. Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларды сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады. | **Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту. | **ҚБ:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру. |
| Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. | **№2-тапсырма**: Суреттерге қара. Бұлар туризмнің қай түріне жатады деп ойлайсың? Пікіріңді дәлелде. | **Жазылым-айтылым:** Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылардың жазылым-айтылым дағдысы қалыптасады. **Дескриптор:** **-** Пікірлерін дәлелдейді; -Қай туризмнің түріне жататынын табады. | | Оқулық, жұмыс дәптерлері, құлаққап. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **№3-тапсырма.** Мәтінді оқы, жанрлық ерекшеліктерін талдандар. | **Айтылым:** Берілген тапсырманы орындайды. Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылардың оқылым, айтылым дағдысы қалыптасады. | **Дескриптор:** - Мәтінді оқып, жанрлық ерекшелік терін талдайды. | Оқулық, жұмыс дәптерлері |
| Жеке жұмыс | **№4-тапсырма.** Сызбадағы мәліметтерді өздерің білетін деректермен толықтырып, шағын мәтін жазыңдар. | **Жазылым:** **Дескриптор:** - шағын мәтін жазады; | | Оқулық, жұмыс дәптерлері |
| Сабақты бекіту | Сабақты бекіту мақсатында «Quizizz» қосымшасы арқылы тест тапсырмасын ұсынады. | «Quizizz» қосымшасы арқылы тест тапсырмасын орындайды. | «Quizizz» қосымшасын дағы тест тапсырмасының нәтижесімен 1-10 балл аралығында бағалау | Quizizz |
| Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия | **«Аяқталмаған сөйлем» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген | **Жеке жұмыс:** - бүгінгі сабақта мен....түсіндім, ...білдім, ....көзімді жеткіздім. - бүгін сабақта | Мұғалім оқушыларды **«Бас бармақ»** әдісі арқылы бағалайды. Жарайсың! Жақсы! Талпын! | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. | қуантқаны.....<br>- мен өзімді.....үшін мақтар едім.<br>- маған ерекше ұнағаны.....<br>- сабақтан соң маған.....келді<br>- бүгін маған.....сәті түсті.<br>- қызықты болғаны.....<br>- .....қиындық тудырды.<br>- менің түсінгенім.....<br>- енді мен.....аламын. | *Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.* | |

Quizizz - экспресс-сауалнамалар, тесттер, викториналар өткізуге арналған веб-құрал. https://quizizz.com/admin Quizizz бағдарламасын сыныпта да, үйде де пайдалануға болады.

Бұл сервисті асинхронды және синхронды формада қолдануға болады. Синхронды (онлайн) түрде қолдану үшін, сайтқа кіріп, «*начать вживую*» батырмасын басу керек (немесе оқушылар сайтқа кіріп, ойын кодын жазуы керек). Оқушылар онлайн сабақ кезінде әркім өз қарқынымен жұмыс жасайды, тест сұрақтары индивидуалды жүйелілік бойынша келіп отырады. Мұғалім сол уақыттағы оқушылардың жетістігін бақылай алады. Ал үй жұмысы ретінде викторина немесе тестті бергісі келсе , «назначить домашнее задание» батырмасын басу керек.

Quizizz сервисінің қандай артықшылықтары бар?

- «Уақыт» параметрін алып тастау мүмкіндігі бар .
- Жағымды көрініс
- Оқушыларға тіркелудің қажеті жоқ
- Дайын тесттер кітапханасының бай болуы
- Класс құруға болады
- Үй жұмысын беруге болады
- Мұғалім тест немесе викторинаны өзі жасай алады. Сонымен бірге тесттерге әртүрлі типтегі көп сұрақтар қосса болады.
- Оқушылар сұрақтарға өзінің мобильді құрылғысын немесе компьютерін қолдана отырып, жауап береді.

- Педагог бақылауға сынып жұмысының толық көрінісін алады және әр оқушы туралы толықтай есеп ала алады. Сондай-ақ сынып оқушыларына алынған деректерді Excel кестесіне экспорттауға мүмкіндік беріледі.
- Фишкалар, бонустар және мемдер
- Оқушылар тесттермен индивидуалды қарқында жұмыс істейтіндіктен, көшіріп алу оларға қиындау болады.

**Quizizz құрудың алгоритмі:**

1. Өтілген тақырып бойынша тест тапсырмасын Word қосымшасына алдын ала дайындап алу.
2. Google-ге кіріп, quizizz.com сайтына тіркеліп, логин, пароль қоямыз. Тіркелгеннен соң for teachers батырмасын басу.
3. «Create quizizz» (құру) батырмасын басып, құрастыратын тест тақырыбын жазу.
4. «Более», «Other», «следующий» батырмасын басу.
5. «Большой выбор»- ды басу арқылы келесі бетке өту.
6. «Введите ваш вопрос здесь» деген ұяшыққа тақырып бойынша сұрақты жазу.
7. Сұрақтың жауаптарын енгізіп, дұрыс жауабына қанат белгісін қою.
8. Сұрақтарды жауаптарымен енгізіп болған соң «сохранить» батырмасын басу.
9. Қосымшаның жоғарғы жағына барып, «создать вопрос» айдарындағы «новый вопрос» батырмасын басу арқылы келесі сұрақты құру.
10. Сұрақтарды жауаптарымен толық енгізіп болған соң қосымшаның оң жақ шетіндегі «сохранить» батырмасын басу арқылы сақтау.
11. Тест тапсырмасын оқушыларға ұсыну үшін «рабочий столда» құрылған тест тапсырмасының астында орналасқан «начать живую викторину» батырмасын басып, «классический» түрін таңдап, «продолжать» батырмасын басса, экранда құрылған тест тапсырмасына қатысушыларға арналған сандар жиынтығынан құралған «код» пайда болады.
12. Оқушылар өз ұялы телефондарынан «quizizz» қосымшасына кіріп, экранда көрсетілген кодты теріп жазады.
13. Қатысушылар түгел код арқылы тіркеліп болған соң, «начать» батырмасын басу арқылы тест тапсырмасы басталады.

«Қазақ тілі» пәнін оқытуда тәжірибеде қолданылып жүрген цифрлық контенттерді саралай келе, цифрлық сауаттылық – бұл адамның өмірдің барлық салаларында цифрлық технологияларды сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз қолдануға дайындығы және қабілеті екендігіне көз жеткіземіз. Цифрлық сауаттылық – ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, XXI ғасырдың ең маңызды білімі. Цифрлық сауаттылықты қалыптастыру– нәтижелі білімнің, функционалды сауатты ұрпақтың өсуінің кепілі.

Білім беруді цифрландыру – салыстырмалы түрде жаңа термин. Бұл ақпараттық технологиялардың біздің өмірімізге терең еңгендігін көрсетеді, адам қызметінің консервативті саласының бірі білім беруді ұйымдастыру туралы идеяларымызды өзгерте алады. Цифрландыру – бұл түрлі қызмет

салаларындағы ғаламдық өзгерістерді соның ішіндегі білім берудегі өзгерістерді түсіндіретін кең түсінік.

Білім беруді цифрландыру – бұл жаңа цифрлық технологияларды қолдануға көшуді ғана емес, сонымен қатар заманауи тенденцияларды қамтитын білім беру процесінің өзін қайта қарау.

Жалпы білім беретін орта мектептің реформасын жүзеге асыруға байланысты оқушылардың шығармашылық ойлауын, оқытудың, тәрбиелеудің формасы мен әдістерін жетілдіру, алған білімдерін тәжірибеде пайдалана білу іскерлігін қалыптастыру ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Оқушылардың алған білімін тәжірибеде қолдана білуі берілген пән бойынша жаңа теориялық мәліметтерді меңгерумен, алған мәліметтерді басқа пәндерді оқығанда және күнделікті өмірде тікелей пайдалана білумен қорытындыланады. Оқытуда компьютерді пайдаланудан мынадай дидактикалық мүмкіндіктерді көруге болады: логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылық еңбек етуіне жағдай жасауды. Конфуцийдің нақыл сөзіне көңіл аударсақ: «Маған айтшы – мен ұмытып қаламын; маған көрсетші – менің есімде қалады; өзіме істетші – мен сонда түсінемін» делінген. Яғни, оқушылардың көпшілігі естігенінің 5% және көргенін 20% есте сақтайтыны белгілі. Аудио және видеоақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50% дейін арттырады. Компьютерлік және ақпараттық технологиялар заман талабы. Жаңа ақпараттық құралдарды сабақта қолданғанда күтілетін нәтижелер:

- даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларға көмектеседі;
- оқушыларың сабаққа деген қызығушылығын арттырады;
- сабақта пайдаланылатын көрнекіліктердің санын арттырады;
- оқушыларды жеке жұмыс істеуге үйретеді;
- оқушылардың есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады.

Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі оқыту үрдісін ығыстырмайды, қайта дамытып, жетілдіреді.

Қорыта айтқанда, ақпараттық технологияның педагог жұмысына ең тиімдісі – оқушылардың білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар. Қазіргі заманның даму қарқыны педагогтер шығармашылығын жаңаша, ғылыми зерттеу бағытында құруды талап етеді.

**Цифрлы контенттермен жұмыс үлгісі**

**Лексикалық тақырып:** Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік

**Грамматика:** грамматикалық омонимдер

**Әдебиет:** Ерболат Әбікенұлы "Пәтер іздеп жүр едік" әңгімесі

**Лексикалық тақырып бойынша цифрлы контент**

Әлеуметтік теңсіздік туралы жалпы ақпарат:

https://kk.wikipedia.org/wiki/%D3%98%D0%BB%D0%B5%D1%83%D0%BC%

Бұл сілтемені басып, төмендегі ақпараттарды ала аласыз:

**Әлеуметтік теңсіздік** - жеке индивидтер, әлеуметтік топтар, қабаттар, таптар тік әлеуметтік мобильділік иерархиясының әр-түрлі сатыларында тұратын, өмірлік тең емес және қажеттіліктерді қамтамасыз етудің мүмкіндіктерге ие әлеуметтік дифференциацияның ерекше түрі.[1]

Дереккөздер [ өңдеу | қодын өңдеу ]

1. ↑ Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. - 569 б. ISBN 9965-808-89-9

Статистикалық мәліметтер (Қазақстандық ең ірі 50 жекеменшік компания) https://forbes.kz/ranking/50_krupneyshih_chastnyih_kompaniy_kazahstana_-_2021
Бұл сілтемені басып, Қазақстандағы ең ірі 50 жекеменшік компания рейтингін ала аласыз.
Статистикалық мәліметтер (Қазақстан банктерінің 2022 жылғы рейтингі) https://forbes.kz/ranking/reyting_bankov_kazahstana_-_2022 Бұл сілтемені бассаңыз, Қазақстан банктерінің 2022 жылғы рейтингін көресіз.

forbes.kz/ranking/50_krupneyshih_chastnyih_kompaniy_kazahstana_-_2021

Рус Қаз Eng **Forbes** KAZAKHSTAN

ГЛАВНАЯ | FREEDOM BROKER | НОВОСТИ | БЛОГИ | РЕЙТИНГИ | УЧАСТНИКИ РЕЙТИНГОВ | АВТОРЫ | АРХИВ НОМЕРОВ

## 50 крупнейших частных компаний Казахстана - 2021

Дата публикации рейтинга: 26 января 2022

| МЕСТО | ПРОФАЙЛ | ДОХОДЫ, МЛРД ТЕНГЕ | ОТРАСЛЬ | ПЕРСОНАЛ, ЧЕЛ |
|---|---|---|---|---|
| 1 | KAZ Minerals Plc | 972,50 | ГМК | 10409 |
| 2 | Казахмыс | 883,48 | ГМК | 17215 |
| 3 | АО «Казхром» | 664,19 | ГМК | 19309 |
| 4 | АО «ССГПО» | 453,95 | ГМК | 15497 |

ПОДПИСКА НА ЖУРНАЛ

Архив В продаже №132 (08)

беруге болады:

Мәліметтерді пайдаланып мәтін дайындауға болады немесе оқушыларға қосымша дереккөз ретінде ұсына аласыз.

банктер»
рейтингін жаса

forbes.kz/ranking/reyting_bankov_kazahstana_-_2022

Рус Қаз Eng **Forbes** KAZAKHSTAN

ГЛАВНАЯ | FREEDOM BROKER | НОВОСТИ | БЛОГИ | РЕЙТИНГИ | УЧАСТНИКИ РЕЙТИНГОВ | АВТОРЫ | АРХИ

## Рейтинг банков Казахстана - 2022

Дата публикации рейтинга: 11 августа 2022

| МЕСТО | ПРОФАЙЛ | АКТИВЫ, МЛРД ТЕНГЕ | NPL, % | ДЕПОЗИТЫ, МЛРД ТЕНГЕ | СОБСТВ. КАПИТАЛ, МЛРД ТЕНГЕ |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Kaspi Bank | 3602,1 | 6,7 | 2829,2 | 397,9 |
| 2 | Народный Банк | 11631,9 | 3,8 | 8395,2 | 1548,3 |
| 3 | АО «Отбасы банк» | 2804,2 | 0,2 | 1898,0 | 381,1 |
| 4 | AO «Jusan Bank» | 2609,2 | 44,1 | 1490,0 | 439,2 |
| 5 | ForteBank | 2483,2 | 7,2 | 157,0 | 266,5 |

Әлеуметтік теңсіздік туралы бейнеролик (Бразилия. Әлеу

меттік теңсіздік) https://www.youtube.com/watch?v=CBk3etw4gC0

Сілтемені басып, тақырыпқа қажетті бейнебаянды көшіріп алуға болады.



Бейнебаян – тыңдалым, айтылым, жазылым, тілдік бағдар бойынша Оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттарын жүзеге асыруға қолдануға өте тиімді ресурс. Мәтінсоңы тапсырма ретінде Венн диаграммасын толтыруды ұсынуға болады.




| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім** | Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Ауганбаева Айжан Мырзахметовна | |
| **Күні** | 11.11.2021 жыл | |
| **Сынып 11** | **Қатысқан оқушылар саны: 14.**<br>*Оның ішінде:*<br>*-дарынды оқушылар саны – 3*<br>*- мигрант – 1*<br>*- ерекше қолдауды қажет ететін – 1* | **Қатыспағандар саны: 0** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Жұмыссыздықтың пайда болуы мен себептері | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 11.1.2.1 мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектілеу) және берілген ақпараттарды жүйелеу<br>11.4.4.1 тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтау, дереккөздерге сілтеме көрсетіп таныстыру (тірек-схема, менталды карта, презентация);<br>11.5.1.3 мәтін құрауда сан есімнің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолдану | |
| **Сабақтың мақсаты** | Тыңдаған мәтіндегі негізгі ақпараттарды жинақтап, статистикалық мәліметтерді қосымша дереккөздерден ала отырып «Қазіргі жұмыссыздық жағдайы» тақырыбында диаграмма құрады. | |
| **Бағалау критерийлері** | Тыңдаған мәтіндегі негізгі ақпараттарды жинақтап, статистикалық мәліметтерді қосымша дереккөздерден ала отырып «Қазіргі жұмыссыздық жағдайы» тақырыбында диаграмма құру | |

## Сабақтың барысы:

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Инклюзивті оқыту** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы – 7 минут** | **Раппорт** – 1 минут<br>Сәлемдесу<br>Түгендеу | Сәлемдеседі | Сәлемдеседі | қолпаштау<br>👏 | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ой шақыру** – 2 минут<br>Суретке қара. Сұрақтарға жауап бер. | Сұрақтарға жауап береді. Тақырыпты болжайды. | Сұрақтарға жауап береді. | «Бас бармақ» әдісі | https://massaget.kz/blogs/omirdin_ozi/17423/ |
| | **Тақырыпты жариялау. Оқу мақсаттарымен, бағалау критерийімен таныстыру және дескриптор құру** – 3 минут<br>Тақырыпты жариялап, бағалау критерийімен таныстырады. Дескрипторды бірлесіп құруға шақырады. | Тақырыпты біледі. Бағалау критерийіне сәйкес дескриптор құруға қатысу барысында өзінің нені үйренетінін түсінеді. | Бағалау критерийі мен дескрипторды тақтаға жазады / дауыыстап оқиды. | «Аффирмация» әдісі «Бұл менің қолымнан келеді!» | - |
| | **Топтарға бірігу – 1 минут**<br>Топ атауы жазылған парақтар арқылы «Жұмыссыздар» және «Жұмыс берушілер» топтарына біріктіреді. | Әр оқушы үстелде төңкеріліп тұрған 1 қағазды алып, өз тобының атауы жазылған партаға барады. | Өзі алған қағазда жазылған атауға сәйкес топқа бірігеді. | мадақтау | «Жұмыссыздар» // «Жұмыс берушілер» деген топ атаулары жазылған қағаздар (оқушы санына сәйкес) |
**«Қазақстанның Ашық университеті»** http://openu.kz/

«Қазақстанның ашық университеті» – еліміздің жетекші жоғары оқу орындары мен мамандары бірлесе әзірлеген онлайн-курстарға тегін қол жеткізу мүмкіндігін ұсынатын білім беру платформасы.

Өзіңізге жеке кабинет ашып тіркелесіз. Білім алу тегін. Платформа бірнеше бөліктерден тұрады.

- Курстар
- Кітапхана
- Online webinar

- TED

Курстар 4 бөлімнен тұрады:

✓ Ақпараттық технология
✓ Бизнес
✓ Гуманитарлық ғылымдар
✓ Жаратылыстану ғылымы

**Ақпараттық технология:** 1.Бағдарламалае 2. Ақпарат жүйелері
**Бизнес:** 1.Маркетин 2 Менеджмент 3. Бизнес 4. Кәсіпкерлік
**Гуманитарлық ғылымдар:** 1.Медиа 2. Антропалогия 3. Өнер 4.Тарих 5. Мәдениеттану 6.Лингвистика 7. Әдебиеттану 8. Саясаттану 9. Дінтану 10 Философия 11.Құқықтану 12. Педагогика 13. Психологи 14.Құқықтану 15. Әлеуметтану 16. Экономика 17. Демография
**Жаратылыстану ғылымдары:** 1.Математика 2.Инновация 3. Робототехника
Мысалы:

Осының ішінде «Рефлективті оқыту» курсын таңдап оқисыз.

Бұл курста мұғалімдерді базалық кәсіби даярлаудың екі деңгейі: мектепте практикалық даярлықтан өту мен үздіксіз кәсіби даму жолдары туралы баяндалады. Сабақ беру практикасы, оның ішінде оқушылармен қарым-қатынас, жүріс-тұрыс, оқу бағдарламаларын құру, оқыту мен сабақ стратегиясы, баға қою мен бағалау процесі жөнінде жан-жақты нұсқаулар береді. Курстың тағы бір ерекшелігі – мұғалімнің кәсіби деңгейін тереңірек бағалауға арналған нақты принциптер мен тұжырымдамалар туралы да мәлімет береді. Рефлективті оқыту әдістемесі бастауыш мектеп пен негізгі мектептің екеуіне де мұғалім даярлау мен олардың кәсіби біліктілігін арттыруды дамытып отыруға жол ашады.

Бұл курс 25 дәрістен тұрады. Әр дәріс 25 минуттық бейнесабақтан тұрады. Курс авторы: Назипа Аюбаева, Педагогика мамандығы бойынша Кембридж университетінің философия докторы, «Назарбаев қоры» білім беру саласы бойынша ғылыми қызметкері.

Сіздің алған біліміңіз туралы ақпарат жеке кабинетіңізде сақталады. Жетістіктеріңізге байланысты арнайы сертификаттармен танысасыз. Іске сәт!

**akademia.kz** Педагогикалық шеберліктің виртуал лабораториясы

Бұл жерде де жеке кабинет ашып, тіркелесіз. Сізге мынадай курс түрлерін ұсынады:

1. Оқытудың белсенді әдістері
2. IELTS тестіне дайындық курсы
3. Үйренуді үйрену
4. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі

**kundelik.kz** - Қазақстан Республикасы бойынша бірыңғай білім беру интернет-порталы. Kundelik.kz жүйесі мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде енгізілді және жеке инвесторлардың қаражаты есебінен қаржыландырылады. Бүгінгі таңда жүйеде 6200-ден астам мектеп тіркелген. Бұл портал биылғы оқу жылынан бастап, мұғалімдерге курстар ұйымдастыруда.

Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінің мұғалімдеріне арналған «Күнделік» АЖ «Цифрлық сауаттылық және кәсіби жұмыс негіздері» курсы. Курс цифрлық сауаттылық негіздерін үйренгісі келетін және «Күнделік» АЖ өзінің

біліктілік дағдыларын арттыру үшін пайдаланғысы келетін Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінің мұғалімдеріне арналған. Бұл курста:

| | |
|---|---|
| | Компьютерлік сауаттылық негіздеріне |
| | «Күнделік» ААЖ цифрлық білім беру платформасында жұмыс істеудің кәсіби дағдыларына |
| | Windows 10 операциялық жүйесінің негіздеріне |
| | Microsoft құралдарының негіздеріне: Word, Excel, PowerPoint |
| | Интернет ресурстарын пайдалану негіздеріне |
| | Интернет желісіндегі киберқауіпсіздік негіздеріне |

Онлайн-курсқа мыналыр кіреді:

- 20 сағаттық бейне-сабақ
- 72 академиялық сағат
- 30 үй тапсырмасы
- 20 алынған білімді тексеруге арналған тестілеу
- 20 онлайн-курсты аяқтағаны туралы сертификат

Бұл курс кімдерге арналған?

- ✓ Компьютерлік дағдыларын жетілдіргісі келетін мұғалімдер үшін
- ✓ «Күнделік» ААЖ сенімді пайдаланушысы болғысы келетін мұғалімдер үшін
- ✓ Microsoft бағдарламаларының негіздерін меңгергісі келетін мұғалімдер үшін
- ✓ Интернетті сенімді пайдаланғысы келетін мұғалімдер үшін
- ✓ Интернет-ресурстарды қауіпсіз пайдаланғысы келетін мұғалімдер үшін

Әдебиет порталы. Интернет-жобасы - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі және Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің қолдауымен «Қазконтент» Акционерлік қоғам тарапынан әзірленді. Интернет желісіндегі өз бағыты айқын бұл бірегей жаңа жоба – қазақ елінің мәдени, тарихи және әдеби мұрасына қызығушылық танытатын әлемнің түпкір-түкпіріндегі интернетті белсенді пайдаланатын көзіқарақты оқырман қауымның басын біріктіретін онлайн әдеби платформа. Мұғалімдер «Қазақ әдебиеті» сабағынан жазушылардың шығармаларын осы жерден оқытуға болады. Сонымен қатар, еліміздегі жас жазушылар, жаңа туындылар туралы ақпаратты да алуға болады.

Порталдың «Әдеби үдеріс» бөлімі

- ✓ Поэзия
- ✓ Сын
- ✓ Драматургия
- ✓ Эссе
- ✓ Проза
- ✓ Сатира
- ✓ Аңыз-әфсана
- ✓ Өнер
- ✓ Аударма

✓ Шетел әдебиеті,т.б бөлімдерден тұрады. Порталда 2071 автордың шығармасы бар. Жүктелген 2285 кітапты оқуға болды. 72 жанрда жазылған шығармалармен таныса аласыз. Шығармалар арқылы 81 кейіпкермен тілдесесіз. «Мультимедия» бөлімі фото, видео, аудио, подкасттан тұрады. «Еркін сөз» тақырыбындағы подкасына мәдениет саласында жүрген қоғамдағы танымал тұлғаларды шақырылады. Қазіргі заманауи «Блогтар» бөлімі: Өз ойым, Лайфхак, Шоу-бизнес, Шежіре, т.б. жазбалармен таныса аласыз. «Оқушылар парағы» айдарында оқушылардың қазақ әдебиеті сабағында жазған шығармалық жұмыстарын эссе, шығарма,т.б. жұмыстарын жариялауға болады.

Қазақ әдебиеті сабағында отандық QAZAQSTAN телеарнасы түсірген мына фильмдерді пайдалануға болады.

1. Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына түсірілген «Ахмет. Ұлт ұстазы» киносын сабақ барысында тиімді пайдалануға болады.

| | |
|---|---|
| «Ахмет. Ұлт ұстазы» 1-бөлім | https://youtu.be/Q4Ot8tu15tI |
| «Ахмет. Ұлт ұстазы» 2-бөлім | https://www.youtube.com/watch?v=od4RVkMuzuQ |
| «Ахмет. Ұлт ұстазы» 3-бөлім | https://www.youtube.com/watch?v=BT3MLtypnL0 |
| «Ахмет. Ұлт ұстазы» 4-бөлім | https://youtu.be/KlvK7kNVjEw |
| «Ахмет. Ұлт ұстазы» 5-бөлім | https://youtu.be/iMtQjEIFAzU |
| «Ахмет. Ұлт ұстазы» 6-бөлім | https://youtu.be/wFReBibJxh8 |

**хмет. Ұлт ұстазы**




2021 жылы түсірілген 6 сериялы тарихи драмалық телехикаясы. Фильмде Ахмет Байтұрсынұлының өмірі жайлы баяндалады

Сериал Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен түсірілді. 2021 жылы желтоқсан айында Қазақстан Ұлттық арнасында көрсетілді.

2.Алашорданың 100 жылдығына арнап түсірліген «Тарзаман» фильмі 12 сериядан тұрады.

Фильм рулық қоғамнан Ұлттық мемлекет құрамыз деп, өз уақытынан оза шапқан тұлғаларға арналады. Оқиға желісі Алашорда үкіметін құру жолындағы ортақ мұратқа топтасқан алаш зиялыларының өмірінен құрылады. Басты кейіпкердің бірі Әлихан Бөкейханның тартысқа толы драмалық кезеңі суреттеледі. Оның ел үшін күрескен еңбегі, айналасына топталған тарихқа белгілі тұлғалармен байланысы, көзқарасы мен ұстанымы, махаббаты мен тағдыры көркемдік шешімдермен өріледі.

Алашорда үкіметін құру жолында күрескен Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Смағұл Садуақасов сынды тұлғалардың да көркем образдары көрініс табады.

Қазақ даласының Ақпан төңкерісін қалай қабылдап, Қазан төңкерісінен кейін неге екіге бөлінгені негізгі оқиғаға арқау болды. Әлиханның алаш жұрты ұстануға тиісті бес ұстанымы төңірегіндегі аманат ойларымен түйінделеді.

| | |
|---|---|
| «Тар заман» 1-серия | https://www.youtube.com/watch?v=1ZOBHL-GuwI |
| «Тар заман» 2-серия | https://www.youtube.com/watch?v=7mYzAq_EG6M |
| «Тар заман» 3-серия | https://www.youtube.com/watch?v=n7ZNF7wPQWU |
| «Тар заман» 4-серия | https://www.youtube.com/watch?v=xvtEuN8LEzI |
| «Тар заман» 5-серия | https://www.youtube.com/watch?v=z_aggxm1b0M |
| «Тар заман» 6-серия | https://www.youtube.com/watch?v=tMXA21PMlg4 |
| «Тар заман» 7-серия | https://www.youtube.com/watch?v=xHEAi27IeEU |
| «Тар заман» 8-серия | https://www.youtube.com/watch?v=qguUglAvwQc |
| «Тар заман» 9-серия | https://www.youtube.com/results?search_query=%D |
| «Тар заман» 10-серия | https://www.youtube.com/watch?v=sRxv7TDiPck |
| «Тар заман» 11-серия | https://www.youtube.com/results?search_query=%D1 |
| «Тар заман» 12-серия | https://www.youtube.com/results?search_query=%D1 |

BilimLand – бұл электрондық оқыту бойынша әлем көшбасшыларының алдыңғы қатарлы жетістіктері негізінде жасалған цифрлық білім беру платформасы. Бұл – заманауи білім беру контентінің ірі сандық кітапханасы, қазақша, орысша, ағылшын тілдерінде барлық пәндерді қамтыған 30 мыңға жуық электрондық сабақ, тренажер, интерактивтік жаттығулар, оқытуға арналған видео, анимациялық фильмдермен қамтылған жиынтық.

Қызықты электрондық сабақтар балаларға мектепке дайындалуға көмектеседі әрі бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген қызығушылықтарын оятады. Сондай-ақ, математика, физика, химия, биология және басқа да мектеп пәндері бойынша ең қиын тақырыптарды қарапайым және қолжетімді тәсілмен түсіндіре отырып, жоғары сынып оқушылары үшін таптырмас көмекші құрал болып табылады. Цифрлық оқыту ресурстарына шектеусіз әрі тегін қолжетімділік – білім берудің сапасын арттыруға бағытталған жақсы бастама.

iTest.kz - ҰБТ-ға дайындық порталы

- Сұрақтар бойынша көмекші тренажер 70 000-нан астам сұрақ
- Тестілеу қорытындысы
- Прогресс динамикасын көруге болады.

- BilimCenter.kz - Функционалды сауаттылық PISA курсы (оқу сауаттылығы, жаратылыстану сауаттылығы, математикалық сауаттылық және инновациялық бөлім, ).
- Онлайн тренажер
- Онлайн-курс
- Онлайн тестілеу
- Қаржылық сауаттылық
- Креативті ойлау

Bilim – бұл мұғалім жұмысы мен кәсіби өсуіне арналған мобильді қосымша!
Bilim – мұғалімнің, оқушының және ата-ананың цифрлық көмекшісі.
«Ұстаз» тарифі және Отбасы тарифі бар.
Ұстазға арналған мүмкіндіктер
Bilim – бұл мұғалімнің жұмысы мен кәсіби өсуіне арналған мобильді қосымша.

- Біліктілікті арттыру курстары және сертификаттау;
- Мұғалімнің жеке электрондық портфолиосы;
- Ұстаздардың кәсіби қоғамдастығы;

- Шеберлікті шыңдау вебинарлары, жарияланымдар мен конференциялар;
- Интерактивті сабақтар жинағы, БЖБ және ТЖБ қоры бар.
- Bilim қосымшасындағы Портфолио бар.

**Ұстаз портфолиосы** – мұғалімнің кәсіби деңгейін көрсететін материалдарды бекіту және жинақтау тәсілдерінің бірі.

Электрондық портфолио ерекшеліктері:

- Мұғалімнің нақты іс-әрекеті
- Портфолиомен оңай бөлісу мүмкіндігі
- Әрқашан қолжетімді жерде

Bilim вебинарларына қатысуға болады.

Білім саласы бойынша өзекті тақырыптағы вебинарларға қатысу

Вебинарларды тікелей эфирде көру

Вебинарлардың жазбасын көру

Вебинарға қатысқан үшін Сертификат алу

**Спикер** ретінде республикалық деңгейде Вебинар өткізу

Республикалық деңгейде Вебинар өткізіп, тәжірибемен бөліскен үшін Сертификат алу (аттестация кезінде есепке алынады)

Біліктілікті арттыруға арналған онлайн-курстар.

- Біліктілікті арттыру курстарының бағыттары:
- педагогика мен педагогикалық технологиялардың өзекті мәселелері;
- мектеп психологиясы;
- цифрлық ресурстарды қолдана отырып оқытуды ұйымдастыру.
- Bilim қосымшасында 30-дан аса курс бар.

Ай сайын Өрлеумен бірге әзірленген жаңа курстар қосылып отырады.

- Цифрлық сауаттылық – 19 сағат
- Мұғалімдерге арналған әдістемелік шеберхана – 40 сағат
- Эссе қалай жазылады? – 5 сағат
- Инклюзивті білім беруге кіріспе – 9 сағат
- Microsoft OneNote сыныптың жазу кітапшасын қолданып, тапсырмалар құрастыру – 5 сағат
- Үйренуді үйрену – 2 сағат
- Бағалау және рефлексия – 4 сағат
- Әдістемелік шеберхана: мұғалімге арналған теория мен тәжірибе – 14 сағат
- OnlineMektep арқылы қашықтан оқытуды қалай ұйымдастыруға болады? – 38 сағат

«Ұстаз» жазылымы бойынша курстардың барлығы қолжетімді!

**Өрлеумен бірге әзірленген курстар:**

- Қашықтан оқыту: сабақты әзірлеуден бастап білім беру процесін ұйымдастыруға дейін - 40 сағат
- Білім беруді жаңғырту жағдайындағы көшбасшылық және менеджмент - 80 сағат
- Қашықтан оқыту жағдайындағы педагогикалық менеджмент - 80 сағат
- Патриотизмді және көшбасшылық қасиеттерді жеке тұлғаны тәрбиелеу мен әлеуметтендірудің негізі ретінде қалыптастыру - 80 сағат
- Қашықтықтан білім беру технологиялары негізінде оқу процесін ұйымдастыру бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру - 80 сағат

- Қашықтан оқыту жағдайында білім беру ұйымы басшыларының функционалдық сауаттылығы - 80 сағат

«Қашықтықтан білім беру технологиялары негізінде оқу процесін ұйымдастыру бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» атты Өрлеумен дайындаған онлайн-курс Bilim қосымшасында қолжетімді!

Курс бағдарламасын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Сараптама кеңесі бекіткен;

Онлайн-курс қазақ және орыс тілдерінде ұсынылған және 4 модульден тұрады. Курстың ұзақтығы - 80 сағат.

Бір реттік сертификаттау ТЕГІН, кейінгі сертификаттау – 5000 теңге.



«Жүйелік-әдістемелік кешен» порталы (бұдан әрі – СМЖ), http://smk.edu.kz/ – орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлеріне әдістемелік қолдау көрсету мақсатында құрылған кең ауқымды онлайн-платформа. Порталда оқу процесін ұйымдастырудың оқу-әдістемелік негізі болып табылатын МЖМБС, ҮОЖ, оқу бағдарламалары мен жоспарлары сияқты жұмыста қолдануға арналған құжаттар бар.

«Сабақты жоспарлау» бөлімінде презентациялар, формативті бағалау, дидактикалық материал, аудио және бейне материалдар сияқты қосымша материалдары бар 1 және 2 сыныптарға арналған үлгілік сабақ жоспарлары бар. Бұл бөлімнің мазмұнын Назарбаев Зияткерлік мектептерінің жетекші практик мұғалімдері қамтамасыз етті. Көкшетау және Талдықорған. Материалдар оқу пәндері мен оқу жоспарының тақырыптық бөлімдеріне сәйкес құрылымдалған, бұл сабақты жоспарлау және дайындау кезінде ақпаратты табуды жеңілдетеді.

Портал материалдарына рұқсат тіркеуден өткен барлық авторизацияланған пайдаланушылар үшін ашық. Осы интернет-ресурстың көмегімен мұғалімдер әдістемелік және консультациялық көмек алып қана қоймай, өз жұмыстарын жариялап, әріптестерімен форумда талқылау арқылы білім беру жүйесінде тәжірибе алмаса алады.

Осылайша, Жүйелік-әдістемелік кешен порталы мұғалімдердің ақпараттық-әдістемелік базасы, педагогтардың шығармашылық дамуының, кәсіби өсуінің және ынтымақтастығының тұғырнамасы болуды көздейді.




Қазақстанның Ұлттық электронды кітапханасы. Бұл жерде оқушы мен мұғалімге қатысты барлық шығармалардың электронды нұсқасы бар.

https://kazneb.kz/kk/catalogue/result?flt=simple&q=%D0%B1%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%80%20%D3%99%D0%B4%D0%B5%D0%B1%D0%B8%D0%B5%D1%82%D1%96&page=1

## 3 «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» БОЙЫНША ЦИФРЛЫҚ КОНТЕНТТЕР

Қазіргі таңда экономикалық өсу және азаматтардың әл-ауқаты үшін білімнің айтарлықтай маңызды екенін бүкіл әлем мойындауда. Қазіргі қоғамдағы, технология, коммуникация мен ғылым салаларындағы елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға айтарлықтай ықпал етіп, әрбір азаматқа XXI ғасырда жан-жақты білімді, табысты болу үшін қажетті білім мен дағдыларды меңгеру қажеттігін алға тартып отыр.

Қазіргі мектеп оқушыларына келешекте табысқа қол жеткізу үшін бұрынғыға қарағанда анағұрлым көп дағдыларды меңгеру қажет. Адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру заманы қазақ әдебиетінің сиқырлы әлеміне еніп барады.

Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-сонды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. Білім саласындағы цифрландыру мәселесіне келсек, бұл – адами капиталды дамыту бағыты.

Білім алушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру және оның нәтижелерін бақылауды жүзеге асыру үшін педагог әртүрлі әдістер мен құралдарды пайдаланады. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқу процесі оқушылардың өздерінің белсенді қызметімен сипатталатынын атап өткен маңызды. Бұл жағдайда мұғалім білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерінің ұйымдастырушысы ретінде болады.

Қазіргі кезеңде өздігінен білімді игеруі үшін оқушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұндай тәсіл пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

«*Оқыту әдісі*» ұғымы дидактикалық мақсаттарға сәйкес оқыту процесінде мұғалімнің оқу жұмысы мен оқушылардың танымдық іс-әрекетімен байланыста шешілетін оқу іс-әрекетінің міндеттерімен сипатталады. Демек, оқыту әдістері – оқыту міндеттерін, яғни дидактикалық міндеттерді шешуге бағытталған мұғалім мен оқушылардың біріккен іс-әрекетінің көрінісі болып табылады. Сонымен бірге дидактикада оқыту «тәсілдері» ұғымы кеңінен қолданылады. Тәсіл – әдіс элементі, оның құрамды бөлігі, бір реттік әрекет. Оқыту процесінде әдістер мен тәсілдер әр түрлі құрамда қолданылуы мүмкін [10].

Оқыту әдістері – күрделі, көп жақты, көп салалы құбылыс. Оқыту әдістері арқылы объективтік заңдылықтар, мақсаттар, мазмұн, принциптер, оқыту формалары бейнеленеді. Оқыту әдістері оқу-тәрбие процесінде үйретуші, дамытушы, тәрбиелеуші, ынталандырушы (мотивациялық), бақылаушы және түзетуші қызметтерді атқарады. Әдістер көмегімен оқыту мақсаты жүзеге асырылады, яғни бұл – үйретуші функцияның байқалуы, оқушылардың даму

деңгейі мен қарқыны қамтамасыз етілетін – дамыту функциясы, сол сияқты тәрбие нәтижелерінің анықталуы – тәрбиелік функцияның жүзеге асырылуы болып табылады. Әдістер мұғалім үшін оқушыларды оқуға ұмтылдырушы құрал ретінде қолданылады, ал кейде танымдық іс-әрекетті ынталандыру қызметін атқарады [5].

*Оқытуды ұйымдастыру әдісі* - білімді игеру мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған мұғалім мен оқушының бірліктегі іс-әрекеттік қимыл-тәсілдері. Оқу мақсаты жолындағы ұстаздың оқыту жұмысы мен шәкірттің оқып-үйрену әрекеттерінің өзара байланыстылығы осы оқу әдісінен көрінеді. Қандай болмасын оқыту әдісі, - дейді И.Я.Лернер, - оқушылардың білім мазмұнын игеруін, сөйтіп оқыту мақсатына жетуді қамтамасыз етерлік олардың танымдық, әрі практикалық әрекетін ұйымдастыратын белгілі нысанға бағытталған мұғалім әрекетінің жүйесі болып табылады.

Оқыту – жеке адамның қалыптасуының, ақыл-ойы мен жалпы білімін дамытудың маңызды құралы. Ол белгілі бір жүйеде және жоспар бойынша, мұғалімнің басшылығымен, нақты мақсатқа бағытталған процесс болып табылады. Пән бойынша оқыту процесінде білім алушылар білімнің жиынтығын меңгереді және сол саламен тығыз байланысты білік пен дағды қалыптасып дамиды [12].

Ұсынылған бағдарламада оқыту формалары, әдістері мен технологиялары әлемдік инновациялық оқыту тәжірибесін және оқушылардың бойында оқуға деген қызығушылық тудыратын заманауи білім беру технологияларын қолдану есебінен жаңартылған. Оқу бағдарламасына қосымша ретінде ұсынылған ұзақ мерзімді жоспардың негізінде орта мерзімді оқу жоспарлары әзірленеді. Орта мерзімді жоспарда ұзақ мерзімді жоспардағы бөлімдердің атаулары, тақырыптар/ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны, сөйлеу әрекеттерінің түрлері мен оқу мақсаттары, ұсынылатын әдіс-тәсілдер, мұғалімдерге ескертулер және оқыту ресустары беріледі.

Білім беру нәтижелеріне қол жеткізу табыстылығын қамтамасыз ететін логикалық, сыни және конструктивті ойлау негіздерін, алынған білімді оқу және тәжірибелік іс-әрекетте пайдалану іскерлігін қалыптастыру мақсатында тиімді оқыту формалары мен әдістері енгізілген.

Сынып ұжымын жаппай оқыту формасынан интерактивті, инновациялық, жобалық-зерттеу технологиялары, сандық инфрақұрылымды қолдана отырып, әр оқушының жеке білім алу траекториясын жүзеге асыруға көшу қамтамасыз етілген.

Білім алушылардың қолайлы дамуы үшін достық қарым-қатынастағы ортаны құру өте маңызды болып табылады.

Білім мазмұнын жаңарту аясында:

- энциклопедиялық сипаттағы фактологиялық материалды беруге бағытталған оқытудан, акцентті ақпарат алу тәсілдерін үйретуге ауыстыру;
- ынтымақтастыққа және дербестікке қабілетті тұлғаны әлеуметтендіру;
- ақпаратты өздігінен алу, талдау және тиімді қолдану дағдысын қалыптастыру;

- оқу бағдарламаларында көрсетілген білім мазмұны анықталатын білім салалары бойынша және қызмет аспектілерін көрсететін күтілетін нәтижелерге көңіл аударатын оқу процесін дәстүрлі ұйымдастырудан бас тарту көзделеді, яғни оқушылар:

- «біледі»,
- «түсінеді»,
- «қолданады»,
- «талдайды»,
- «жинақтайды»,
- «бағалайды».

Әдіс – оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеуде қолданатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады. Оқыту әдістерінің басты қызметі – оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру.

Оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз етуде мұғалімдердің қолданатын оқыту тәсілдері (яғни, педагогикалық әдістемелер) маңызды болып табылады. Мұғалімдер пайдаланатын әдіс-тәсілдер оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. Педагогикалық әдістемелер жетілдірілмесе, білім мазмұнын жаңарту шараларының мүмкіндіктері мен нәтижелілігі төмендейді.

Оқытудың барлық аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі. Сындарлы оқыту тәсілдері білім берудің «дәстүрлі» әдістерімен салыстырғанда, оқыту кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың алдыңғы білімдерімен ұштастыра отырып, жаңа білім алуы туралы тұжырымдамаға негізделген. Бұл жерде ең маңыздысы: оқушылардың алдыңғы алған дағдылары жаңа дағдыларды меңгеруге үлкен ықпалын тигізеді, ал егер ол ескерілмесе, онда білім тереңге бармай, үстірт меңгерілген таяз білім болады. Мұндай үстірт білім оқушыға қазіргі әлемде жетістікке жету үшін қажетті жоғарыда аталған сын тұрғысынан ойлау, рефлексия және басқа да дағдыларын, алған білімін қолдануына кері әсерін тигізеді. Оқушылар білімді толықтай меңгеру үшін ақпаратты енжар қабылдамай, сабаққа белсенді қатысуы керек. Оқушылардың алған білімдерімен жұмыс істеуіне, оны әрі қарай өңдеп, өз дағдыларын арттыруға мүмкіндік беретін жаттығулар орындауға жағдай жасау маңызды.

Пән мұғалімдері оқушыларды өздігінен білім алуға, шешім қабылдауға қабілетті ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі жоғары, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады.

Мұғалімдер оқушылардың бойында бұл қасиеттерді әртүрлі оқыту тәсілдерін қолдану арқылы тәрбиелейді және дамытады:

- сенімді қатынас пен ынтымақтастық ахуалын қалыптастыру үшін жағдай жасау;

- әрбір оқушының жеке пікірін тыңдау және алынған білімдер мен түсініктерді қолдану, оларды дамыту маңыздылығына мән беру;

- іс-әрекеттердің белсенді түрлерін ұйымдастыру және тиянақты сараланған тапсырмалар мен жаттығулар арқылы ынталандыру және дамыта оқыту;

- оқушылардың сабақта зерттеу жұмыстарын жүргізуін қажет ететін проблемалық жағдаяттар туындату және проблемаларды шешу стратегияларын модельдеу және көрсету;

- «оқу үшін бағалауды» қолдану арқылы оқушылардың оқуына қолдау көрсету;

- белсенді оқуға және зерттеу жобаларын орындауға негізделген оқушылардың зерттеу іс-әрекеттерін қолдау;

- оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;

- өз ойын жеткізе білу және дәлелдер келтіре алу, мәселелерді анықтау үшін өз пікірлерін жеткізу, болжам құру және ұсыныс жасау қабілетін дамытуға ынталандыратын жағдайлар жасау;

- оқушылардың жеке мүмкіндіктерін және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, сараланған тапсырмалар әзірлеу;

- жеке, жұптық, топтық және ұжымдық оқыту әдістері белсенді қолданылатын жалпы сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

Практик-мұғалімге көмек ретінде оқу процесін ұйымдастырудың қазіргі заманғы тәсілдеріне, әдістеріне, технологияларына тоқталып өтейік.

«Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасын іске асыруда қолданылатын тәсілдер:

- ✓ Құндылықтарға бағдарланған тәсіл
- ✓ Зерттеушілік тәсіл
- ✓ Тұлғаға бағдарланған тәсіл;
- ✓ Іс-әрекетке бағдарланған тәсіл;
- ✓ Саралап оқыту тәсілі;
- ✓ Коммуникативтік тәсіл;
- ✓ Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;
- ✓ Проблемалық оқыту тәсілі;
- ✓ Дамыта оқыту тәсілі;
- ✓ Дербес оқыту тәсілі;
- ✓ Ойын арқылы оқыту тәсілі.

1. *Құндылықтарға бағдарланған тәсіл* – қазақстандық патриотизмді, толеранттылықты, өз елінің өткен тарихына, ата-бабаларымыздың әдебиеті, мәдениеті мен әдет-ғұрыптарына құрмет көрсетуді жүзеге асырудың мүмкіндіктерін көздейді.

Оқытудағы құндылықтарға бағытталған тәсіл – ол оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол

жеткізу және пайдалану тәсілі. Құндылыққа бағытталған оқу процесі білім алушының бойында тұлғалық құндылықтар жүйесін қалыптастырады.

Құндылықты бағдарлау – тұлғаның өз әрекетінде жекелеген құндылықтарды (құндылықтарға бағдарлану қабілеттілігі) бағдар ретінде таңдап алу қабілеттілігі (қасиеті), сондай-ақ оларды өзінің жеке әлеуметтік маңызды құндылықтары ретінде сезіну және қабылдау қабілеттілігі.

Құндылықтарды іске асыру құндылықтардан шығатын талаптарға сай болу және күнделікті өмірді сол талаптарға бағындыру. Құндылықтардың мәні белгілі бір қоғамның сәтті әрекет етуі үшін қажетті ережелерді, дағдыларды, өмір салтын, мінез-құлық мәнерін қалыптастыруда көрініс табады.

Құндылықтар – қоғам қолдайтын және адамдардың көпшілігі бөлісетін белгілі нысандардың және құбылыстардың, адамдық қасиеттері мен өзін-өзі ұстау ережелерінің тұлғалық және әлеуметтік-мәдени маңыздылығы. Құндылықтар тұлғаны ынталанырудың өте маңызды факторы ретінде мінез-құлығы мен іс-әрекеттерін көтермелейді.

Орта білім берудің құндылықтары «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтарына негізделген. Орта білім берудің құндылықтары ретінде:

1) қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік;

2) құрмет;

3) ынтымақтастық;

4) еңбек пен шығармашылық;

5) ашықтық;

6) өмір бойы білім алу белгіленді.

2. *Зерттеушілік тәсіл* негізінде білім берудің жаңартылған мазмұнына көшу іске асырылады.

Зерттеушілік тәсіл:

- оқу процесінің барлық кезеңдеріне ғылыми зерттеулердің жалпы және жеке әдістерін енгізуді (қабылдаудан практикада қолдануға дейін);

- шығармашылық-ізденіс қызметтерін оқу және оқудан тыс уақытта ұйымдастыруды жобалайды.

Зерттеушілік тәсілі «мұғалім – білім алушы» өзара қарым-қатынасы сипатының ынтымақтастық жағдайына қарай өзгеруіне, сондай-ақ танымдық қызығушылығына тәрбиелеуге, білім алу мен оқуға деген оң уәждеме құруға, терең, сапалы білім алуды қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеушілік тәсілді қолдану жеке тұлғаның интеллектуалдық дамуына, өзіндік білім алу дағдыларын, белсенді танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

3. *Тұлғаға бағдарланған тәсіл* – дамыта оқыту моделіне жатады, сабақтағы мұғалім мен оқушының субъект-субъектілі қатынастарын, оқушыға деген демократиялық қатынасты, оның жеке тұлғасына құрметін, оқушының оңтайлы моральды-этикалық қасиеттерінің, ықтималды мүмкіндіктерін есепке ала отырып таланттарын айтарлықтай ашу мен қалыптасуын білдіреді. «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасын жүзеге асыру барысында тұлғаға бағытталған

тәсіл оқушының жеке қызығушылықтары мен қабілеттерін, өзіндік көзқарасы мен пікірін ескеруді көздейді.

Тұлғаға бағытталған тәсілдің мақсаты оқу процесін дараландыру, оның жеке психикалық және дене бітімі ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен мінез-құлық уәждерінің әлеуетті мүмкіндіктерін ескере отырып білім алушыны тұлға ретінде үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту, оның шығармашылық қабілеттерін толық ашу болып табылады.

4. *Іс-әрекетке бағдарланған тәсіл* – білім мен дағдылардың белсенді танымдық іс-әрекет барысында қалыптасатынын білдіреді, бұл деректер мен басқа да ресурстарды өз бетінше іздеу, интерпретациялау, талдау, тұжырымдау мен бағалауды білдіреді. Оқушылар проблемалық сұрақтарды бірлесіп талқылау, рөлдік ойындар мен белсенді оқыту формаларында белсенділік танытып, қатысады. Оқу бағдарламасында жаңа ақпаратты қолдану мен түрлендіру мүмкіндіктерін қолдануға баса назар аударылады, сондықтан ол оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Іс-әрекетке бағдарланған тәсілдің негізгі мазмұнында білім алушының білімді дайын күйінде алмай, оны өзі өндіруі, өзінің оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынатыны, оның ережелер жүйесін түсінуі мен қабылдауы жатыр, бұл өз кезегінде оның білімінің, біліктерінің және кең ауқымды дағдыларының белсенді әрі табысты қалыптасуына ықпал етеді.

Білім алушылардың оқу әрекеттері «білу», «түсіну», «қолдану», «талдау», «жинақтау», «бағалау» сияқты категорияларға топтастырылған.

Іс-әрекетке бағдарланған тәсіл өз бетінше ізденуді, түсіндіруді, талдауды, түрлі дереккөздерден алынған ақпаратты тарату мен бағалауды, графикалық мәліметтер мен басқа үйретуші ресурстарды қолданады.

5. *Саралап оқыту тәсілі* – әртүрлі оқушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін олардың жеке қажеттіліктері мен қабілеттерін ескеруді көздейді.

Саралап оқыту тәсілі әртүрлі оқушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерді саралау тәсілдерін кіріктіреді. Күрделілігі, оқу-танымдық қызығушылықтары, мұғалім тарапынан көмек сипатымен ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану – сараланған оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың шарты болып табылады.

Тілді оқытуда саралауды жүзеге асырудың әдіс тәсілдері: оқыту материалының көлемі; күрделілік деңгейі, шығармашылық деңгейі, оқушылардың өздігінен жұмыс жасай алу деңгейіне байланысты және оқушыларға қажетті қолдаушылықтың сипатына қарай іске асырылады.

Тілді саралап оқыту – мұғалім мен оқушының ынтымақтастығын, тілді оқыту үдерісінің диалогтік сипатта, әрекеттік-шығармашылық сипатта өтуін, оқушының жеке тұлғасының дамып, қалыптасуын көздейтін дидактикалық үдеріс.

Саралап оқытуды ұйымдастыруда оқушылардың оқу және танымдық деңгейлерінің әртүрлілігі басты назарда болуы керек. Оқушылардың даму,

жетілу, өсу, қалыптасу үдерістеріне қолдау танытып, олардың тұлғалық қасиеттері мен қабілеттерін тілді оқыту арқылы шешу жолдарын ұстану керек. Дидактикалық әдістер мен құралдар жүйесін осы мақсатқа бейімдеп қолдану керек.

Саралап оқыту – бір материалды барлық білім алушыларға әртүрлі оқыту тәсілдерін қолданып оқыту дегенді білдіреді. Мұнда білім алушы ойлау деңгейін іс-әрекетпен байланыстыра отырып, өнімді нәтижеге жетеді.

Жұмыс құралдары:

- Видео
- Эссе
- Комикс
- Плакат
- Веб-парақша
- Хат жазу
- Көрме
- Репортаж
- Жазбаша есеп
- Карта
- Демонстрация
- Фоторепортаж
- Брошюра
- PowerPoint таныстырлымы
- Сызба

6. *Құзыреттілік тәсіл*.

Құзыреттілік тәсілдің мақсаты дәстүрлі емес және типтік жағдаяттарда шешім қабылдау және іс-әрекет жасау, өз мақсатын анықтай алу дағдыларын меңгеру болып табылады.

Құзыреттілік тәсілінің басты міндеті білім алушылардың бастамашылдығы мен өз бетінше жұмыс істей алатынын көрсетуге деген ынтасы болып табылады. Ол білім алушылардың жеке әрекет ете алуына, өз қабілеті мен қызығушылығын ұйымдастыруына мүмкіндік береді.

Құзыреттілік тәсілі білім алушылардың білім, білік дағдыларын жеке-жеке емес, кешенді түрде меңгертуді жобалайды.

7. *Коммуникативтік тәсіл* дегеніміз ақпаратты тарату мен жариялауда, білім, білік және дағдылармен алмасуда екі не одан артық адамдардың сөйлеу арқылы атқарылатын әрекеттесу процесі. Коммуникативтік тәсілдердің нәтижесі болып тіл арқылы байланыс орнату қабілеттілігі, яғни тілдік және сөйлеу нормаларын дұрыс пайдалана және қатынас жағдайына сай тиімді қатынас жүріс-тұрысын таңдай отырып, түрлі жағдайларда қатынас әрекетінің басқа қатысушыларымен ой бөлісу және алмасу қабілеттілігі болып табылады.

Коммуникативті тәсілге сәйкес ұйымдастырылған оқу процесінде қатынасу икемділігін қалыптастыратын тапсырмаларды және шынайы қатынас жағдайларына сай жұмыс режимдерін (жұптық және топтық жұмыстарды)

кіріктіру керек.

8. *Интегративтік тәсіл*.

Білім алушыларды дамытуға арналған интегративтік тәсіл барысындағы оқыту процесі әртүрлі құралдар мен бірнеше іс-әрекеттерді біріктіру қағидатына сай құрылады. Интегративтік тәсілге көптеген белсенді қозғалыс түрлері жатады: сергіту сәттері, театрландырылған ойындар, қозғалыс үзілістері (кідіріс)

Интегративтік оқыту тәсілі білім алушылардың сөздік қорын кеңейтуге, коммуникативтік біліктіліктерін дамытуға, эстетикалық талғамдарын дамытуға, көркемөнер туындыларын түсіну және бағалауға мүмкіндік береді. Аталған оқыту тәсілі психикалық процестерге әсер етіп қиындықтарды жоюға, оқу материалын тиімді, қолжетімді, жаңа деңгейде қабылдауға мүмкіндік береді.

9. *Ойын арқылы оқыту*.

Оқыту әдісі ретінде ойын түрлерін қолдану білім алушылардың танымдық қызығушылық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Ойын түріндегі оқыту технологиясының басты элементтері:

- ойын алдында нақты оқу мақсаты қойылады;
- ойын арқылы белгілі педагогикалық нәтижеге қол жеткізу жоспарланады, оқыту іс-әрекеттері ойын ережелеріне бағынады, оқу материалдары ойын құралы болып табылады.

Ұжымдық іс-әрекет түрлерін ұйымдастыруға бағытталған ойын тәсілдері арқылы білім алушылар басқа шағын топ мүшелерінің пікірін сыйлауды, соңғы нәтиже мен өзіндік іс-әрекетін жобалай алуды, мақсатқа жету әдістерін анықтауды үйренеді.

10. *Жобалау тәсілі*. Оқу жобасы – білім алушылармен немесе білім алушылардың тобымен ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық немесе практикалық сипаттағы проблемаларды шешуге бағытталған оқу-танымдық іс-әрекеті. Проблемаларды кең тұрғыда шешу әрекетімен және келісілген әдістерімен, жалпы ортақ мақсатының болуымен сипатталады.

Жобалау әдісінің элементтерін қолдану арқылы білім алушылар алға қойған проблеманы шешудің өзіндік жолдарын іздеп табады. Жобалау әдісі білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес іске асырылады. Жобалау әдісін қолдану барысында білім алушылардың ұжымдық, топтық жобалар дайындау бойынша атқаратын іс-әрекеттерін ұйымдастыру ұсынылады. Жобалау жұмыстарын ұйымдастыру сабақпен ғана шектелмейді, сабақтан тыс уақытта да бірлесіп жұмыс жасаулары қарастырылады.

11. *Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану* «Қазақ әдебиеті» оқу пәнін оқыту процесінде оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдысын (ақпаратты табу, құрастыру және басқару, мәліметтер және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру) дамыту үшін жағдайлар жасалуы қажет.

Компьютерлік немесе жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім алушыларға білім мазмұнын компьютердің мүмкіндіктерін пайдалана отырып даярлау және жеткізу жолдары.

Қазақ әдебиетін оқыту барысында қолданылатын АКТ құрамында түрлі бағдарламалық-техникалық құралдар болады, олар алға қойылған педагогикалық мақсатты шешуге бағытталады. Педагогикалық мақсат қазақ тілін оқытудың белгілі бір саласына байланысты болады және оқушылардың белгілі бір өзара ынтымақтасқан оқу-танымдық әрекетін дамыту көзделеді. Қазақ тілін оқыту барысында қолданылатын АКТ бірнеше параметрлер бойынша жіктеледі.

Белгілі бір педагогикалық міндеттерді шешуге байланысты қолданылуы:

• қазақ тілінен базалық білім беруді мүмкін ететін құралдар – электрондық оқулықтар мен оқу құралдары, оқыту жүйелері, білімді бақылау мен тексеру жүйелері;

• практикалық тұрғыдан дайындалуға арналған құралдар – электрондық жаттығулар, виртуалды қазақ тілі сабақтары, тілдік тренажерлер;

• қосымша оқу құралдары – электрондық энциклопедиялар, хрестоматиялар, компьютерлік тілдік ойындар, қашықтан оқыту жүйесі.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі оқушылардың жұмыста, бос уақытында және қарым-қатынаста технологияларды біліктілікпен және шығармашылықпен пайдалануын қамтиды. Бұл АКТ-ны пайдалану дағдылары арқылы қалыптасады.

Оқушылар жалпы білім беретін негізгі мектеп бағдарламасындағы барлық пәндерді оқу барысында ақпаратты табу, құрастыру және басқару, мәліметтер және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы өз жұмысын жетілдіре және бағалай отырып, АКТ-ны қолдану дағдыларын дамытады. Бұл «Қазақ тілі» бағдарламасында төмендегідей көрініс табады:

- онлайн сабақтар арқылы инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды қолданады;
- АКТ арқылы презентация жасайды, салыстырады, жетілдіреді, зерттейді, бағалайды және бірлесе отырып, пікірлерін дәлелдейді;
- АКТ арқылы қажетті ақпаратты таңдай алады.

Сондықтан сабақтың оқу мақсатына жету үшін мұғалімге пәнді оқытуды ұйымдастыруда мазмұнға сәйкес әдістер мен тәсілдерді дұрыс таңдай білу ұсынылады.

12. *Кейс-стади тәсілі.*

Кейс-стади - бұл нақты оқиға мен жағдаятты талдауға арналған іскерлік ойын. Кейс-стадиді қолдану барысында білім алушылар топтық сұрақ-жауап кезінде шығарылған мәселенің маңызын түсіндіріп, жағдайды бағалайды, оқиға немесе процеске талдау жасайды, өзіндік шешу жолдарын көрсетеді.

Кейс-стадиді қолдану:

- жүйелі, корреляциялық, факторлық, статистикалық және тағы басқа талдау біліктіліктерін шыңдауға мүмкіндік береді;

- білім алушылармен қосымша тапсырмалар жасау нұсқаларын жобалайды;

- «ми шабуылы» пікірталасын өткізу, ғылыми дауласу, негізгі және әр жақты шешім бойынша дебаттар дайындалып өткізіледі деп жобалайды.

Кейс-стадиді қолдану барысында білім алушылардың дайын білімді меңгеруі емес оны өндіруге, яғни теориялық білімін практикалық міндеттерді шешуге қолдану дағдыларын дамыту және мұғаліммен білім алушылардың ынтымақтаса шығармашылықпен жұмыс жасауына басты назар аударылады.

13. *Дамыта оқыту тәсілі*.

Дамыта оқытудың мақсаты білім алушының күнделікті өмірге тәуелсіз, сонымен қатар ақиқатты іздей отырып, өзіндік оқуы арқылы білім алуға қол жеткізуі.

Дамыта оқыту әр білім алушының дербес танымдық әрекеттерге ұмтылуға құштарлығын, белсенді өмірлік қағидаттарын қалыптастырады. Білім алушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті. Ол оқытуда қолданылатын дидактикалық ойындар, пікірталастар, сонымен қатар шығармашылық қиялы мен ойлауына, есте сақтауына, сөйлеуіне бағытталған түрлі іс-әрекеттерге білім алушыларды оқыту түріндегі оқыту әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Дамыта оқыту білім алушының жан-жақты тұлғалық сапасының дамуына, өзіндік ой-тұжырымын жасауға, өзіндік оқу іс-әрекетіне талдау жасауға және оны басқара білуіне бағытталған.

15. *Модульдік оқыту тәсілі*.

Модульдік оқыту – оқу ақпаратын блокты – модуль негізінде беру арқылы оқу процесін ұйымдастыру тәсілі. Оқу мазмұны ақпаратты блоктарда беріледі де меңгеру мақсатқа сәйкес жүзеге асырылады.

Модульдік оқыту барысында білім алушылар үшін оқытылатын білім көлемі ғана емес, оны меңгеру деңгейінің дидактикалық мақсаты тұжырымдалады. Модульдік оқыту білім алушылардың базалық дайындығының деңгейіне, жеке сұраныстары мен икемділігіне қарай оқытуды қамтамасыз етеді. Оқытуды дараландыруды: оқу мазмұнын, меңгеруін, өзіндік деңгейі, әдісі мен тәсілі, бақылау, өзін-өзі бақылауы бойынша қамтамасыз етеді.

16. *Проблемалық оқыту тәсілі.*

Проблемалық оқыту – өзіндік дүниетанымын қалыптастырудың барынша өзекті құралы. Проблемалық оқытудың тиімділігі ол білім алушылардың сыни, шығармашылық, диалектикалық ойлауын қалыптастыру міндетін шешуден тұрады.

Проблемалық оқыту логикалық тәсілдер жүйесін немесе жекелеген шығармашылық іс-әрекеттерін, жаңа жағдаятта білімін шығармашылықпен қолдану біліктілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ол шығармашылық тәжірибесінің молаюына, зерттеушілік әдістерді меңгеруіне, практикалық проблемаларды шешуге мүмкіндік береді.

Проблемалық оқыту оқудың қажеттілігін, уәжін қалыптастыруға, яғни әлеуметтік құзыреттілігін, адамгершілік, танымдық қажеттілігін құруға

мүмкіндік береді.

17. *Дербес оқыту тәсілі*.

Дербес оқу – оқу-тәрбие процесін дараландыруға, білім алушылардың жеке ерекшелігін ескеріп оқыту мен тәрбиелеуге, өзіндік танымдық іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастыруға, өзіндік білімін көтеруге дайын болуы мен қажетсінуіне, білім алушылардың ұйымшылдығын, дербестігін тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Бәрі бірдей ортақ қарқынды жұмыс жасау арқылы барлық сыныпқа арналған тапсырманы білім алушының өзіндік орындау іс-әрекетін көрсетеді.

Білім, білік, дағдыларын жетілдіруде және қалыптастыруда өтілген материалды бекітуге дербес оқытуды тиімді пайдалануға болады. Дербес оқытуды тиімді пайдаланғанда әрбір білім алушының белсенді оқу әрекеті қамтамасыз етіледі. Ол әрбір білім алушының жеке қарқынды жұмыс істеуіне; білімде кеткен ақтаңдақтарды жоюға, саралап оқуға, әрбір білім алушының жұмысын жандандыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар дербес оқыту білім алушының өзіндік бақылауын күшейтеді, өздігінен білім алуының негізі болып табылады.

*Мәтінмен жұмыс жасау дағдылары*

Оқушылар кез келген ауызша немесе жазбаша мәтіндерді сенімділікпен және сын тұрғысынан пайдаланып, басқалармен әртүрлі тақырып төңірегінде саналы әрі анық әңгіме жүргізіп, әртүрлі мақсатқа арналған тұшымды мәтін құра білулері керек. Бұл оқушыларды тарихи мәселелермен қатар, заманауи тақырыптар мен мәселелерді талқылауға дайындап, олардың осы пікірталасқа араласуына түрткі болады. Оқу бағдарламасы біліммен қатар, дағдыларды да қолдануды назарға алады.

Мәтінмен жұмыс үш кезеңнен тұрады:

*Мәтіналды* (*тыңдалым, оқылымалды*) тапсырма: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған тапсырмалар, ой шақыру, сөздерді алдын-ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою, т.б.

*Мәтінмен жұмыс тапсырмалары*: әртүрлі оқылым/тыңдалым дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар (сұрақтар). Алғашқы тапсырмалар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі жаттығулар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс.

*Мәтіннен кейінгі тапсырма*: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Сонымен қатар сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай жасалуы керек.

Экономикадағы заманауи инновациялар, еңбек нарығындағы өзгерістер оқушылардың күрделі міндеттерді шешу үшін немесе оларды шешудің жаңа тәсілдерін табу үшін жағдаятқа, идеялар мен ақпараттарға талдау жасау және бағалауға, алған білімі мен тәжірибесін жаңа идея мен ақпаратты жинақтау үшін шығармашылық түрде қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын

меңгеру қажеттілігіне себепші болады. Жігерлілік, алғырлық, өзгерістерге дайындығы, байланысқа бейімділігі сияқты тұлғалық қасиеттер өзекті болып отыр.

***Оқу мақсаттарымен жұмыс***

5-сыныпта оқушылар «Түсіну және жауап беру» дағдысы бойынша әдеби шығарманың жанрын, тақырыбы мен идеялық мазмұнын анықтайды. Көркем шығармадағы кейіпкердің портреті мен іс-әрекеті арқылы танылатын образын ашады. Көлемі шағын үзінділерді жаттау арқылы есте сақтау қабілеті дамиды. Көркем мәтіндерді оқу арқылы оқушыда мәтіннің мәнін түсіну, мәнерлеп оқу дағдылары қалыптасады. Көркем мәтінді оқу оқушылардың тұлғасы дамып-жетілуін, оның интеллектісі, сөйлеу әрекетінің төрт негізгі түрі (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу) қалыптасуын, оқырмандық әрекеті мен қызығушылығы дамуын, осылар арқылы оқу әрекеттері компоненттері мен жан-жақты машық-дағдылар қалыптасуын қамтамасыз етеді. Оқушының көркем мәтінді ажырата тани алуы үшін, әрқайсысының маңыздылығын түсінуі, оны өмірлік жағдаяттарда саналылықпен қолдана алуы үшін оқудың саналы оқу, дұрыс оқу, жүгіртіп оқу, мәнерлеп оқу т.б. түрлері қолданылады.

Оқушылар әдеби шығарманың құрылысын, композициялық жасалу тәсілдерін, екі нәрсені, құбылысты (оқиғалар желісін, кейіпкерлерді т.б.) салыстыра суреттеу мен қарама-қарсы суреттеу тәсілдерін меңгере отырып, талдау жасау және интерпретациялау дағдыларын қалыптастырады. Эпикалық шығармадағы жазушының авторлық тұлғасының көріну қалпын, суреткерлік шеберлігін анықтайды. Көркем шығармаға түрлі деңгейдегі талдау жұмыстарын жүргізу арқылы оқушылардың ойлау қабілеттері (шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлау т.б.) дамиды. Мәтінмен жан-жақты жұмыс жасау үдерісінде қаламгердің тілдік көркемдегіш құралдарды қолдану зертханасына талдау жасайды. Шығармадан алған әсерін сипаттайды, авторға арналған хат, өлең жазады.

6-сыныпта оқушылар түсіну және жауап беру дағдысы бойынша әдеби шығарманың жанрын, тақырыбы мен идеялық мазмұнын анықтайды. Көркем шығармадағы кейіпкердің портреті мен іс-әрекеті арқылы танылатын образын ашады. Көлемі шағын үзінділерді жаттау арқылы есте сақтау қабілеті дамиды. Көркем мәтіндерді оқу арқылы мәнерлеп оқу дағдылары дамиды. Оқушылар әдеби шығарманың құрылысын, композиция жасалу тәсілдерін, екі нәрсені (оқиғалар желісін, кейіпкерлерді т.б.) салыстыра суреттеу мен қарама-қарсы суреттеу тәсілдерін меңгеру арқылы анализ және интерпретация дағдыларын қалыптастырады. Эпикалық шығармадағы жазушының авторлық тұлғасының көріну қалпын, суреткерлік шеберлігін анықтайды. Көркем шығармаға түрлі деңгейдегі талдау жұмыстарын жүргізу арқылы оқушылардың шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері дамиды. Қаламгердің тілдік көркемдегіш құралдарды қолдану лабораториясына талдау жасайды. Шығармадан алған әсерін сипаттайды, авторға арналған хат, өлең жазады. Оқушылар орындайтын ауызша және жазбаша жұмыстар арқылы бағалау және салыстыру дағдылары қалыптасады. Оқушылар көркем шығармадағы жекелеген эпизодтар арқылы

тарихи құндылықтар мен кейіпкерлерді талдап танып, ол құндылықтарды шынайы өмірмен байланыстыра отырып бағалайды. Шығарманың кейіпкерін өзіндік құндылық болмысы тұрғысынан талдап, нәтижесінде әдеби эссе, оқырманның рухани дүниесіне тигізетін әсерін бағалайтын сыни хабарлама жазады. Көркем шығармаларға түрлі мақсаттағы салыстырмалы талдау жасау дағдысын дамыту үшін сыныптан тыс оқитын қосымша әдебиеттер тізімі ұсынылады.

7-сыныпта оқушылар «Түсіну және жауап беру» дағдысы бойынша әдеби шығарманың жанрын, тақырыбы мен идеялық мазмұнын анықтайды. Көркем шығармадағы кейіпкердің портреті мен іс-әрекеті арқылы танылатын образын ашады. Көлемі орташа үзінділерді жаттау арқылы есте сақтау қабілеті дамиды. Көркем мәтіндерді оқу арқылы оқушыда мәтіннің мәнін түсіну, мәнерлеп оқу дағдылары дамиды. Көркем мәтінді оқу оқушылардың тұлғасы дамып-жетілуін, оның интеллектісі, сөйлеу әрекетінің төрт негізгі түрі (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу) қалыптасуын, оқырмандық әрекеті мен қызығушылығы дамуын, осылар арқылы оқу әрекеттері компоненттері мен жан-жақты машық-дағдылар қалыптасуын қамтамасыз етеді. Оқушының көркем мәтінді ажырата тани алуы үшін, әрқайсысының маңыздылығын түсінуі, оны өмірлік жағдаяттарда саналылықпен қолдана алуы үшін оқудың саналы оқу, дұрыс оқу, жүгіртіп оқу, мәнерлеп оқу т.б. түрлері қолданылады.

Оқушылар шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыруды, эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтауды, шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау меңгере отырып, шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу арқылы «Анализ жасау және интерпретациялау» дағдыларын дамытады. Эпикалық шығармадағы жазушының авторлық тұлғасының көріну қалпын, суреткерлік шеберлігін анықтайды. Көркем шығармаға түрлі деңгейдегі талдау жұмыстарын жүргізу арқылы оқушылардың ойлау қабілеттері (шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлау т.б.) дамиды. Мәтінмен жан-жақты жұмыс жасау үдерісінде қаламгердің тілдік көркемдегіш құралдарды қолдану лабораториясына талдау жасайды. Шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе, шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазады.

8-9-сыныптарда оқушылар «Түсіну және жауап беру» дағдысы бойынша әдеби шығарманың жанрын, тақырыбы мен идеялық мазмұнын, фабуласын, сюжетін анықтайды. Көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктейді, көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтайды. Көркем мәтіндерді оқу арқылы оқушы мәтіннің мәнін түсініп, көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолданады, көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолданады. Көркем мәтінді оқу оқушылардың тұлғасы дамып-жетілуін, оның интеллектісі, сөйлеу әрекетінің төрт негізгі түрі (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу) қалыптасуын, оқырмандық әрекеті мен қызығушылығы

дамуын, осылар арқылы оқу әрекеттері компоненттері мен жан-жақты машық-дағдылар қалыптасуын қамтамасыз етеді. Оқушының көркем мәтінді ажырата тани алуы үшін, әрқайсысының маңыздылығын түсінуі, оны өмірлік жағдаяттарда саналылықпен қолдана алуы үшін оқудың саналы оқу, дұрыс оқу, жүгіртіп оқу, мәнерлеп оқу т.б. түрлері қолданылады.

Оқушылар шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтауды, шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беруді меңгере отырып, «Анализ жасау және интерпретациялау» дағдыларын қалыптастырады. Шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен, мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалайды. Көркем шығармаға түрлі деңгейдегі талдау жұмыстарын жүргізу арқылы оқушылардың ойлау қабілеттері (шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлау т.б.) дамиды. Мәтінмен жан-жақты жұмыс жасау үдерісінде қаламгердің тілдік көркемдегіш құралдарды қолдану лабораториясына талдау жасайды. шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазады, шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазады.

Көркем шығарманың бейнелі-мәнерлі тілдік құралдарын қабылдай алу, автор жасап шығарған өмір картинасын санасында орналастыру, көркем мәтіндегі себеп пен салдардың байланысын анықтау, көркем шығармадағы автордың көзқарасын түсіну, мәтіннің негізгі ойын, идеясын анықтау (мұғалімнің көмегімен) т.б. талдау әдістерін қолдануды меңгереді. Оқушылар орындайтын ауызша және жазбаша жұмыстар арқылы бағалау және салыстыру дағдылары қалыптасады.

Салыстыру тәсілінің мынадай түрлерін меңгереді:

- салыстырылатын нысандардың тек ұқсастығын табуды мақсат ететін салыстыру;
- салыстырылатын нысандардың тек айырмашылығын табуды мақсат ететін салыстыру;
- салыстырылатын нысандардың ұқсастығы мен айырмашылығын қатар табуды мақсат ететін салыстыру.

Оқушылар көркем шығармадағы жекелеген эпизодтар арқылы тарихи құндылықтар мен кейіпкерлерді талдап танып, ол құндылықтарды шынайы өмірмен байланыстыра отырып бағалайды. Шығарма кейіпкерін өзіндік құндылық болмысы тұрғысынан талдап, нәтижесінде әдеби эссе, оқырман ретінде өзінің рухани дүниесіне берген әсерін бағалайтын сыни хабарлама жазады. Көркем шығармаларға түрлі мақсаттағы салыстырмалы талдау жасау дағдысын дамыту үшін сыныптан тыс оқитын қосымша әдебиеттер тізімі ұсынылады және жергілікті ақын-жазушылардың шығармашылығымен байланыстыру мүмкіндігі беріледі.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша бір сабақта бір немесе бірнеше оқу мақсатын алуға болады. Мұғалім оқу мақсаттарының комбинациясын шебер пайдалана білуі керек.

Пәнаралық байланыс – оқытудың ерекше категориясы болғандықтан, оқушылардың әдебиеттен жүйелі білім алуын күшейтіп, оқу әдістерін белсендіреді. Әдебиет сабағындағы пәнаралық байланыс оқушылардың эстетикалық талғамын және сурет, музыка, кино өнерлеріне ұмтылысын қалыптастырады. Шығармадағы тарихи шындық пен көркемдік шешім көрінісін, топонимикалық, ономастикалық атаулардың маңыздылығын түсіне отырып, оқылған шығарманы бейнелеу және музыка өнерімен ұштастыра отырып, пәнаралық байланысты кеңінен қолдану оқушының дүниетанымын қалыптастырады.

Оқушылар «***түсіну және жауап беру***» дағдысы бойынша әдеби шығарманың жанрын, тақырыбы мен идеялық мазмұнын анықтайды. Көркем шығармадағы кейіпкердің портреті мен іс-әрекеті арқылы танылатын образын ашады. Көлемі шағын үзінділерді жаттау арқылы есте сақтау қабілеті дамиды. Көркем мәтіндерді оқу арқылы мәнерлеп оқу дағдылары қалыптасады.

Оқушылар әдеби шығарманың құрылысын, композиция жасалу тәсілдерін, екі нәрсені (оқиғалар желісін, кейіпкерлерді т.б.) салыстыра суреттеу мен қарама-қарсы суреттеу тәсілдерін меңгеру арқылы «***анализ және интерпретация***» дағдыларын қалыптастырады. Эпикалық шығармадағы жазушының авторлық тұлғасының көріну қалпын, суреткерлік шеберлігін анықтайды. Көркем шығармаға түрлі деңгейдегі талдау жұмыстарын жүргізу арқылы оқушылардың шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері дамиды. Қаламгердің тілдік көркемдегіш құралдарды қолдану лабораториясына талдау жасайды. Шығармадан алған әсерін сипаттайды, авторға арналған хат, өлең жазады.

Оқушылар орындайтын ауызша және жазбаша жұмыстар арқылы «***бағалау және салыстыру»*** дағдылары қалыптасады. Оқушылар көркем шығармадағы жекелеген эпизодтар арқылы тарихи құндылықтар мен кейіпкерлерді талдап танып, ол құндылықтарды шынайы өмірмен байланыстыра отырып бағалайды. Шығарманың кейіпкерін өзіндік құндылық болмысы тұрғысынан талдап, нәтижесінде әдеби эссе, оқырманның рухани дүниесіне тигізетін әсерін бағалайтын сыни хабарлама жазады.Көркем шығармаларға түрлі мақсаттағы салыстырмалы талдау жасау дағдысын дамыту үшін сыныптан тыс оқитын қосымша әдебиеттер тізімі ұсынылады.

Қазақ әдебиеті пәні бойынша бір сабақта бір немесе бірнеше оқу мақсатын алуға болады. Мұғалім оқу мақсаттарының комбинациясын шебер пайдалана білуі керек.

***Пәнаралық байланыс.*** Әдебиет пәні тіл пәндерімен, тарихпен, ғылымға кіріспемен, бейнелеу өнерімен, музыкамен және басқа да пәндермен тығыз байланыста үйлесім табады. Шығармадағы тарихи шындық пен көркемдік шешім көрінісін, топонимикалық, ономастикалық атаулардың маңыздылығын түсіне отырып, оқылған шығарманы бейнелеу және музыка өнерімен

ұштастыру арқылы, пәнаралық байланыс сабақтастығын кеңінен қолдана отырып, оқушының дүниетанымын қалыптастырады.

***«Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың әдіс-тәсілдері***

Қазақ әдебиеті пәнін оқытудың педагогикалық тұғырлары «Құндылық бағдарлы оқыту», «Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет сезімін қалыптастыру», «Дамыта оқыту», «Тұлғалық бағдарлы оқыту», «Әрекетке бағдарлы оқыту», «Саралай және даралай оқыту», «Коммуникативтік/функционалдық бағдарлы оқыту», «Ақпараттық-коммуникациялық бағдарлы оқыту» бағытында болғандықтан, осыған сай педагогикалық әдістер мен тәсілдер жүйесі қолданылады. Атап айтқанда, әдістер жүйесі мынадай жіктемеде жүйеленеді:

– әңгіме, пікірталас, дәріс, кітаппен жұмыс – репродуктивтік сипаттағы танымдық белсенділікті дамытатын білімді меңгеру әдістері;

– классикалық проблемалық әдіс (Дьюи бойынша), коммуникативтік жағдаяттық әдіс, идеялар банкі – ми шабуылы, дидактикалық ойындар: еліктеу ойындары, іскерлік ойындары – оқушылардың өзіндік жұмыс арқылы шығармашылық танымдық белсенділікпен проблемаларды шеше отырып білім алу әдістері;

– импрессивтік әдістер, экспрессивтік әдістер, шығармашылық тапсырмаларды орындау әдістері;

– оқу-практикалық әдістер – оқушылардың көркем әдебиетті көркем өнердің басқа түрлерімен байланыста қабылдау арқылы танымдық белсенділігін дамыту әдістері;

– көркем әдебиетті меңгеру арқылы сурет салу, проблемаларды шешудің ең оңтайлы және тиімді жолдарын шешу және таңдау әдістері – шығармашылық міндеттерді жүзеге асыруды көздейтін практикалық әдістер;

– пікірталас, өзіндік жұмыс, классикалық проблемалық әдістер.

Креативтілік ақыл-ой қабілеті немесе оқуға қабілеттілік сияқты адамның бойында бар немесе жоқ деп кесіп айтатындай туа біткен қасиет емес. Оны дамытуға болады, сондықтан оқушыларды креативті болуға үйретуге болады. Креативтілік балаларды бақылаусыз өз бетіне жіберу арқылы немесе тек өнер арқылы ғана дамиды деген кең таралған жаңсақ ұғымның болуына қарамастан, креативтілікті дамыту мұғалімдер мен оқушылардан жүйелілік пен мақсаттылықты талап етеді және оған оқу пәндері арқылы қол жеткізуге болады [1].

Оқушылар алған білімдерін өмірде қолдануға болатынын түсінген кезде, олардың оқуға және меңгерген білімдерін шығармашылықпен пайдалануға ішкі мотивациясы арта түседі. Оқушылар өздерінің оқуға деген қабілетін оң бағалап, сәтсіздіктеріне өмірлік тәжірибе ретінде қараса, бұл олардың креативтілікке бейім екендігін көрсетеді. Проблемаларды белгілеу және оларды шешу, оқуды үйрену, кешенді коммуникация, іргелі білімдерді меңгеру сияқты пәндік дағдыларды меңгеру де креативтілікті дамытады. Мысалы, егер оқушыларға белгілі бір ғылыми проблеманы қойып, өздерінің экспериментін жүргізу ұсынылатын тапсырма берілсе, олар осыған байланысты өзекті тақырып

таңдап, жақсы жоба әзірлеп ұсыну үшін, өздерінің білімі мен креативтілігін пайдалану қажет болады. Пән арқылы оқыту туралы ғылыми сабақ – бұл оқушылардың креативтілігін дамытуда қолданатын стратегиялардың бірі болып табылады [2, 3].

Ынталандыру және қолдау оқушыларға өздерінің креативтілігін дамыту туралы тиімді ойлау модельдерін құруға көмектеседі. Креативтілікті анықтау оқушыларға олар өз бетінше байқамауы мүмкін креативтілік қабілеттерін айқындауына көмектеседі. Метакогниционялық дағдыларды дамыту сияқты, тікелей креативті процесс туралы, оған ненің оң әсер ететіні, ненің кері әсер ететіні туралы айту арқылы оқушының креативтілік қабілетін дамытуға ықпал етуге болады. Ұқсастықтардың болуына қарамастан әртүрлі мәдениеттерде креативтіліктің мәні мен құндылығы туралы түсінік әрқалай болып келеді. Бір елдерде креативтілік қоғамдық және адамгершілік қасиеттер ретінде қарастырылса, енді бір елдерде адамның тұлғалық ерекшелігін көрсететін қасиеттер ретінде қарастырылады [4].

Креативтіліктің басқа тұжырымдамалық белгілеріне қатысты ҚХР, Жапония және АҚШ-тан 400-ден астам оқушы қатысқан сауалнама қорытындысы бойынша бұл елдердің оқушылары креативтілік туралы түсінікті жаңашылдығы мен пайдалылығы тұрғысынан бағалайтынын көрсетті. Дегенмен қытайлық оқушылар креативтілікті жаңашылдық тұрғысынан ерекше бағалайтынын атап көрсеткен. Ал жапондық және американдық оқушылар оны пайдалылығы тұрғысынан маңызды деп санайды. Креативтілікке үйрету мен дағдыландыруда осындай мәдени айырмашылықтарды да ескеру қажет [5].

**Белсенді оқу** педагогикалық әдіс-тәсілдерді, сондай-ақ ұйымдастырушылық-басқару құралдарын кеңінен және мүмкіндігінше кешенді пайдалану арқылы оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін жан-жақты жандандыруға бағытталған оқу үдерісін ұйымдастыру және жүргізу.

**Бірлесе оқу** білім берушілер мен білім алушылар арасындағы тығыз қарым-қатынас негізінде ұйымдастырылып, оқу үдерісіне қатысушы әрбір тұлғаның жеке үлесі мен қабілеті мойындалатын үдеріс. Жұмыс тиімді болу үшін өкілеттік пен жауапкершілік топ мүшелері арасында бөлінеді. Топ мүшелерінің ынтықтымақтаса әрекет ете отырып, өзара келісімге келуі бірлесе оқудың алғышарты болып табылады.

**Білім** жеке пән мазмұнында жүйеленіп берілген қоғам мен табиғат туралы ұғымдар мен түсініктер, заңдар мен заңдылықтар жиынтығы.

**Білік** оқушының белгілі бір әрекетті орындаудың амал-тәсілдерін білуі; меңгерген білімі мен дағдысына сүйеніп, орындайтын іс-әрекеті.

**Дағды** тар мағынада: көп рет қайталану негізінде қалыптасқан, автоматтандырылған машық; кең мағынада: тұлғаның оқуда және өмірде кездесетін мәселелерді білімін, білігін және өмірлік тәжірибесін ұштастыра отырып шешуі. «Кең ауқымды дағды» ретінде қарастырылатын дағдының бұл түріне сын тұрғысынан ойлау, топта жұмыс істеу, ақпаратпен жұмыс істеу т.б. дағдылар жатады.

**Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану**

құзыреттілігі оқушылардың жұмыста, бос уақытта және қарым-қатынаста технологияларды біліктілікпен және шығармашылықпен пайдалануын қамтиды. Бұл АКТ-ны пайдаланудың бастапқы дағдылары арқылы қалыптасады.

Пән мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу процесінде оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, атап айтсақ: қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең ауқымда қолдану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру сияқты қолдану дағдыларын дамыту үшін алғышарттар/жағдайлар жасау керек.

Оқушылар Кіріктірілген білім беру бағдарламасындағы барлық пәндерді оқу барысында ақпаратты **табу**, **құрастыру** және **басқару**, мәліметтер және идеялармен **бөлісу, бірлесіп әрекет ету,** түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы өз жұмысын **бағала**й және жетілдіре отырып, АКТ-ны қолдану дағдыларын дамытады.

Бұл «Қазақ әдебиеті» оқу бағдарламасында төмендегідей көрініс табады**:**

- көркем шығарма бөлімдерін толықтай түсіну үшін және оның негізгі идеяларын түсіндіру үшін медиа материалдарын қолдану;
- оқушыларды сабаққа белсенді қатыстыру үшін АКТ мүмкіндіктерін сабақта қолдану;
- көркем шығарманы толықтай түсіну үшін және көтерілген мәселелер бойынша өз ойын дәлелдеу үшін медиа құралдарды қолдану;
- медиа құралдарды қолдана отырып, ақпаратты және дәлелді түсінеді, әртүрлі пікірлерді талдайды және салыстырады;
- медиа құралдарды қолдана отырып, ғаламдық тақырыптарға қатысты мәселелерді нақтылайды және мәселелерге әртүрлі пікір тұрғысынан талдау жасайды;
- АКТ арқылы презентация жасайды, салыстырады, бағалайды, жетілдіреді, зерттейді және бірлесе отырып, пікірлерін дәлелдейді.

**«Қазақ әдебиеті» пәні бйынша лқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту тапсырмаларында цифрлық контенттерді қолдану:**

- өлең, толғау, аңыз, драмалық шығармалар, хикаяттарды тыңдайды және түсінеді, көтерілген мәселелер бойынша өз ойын анық жеткізеді, маңызды идеяларды ортаға салады;
- бейне, аудио материалдарды тыңдап не көрп, дебатқа қатысу және өз пікірін дәлелдеу;
- пікірталас (дөңгелек үстел, дебат, айтыс) барысында түрлі қанатты сөздерді қолдана отырып, белгілі бір тақырып бойынша өз көзқарасын негіздеп айту.
- медиақұралдардағы материалдарды оқу арқылы ақпараттар мен дәлелдемелерді түсіну, түрлі көзқарастарды талдау және салыстыру;
- шығарманың бөлімдерін түсініп оқу, ақпаратты зерттеу және синтездеу;
- ақпараттық ресурстарды қолдана отырып, әлем әдебиетінің

құндылықтары туралы зерттеу жүргізу және сыни тұрғысынан ойлау арқылы сын пікірлер айта білу;

- әдеби шығармаларды, БАҚ материалдарын және интернетті өз бетімен оқу және түсіну.

Әдебиет пәнін оқытуда қазақстандық білім беру жүйесінде сыналған, тәжірибеде кең қолданылып жүрген дамыта оқыту, интерактивті оқыту, ақпараттық-коммуникациялық оқыту, коммуникативтік оқыту, сыни тұрғыда оқыту т.б. технологиялардың оңтайлы әдіс-тәсілдері қолданылады. Блум таксономиясы бойынша білім мен түсінік, қолдану, анализ және синтез, бағалауға бағытталған жұмыс түрлері жүргізіледі. Жеке, жұптық, топтық жұмыстар, рөлдік ойындар, пікірталас, дебат, белсенді оқыту тәсілдері және т.б. жағдаяттық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда білім беруді ізгілендіру технологиясын қолдану ұсынылады.

***Ресурстармен жұмыс.*** Оқу үдерісінде түрлі үнтаспа, бейнетаспаларды, медиаматериалдарды, бейнероликтерді, ғаламтор материалдарын, электронды оқулықтарды, АКТ құралдарын пайдалану сабақ тиімділігін арттырады. Сонымен қатар театр, мұражайлар мен кітапхана, тарихи ескерткіштерге саяхат жасату арқылы оқыту ресурстарының қоры кеңейеді.

Оқу бағдарламасында ұсынылған көркем шығармаларды толық оқу қарастырылған. Бұл оқушыға автордың идеясын толық түсінуіне, шығарманы жан-жақты талдай алу қабілетін дамытуға және оқырмандық қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бір шығарманы толық оқып, талдай білген оқушы өз бетінше оқыған шығармасын ой елегінен өткізіп, интерпретация жасап, бағалай алады.

Төменде цифрлық контенттер қолданылған қазақ әдебиеті сабақтарының сабақ жоспарлары ұсынылды.

**І бөлім: Туған жерім - аялы алтын бесігім -16 сағат**

***Алынған білімді дамыту***

Бөлім оқушылардың 5-сыныпта қалыптастырылған білімі мен білігін, оқу, зерттеу, креативті, сыни ой айту дағдыларын жетілдіруге негізделген**.**

***Контекст (мәнмәтін)***

«Аяз би» ертегісі,«Алып Ер Тұңға» жыры,Әл Фараби «Қашықтасың туған жер», «Тіршілікте құрыштай бол төзімді», Доспамбет жырау «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Айналайын, Ақ Жайық».

***Бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының тізімі:***

1. 1. Т/Ж1.Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау.
2. Т/Ж2. Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру.
3. Т/Ж3.Әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау.
4. Т/Ж4. Көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту

5. А/И1.Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау.

6. А/И2. Эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау.

7. А/И3. Шығармадағы көркем ауыстыруларды(троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау

8. А/И4. Әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу

9. Б/С1. Шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру

10. Б/С2. Кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру

11. Б/С3. Шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.

12. Б/С4. Шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау.

***Пәнаралық байланыс.*** Бөлімдегі тақырыптар тарих, география, бейнелеу өнері, музыка пәндері және кино өнерімен байланысады.

***Сыныптан тыс шаралар.*** «Ертегілер әлемі» сахналық қойылымдар, көркемсөз, жыршы-термешілер сайысы, әдеби кештер т.б.

**Әдебиет теориясы:** жанр, фабула, сюжет, әлеуметтік-қоғамдық мәселе, композиция, эпизод, кейіпкерлер жүйесі т.б.

**Тақырып: «Аяз би» ертегісі - 6 сағат**

**Оқыту мақсаттары:**

*«Түсіну және жауап беру»:*

Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау;

Көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту;

Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру.

*«Анализ және интерпретация»:*

Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру;

Әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу;

*«Бағалау және салыстыру»:*

Шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру;

Кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру;

Кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру.

Кестелер арқылы ертегінің жанрлық сипатын еске түсіреді.

*Болжау әдісі*

*Ребус «Даналық»*

Ребус шешімінің мағынасын ашып, сабақ тақырыбына болжау жасайды.

*«Джигсо»* арқылы «Аяз би» ертегісінің мазмұнымен танысу.

***Қалыптастырушы бағалау.***

Оқушылар мәтіннен ой тастайтын тұрақты тіркестер мен сөздердің/тіркестердің астын сызады, әр сөзге қысқаша түсінік жазады. Үзінділерді мәнерлеп оқиды, жаттайды.

***Қалыптастырушы бағалау.***

«Блум таксономиясы» бойынша сұрақтар:

**Білу**- Ертегі не туралы?

**Түсіну**- Ертегінің негізгі идеясы?

**Қолдану**- Ертегі оқиғаларының желісін ой картасына түсіріндер. **Анализ** – Жаман мен қыз арасындағы алғашқы диалогқа талдау жасаңыз.

**Синтез**- Жаманның өз атына лайықты адам емес екенін дәлелдеңіз.

**Бағалау**- Ертегі неге «Аяз патша» емес, «Аяз би» аталған?

**Жұптық бағалау.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Оқушылар үзіндіден Жаманның ақылдылығы, даналығы мен көрегендігіне дәлел табады. кейіпкер | сипаттама | Дәлелдеме мәтінмен жұмыс | |

***Проблемалық сұрақ***

Осы кейіпкерлердің қайсысы ұнайды ? Неге?

Біздің заманымызда осы кейіпкерлерге ұқсайтын адамдар бар ма?

Жаманның түрі мен іс-әрекеті қандай?

Ханның уәзірлеріне берген тапсырмасының мәні неде?

Жаман туралы хан мен уәзірлер не ойлайды?

Жаман қалай сөйлейді?

***Қалыптастырушы бағалау.***

***Креативті жазу***

Ертегідегі негізгі оқиғаны өмірмен байланыстыра, баға бере отырып айтады.

Ең жақсы жазылған жұмыс сыныпта оқылады, мектепішілік «Кәусар бұлақ» басылымына ұсынылады.

***Қалыптастырушы бағалау.***

Меңді мен Жаман бойындағы ерекше қасиеттер

***Қалыптастырушы бағалау.***

Мұғалім фольклор жанры туралы алған бұрынғы білімді пысықтау үшін тапсырмалар мен кестелерді, сілтемені басшылыққа ала отырып дайындайды.

Мұғалім шығарманың жанры,фабуласы,сюжеті туралы түсінік береді.

**«Жигсо»** әдісі бойынша мәтін үзіндісін оқып болған соң бір-біріне түсіндіреді.

4 топқа бөлінген оқушылар өз ішінде 1,2,3,4,5,6-ға бөлініп, мәтін бөліктерін оқып, түсіндіреді.

Мұғалім деңгейі төмендеу оқушыларға идеялар табуға көмектеседі.

Мұғалім жақсы мен жаман адамның қасиеттері туралы мақал-мәтелдерді еске түсіріп, байланыстыра алады.

***Оқыту ресурстары***

http://el.kz/m/articles/view/content-4285

https://kk.wikipedia.org/wiki/Аяз_би

«Аяз би» ертегісінен алынған мәтін бөліктері

http://my.mail.ru/community/fairy_tales_/3D89E7B0DDF6C2DE.html

http://kitap.kz/audiobook/583-ayaz_bi/5183-ayaz_bi

http://bilimland.kz/index.php/kz/catalog/lesson/7484

**Тақырып:** Қ.Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» повесі

Оқыту мақсаты: «6.1.1.1 әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау»

Оқыту мақсатын игертуде оқушыға ең алдымен жанр, фабула, сюжет ұғымдарын түсіндіріп, әдеби-теориялық түсінік беріп өткен жөн. Сәйкестендіру тәсілімен оқыған білімдерін еске түсіріп, ұғымдарды қайталап өтсе, оқу мақсатын игеруге арналған негізгі тапсырмаларды түсініп, жасай алары сөзсіз.




Ұғым-түсініктерді қайталап өткеннен соң негізгі тапсырмаға көшпес бұрын шығарманың жанрлық ерекшелігіне тоқталып өткен жөн. 6-сынып оқушылары әдебиеттің жанрлық (тек, түр) ерекшеліктерін әлі де толық түсіне бермесі анық. Сондықтан, мұғалімнің қолдауымен шығарманың жанрына ауызша талдау жүргізілсе оқушылар үшін келесі тапсырмаларды орындау жеңіл болады. Ілгері оқу тәсілі бойынша оқушыларға шығарма мазмұнымен танысу бір сабақ бұрын берілуі тиіс. Шығарма мазмұнын (фабуласын) білетін оқушы тапсырманы оңай орындап, сабақ үстінде талдаулар жүргізе алады.

**Тапсырма**

**Шығармадағы оқиғалар тізбегін даму ретімен орналастырыңыз.**




Мәселен, Қ.Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» повесінен берілген үзіндімен оқушы таныс болып, мазмұнын біліп тұрса, оқиғалар тізбегін ауыстырып ұсынып, оны өзінің даму ретімен орналастыртуға болады. Осылайша шығарма сюжеттері еске түсіріліп, композициясына да талдау жүргізе алады. Сонымен қатар, мәтін бөліктері бойынша да жұмыс жасатып, нақты үзінділер арқылы сюжеттерді анықтауға болады.

**Тапсырма**

**Үзінділердегі оқиғаларды еске түсіріп, сюжетін анықтаңыз.**

| Повестен үзінді | Сюжеті |
|---|---|
| Бала, қарын күреп болып, тиынын алған соң, Масликов қойын дәптерін алып, балаға жымия қарап, әңгімеге кірісті.<br>- Бала, сен қайдан келдің, ә?.. Мен білем, сен Қызылжардікі емес. Қай болыс, қай ауылдікі?<br>- Ақмола облысы, Сарытерек болысы, Құрама ауылынан.<br>- Әкеңнің аты кім?<br>- Мұңайтпас Ернақов.<br>- Өз атың кім?<br>- Мұқан. Оны қайтесің? | |
| - Осындай мейірімдерің болмаса, ел деп кім айтар еді... – деді бір карт. Ақшаны қолына ұстаған біреу Масликовтың қолына санап беріп, аттың төленгеніне тілхат алды. | |

Повесь мәтінінен бірнеше үзінділер бере отырып сюжетті анықтаса, оқушының есте сақтау қабілетінің деңгейін де, шығарма мазмұнымен қаншалықты таныс болғандығын да көре аламыз. Сондай-ақ, шығарма мазмұнында көрініс тапқан бір эпизодты еске түсіру үшін тақырыпқа сай суретті ұсынып, оқиғаны көз алдына визуалды түрде елестуге ықпал ете аламыз.

**Тапсырма**

**Берілген суреттен қандай оқиғаны көруге болады? Мазмұнын еске түсіріңіз!**

Суретке қарап, оқушы оқиғаны анықтап, мазмұнын жеткізе алады. Сол арқылы оқу мақсатын игеріп, өз білімін толықтыра түседі. Бұл тапсырмалардың барлығы оқу мақсатын толық меңгеруге ықпал ете алады.

«Анализ және интерпретация» дағдысы бойынша «6.2.3.1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау» мақсатын игертуде ең алдымен троп және фигура ұғымдарына түсінік беріп, олардың ара жігін ажыратуға ден қойған дұрыс. Себебі, спиральділік қағидаты негізінде аталған оқу мақсаты одан әрі күрделене түсіп, жоғары сыныпта фигураны (айшықтау) анықтау жұмыстары беріледі. Екі ұғымның айырмашылығы туралы 6-сыныптан бастап алғашқы түсінік қалыптастыра берген дұрыс.

Ал, троп яки құбылтуларды оқушыға түсіндіруде қиын, күрделі анықтамаларды бермей, ыңғайлы икемделген әдеби-теориялық ережелерді ұсынған жөн. Сондай-ақ басқа да шығармалардан мысалдар келтіре отырып, күнделікті өмірде кездесетін оқушыға таныс ұғымдармен де келтіруге болады. Бұл ұғымдарды еске түсіру мақсатында сабақ барысында сәйкестендіру немесе дұрыс/бұрыс тәсілдері арқылы да ретпен орналастыру тапсырмаларын берген тиімді болмақ.

Шығармада кейде троп түрлері тым аз кездесуі де мүмкін. Мұндай жағдайда жалпы көркемдегіш құралдар ретінде автордың стильдік ерекшелігін саралай отырып, тұрақты тіркестерді, ауыспалы мағыналы сөздер мен теңеу, эпитеттерді де теріп алып оқушыларға тапсырма ретінде ұсынған жөн. Мысалы, О.Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесінде оқу мақсатын мынадай тапсырма арқылы жүзеге асыруға болады.

**Тапсырма**

**Шығармадағы көркемдегіш құралдарды анықтаңыз.**

| Көркемдегіш құралдар | Теңеу | Эпитет | Тұрақты тіркес | Символ |
|---|---|---|---|---|
| қой аузынан шөп алмас, ит басына іркіт төгілу, ораза-намаз – тоқтықта ғана, тоқ бала аш баламен ойнамайды, қыздың жиған жүгіндей, тақымы қотыр тайға тимеу | | | | |
| кілемдей жұмсақ тию, лаулаған жалын бақсыдай тілін жалаңдатып, ұлардай шулап, ұядай қылып жинау, | | | | |
| жайма шуақ сәт, көкпеңбек болып төңкеріліп тұрар аспан, бейбіт күннің шуағы, тасқа тиіп тайғанаған жаңбыр сыбдыры, тас үңгір, жұмақты өмір, көк мұнар дүние, қоңыр үн. | | | | |
| Тортай мінер ақ боз ат... менің тақымымда кеткендей еді... | | | | |

Бұл оқу мақсаты оқушы үшін күрделі болуы мүмкін. Сол үшін мұғалім дайын тіркестерді кестеге салып берсе, оқушы берілген мысалдар арқылы ұғымдарды тауып, ажырата алады.

«Бағалау және салыстыру дағдысы» бойынша «Б/С.6.3.1.1 шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру» деген оқу мақсатын игертуде оқушыларға құндылық ұғымын жан-жақты түсіндіріп, өмірден мысал келтіріп, сәйкестендіру арқылы екі ұғымның

анықтамасын беруге болады. Оқушылар анықтаманы оқи отырып, шығарма кейіпкерлерін еске түсіріп, құндылығын анықтауға ден қояды.

**Еске түсіріп, сәйкестендіріңіз!**




Кейіпкерлер жүйесіне талдау жүргізетін арнайы оқу мақсаты бар болғандықтан, жоғарыда аталған оқу мақсатында шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтауға ерекше ден қойған дұрыс. Мәселен, оқушыларға дайын кесте мен керекті сөздерді ұсынып бағалау жүргізуге болады. Мысалы, Е.Жүністің «Менің атым – Тәуелсіздік» өлеңінде аталған оқу мақсаты бойынша мынадай тапсырма ұсынған жөн.

**Тапсырма**

**Өлеңнің тарихи және көркемдік құндылығы неде? Өз ойыңызды білдіре отырып баға беріңіз.**

| Кейіпкер | Құндылық | |
|---|---|---|
| | Тарихи | Көркемдік |
| | | |

**Өлеңнің тарихи және көркемдік құндылығын бағалауда берілген тірек сөздерді қолданыңыз:**

- *аса құнды, замана шындығы, тарихи кезең, тәуелсіздік тұғыры;*
- *айшықтау түрі, бейнелі көркемдегіш сөздер, көркемдік қуаты, эстетикалық әсері.*

Берілген кесте арқылы оқушылар тірек сөздерді қолдана отырып, өз ойларын саралап жинақтай алады. Бұл тапсырма оқу мақсатын игеруге арналған негізгі тапсырма болады. Ал, жинақтаған білімді игеру үшін мынадай бекіту тапсырмасын ұсынуға болады.




Сабақ барысында талқыланған, талданған ұғым-түсініктерді сәйкестендіру немесе дұрыс/бұрыс жауаптарды беру арқылы жинақталған білімді бекіткен жөн. Аталған тапсырмалардың барлығы оқу мақсатын оқушыларға икемдеп, дұрыс меңгертіп, түсінуіне ықпал етері анық.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеуде пайдалануға болатын цифрлық контенттер тізімін ұсынылды. Олар: BilimLand, Daryn.Online, Kundelik, Mektep.EDUS, ok.edus.kz, Plickers, Socrative, Kahoot, Қазақстандық Ұлттық электронды кітапхана https://kazneb.kz, Kitap.kz - онлайн кітапхана https://kitap.kz ,

Bookfor.ru. Қолданушылар үшін түсінікті әрі ыңғайла етіп жасалған сайттан fb2, epub, mobi, azw3, txt форматында кітаптарды жүктеп алуға болады.

2. Kitap.kz

Қазақ және шетел жазушыларының шығармасын қазақ тілінде оқи аласыз. Сонымен қатар, аудио нұсқасын да табасыз. Жүктеп алумен қатар, онлайн оқу мүмкіндігі бар.

3. Klex.ru

Түрлі тақырыпта сирек кездесетін әрі қызықты кітап нұсқалары жинақталған. Бұл жерді кітап қоры деп атасақ та болады.

4. Fb2-epub.ru

Time журналының нұсқасы ұсынған рейтингтер бойынша жиналған электронды кітапхана. Кітаптарды fb2 және epub форматы бойынша жүктеуге болады.

5. Librate.ru

Қарапайым, жеңіл әрі ыңғайлы. Барлық кітапты қолданушылардың өзі өзге құжатқа алмастыру мақсатында жүктейді. Кітаптарды fb2, epub, txt, rtf, pdf, doc, djvu фоматтарында жүктей аласыз. Сайтта аудио кітаптар да бар.

6. Studyspace.ru

Онлайн режимде студенттер мен аспиранттарға арналған ғылыми кітапхан қоры. Бұл жерде оқулықтар, рефераттар мен зерттеу жұмыстарын жүктеп ала аласыз.

7. Psylib.org.ua

Киев Қорымен жасалған психология, өзін-өзі тану және дамыту бағытындағы онлайн кітапханадан кітаптарды тегін жүктеп алып, оқуға болады.

8. Kot-knigovod.ru

Жүктеуге арналған кітаптар тек екі форматта ұсынылған: fb2 және txt. Сайт интерфейсі қарапайым, қызықты әрі жеңіл Бұл жерде бестселлер кітаптардан бастап ғылыми оқулықтар да бар.

9. Book2.me

Шағын онлайн кітапханадан кітапты rtf және txt форматында жүктеп ала аласыз.

10. Coollib.net

Тегін электронды кітапханадан кітаптарды жүктеп алуға не онлайн оқуға болады. Ұсынылатын форматтар: fb2, txt, html, rtf, epub, mobi.

11. Abai.kz ақпараттық порталы

12. https://abai.institute/ сайты.

Төменде «Қазақ әдебиеті» сабақтарында тақырыптарға қатысты цифрлық материалдар жүктелген кесте ұсынылды.

| № | Тақырып | Контент |
|---|---|---|
| 1 | Қожа Ахмет Ясауи «Даналық кітабы | https://youtu.be/D5WO_jONqKQ (12.22 – 13.10) |
| 2 | Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романы | https://www.youtube.com/watch?v=kocc7M5sV_w&ab_channel=%D0%A5%D0%B0%D0%B1%D0%B0%D1%80SHOW-%D0%A8%D0%BE%D1%83%2C%D1%82%D0%B5%D0%BB%D0%B5%D1%85%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D1%8F%D0%BB%D0%B0%D1%80%D0%B6%D3%99%D0%BD%D0%B5%D0%B1%D0%B0%D2%93%D0%B4%D0%B0%D1%80%D0%BB%D0%B0%D0%BC%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%80 (0.12 XX ғасырдың басындағы деп басталады-3.04 тұтқында қайтыс болады деп аяқталады |
| 3 | Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» | https://www.youtube.com/watch?v=qVJ9lva13rw&ab_channel=%D0%A5%D0%B0%D0%B1%D0%B0%D1%80NEWS (0.52 біз майданда болдық деп басталады – 3.02 жан тәсілім етті деп бітеді) |
| 4 | Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы<br><br>Аққулар жайында видео | https://www.youtube.com/watch?v=8thFTir5Hp4&t=6s&ab_channel=ErbolPussurman ( 0.42 ел арасында құс падишасы атанған деп басталады - 3.26 олар арнайы күтім жағдайында болса 30 жылға дейін өмір сүреді деп бітеді) |
| 5 | Тахауи Ахатновтың «Күй аңызы» әңгімесі | https://www.youtube.com/watch?v=-wrRz55CDc4&ab_channel=%D0%A2%D0%B0%D2%A3%D1%88%D0%BE%D0%BB%D0%BF%D0%B0%D0%BD%D0%B1%D0%B0%D2%93%D0%B4%D0%B0%D1%80%D0%BB%D0%B0%D0%BC%D0%B0%D1%81%D |

| | | |
|---|---|---|
| | | 1%8B<br>( 0.10 Қаламгер 1923 жылдың деп басталады – 2.52 шығармалары ұрпақтан ұрпаққа жете берері анық деп бітеді) |
| 6 | Тахауи Ахатновтың «Күй аңызы» әңгімесі<br><br>Домбыра жайында видео | https://www.youtube.com/watch?v=PYD4OKtgfSQ&ab_channel=QazaqTV<br>(0.20 Домбыраның жан толғандырар дыбысы естігенде деп басталады - 2.07 музыкамен аяқталады) |
| 7 | Жүніс Сахиевтің «Айдағы жасырынбақ» әңгімесі | https://www.youtube.com/watch?v=iRXr4nu4i28&ab_channel=%D0%A2%D0%B0%D2%A3%D1%88%D0%BE%D0%BB%D0%BF%D0%B0%D0%BD%D0%B1%D0%B0%D2%93%D0%B4%D0%B0%D1%80%D0%BB%D0%B0%D0%BC%D0%B0%D1%81%D1%8B<br>(1.53 біздің негізгі мақсат деп басталады – 3.47 содан бастап біздің жұлдызды әлемді зерттеудегі үлкен жетістіктеріміздің бәрі осында қамтылды деп бітеді) |
| 8 | Жүніс Сахиевтің «Дабыл» әңгімесі | https://www.youtube.com/watch?v=I2IFwTcexuY&t=161s<br>(2.54 Жалпы таңбалыда 5000-нан астам сурет бар деп басталады – 3.54 қазірге дейін 5000-нан астам сурет паспортталып, көшірмесі жасалды деп бітеді) |
| 9 | Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі | https://www.youtube.com/watch?v=Cy7KLPFypCo&t=791s<br>(10.29 Ол кезде мен Жазушылар Одағында қызмет істеймін деп басталады - 13.10Бақыттың, үлкен арманның символы Ләйлә қылғым келді деп аяқталады) |
| 10 | Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі | https://www.youtube.com/watch?v=cYGDH9RhKl0<br>(1.55 ақпанның 28-і ақын Олжан Сүлейменов үндеу жасады деп басталады – 4.12 елдің талап тілегі орындалды деп бітеді) |






Бөлімдер







Жұмыс барысында қазақ әдебиетінен тараулар бойынша тақырыптарға ҚМЖ үлгілері ұсынылды.

1. Ж. Баласағұн «Құтты білік» дастаны

Тақырыпта оқушының қызығушылығын ояту мақсатында Ж. Баласағұн "Құтты білік" дастанында №1 қосымшаны (цифрлық контентті) қолдану арқылы, сабақтың ары қарай қызықты өтуіне ықпал жасай отырып, өзіндік ой қозғай алуына мүмкіндік туындайды. №2 қосымшаны (цифрлық контентті) қолдану арқылы мәтіналды тапсырмаларды түсінуге мүмкіндік туындаса, №3 қосымшаны (цифрлық контентті) топпен жұмыс жасауда қолдана алады. №4 және №5 қосымша (цифрлық контент) сабақ мақсатын толық түсінуге мүмкіндік береді.

Ал, Әнет баба «*Не арсыз Не ғайып Не даусыз*» тақырыбында нағыз Болжал өлеңдердің мән-мағынасын түсінуге болады. ол сабақтың мақсатына жету үшін №1 Қосымша (https://www.youtube.com/watch?v=-MEskLg2i98) оқушылардың қызығушылығын оятуға, №2 Қосымша шешендік сөздің

мазмұнын ашуға, №3 Қосымша тақырыптың өзектілігін тануға жол ашады. №4 қосымша үйге берілген тапсырмаға көмек ретінде беріллді.

2. Төле би "Ердің бақыты –әйел" тақырыбында қазақтың би-шешендерінің әділдігі хақында сөз қозғалады.

№1 қосымша арқылы оқушылар сабақтың тақырыбымен танысып, топтарға бөлінеді. «Конверттегі сұрақ» әдісі арқылы

№2 қосымшада ((https://www.youtube.com/watch?v=uWzCckSe) 3:00-5:00 мин. аралығы) сабаққа деген түсінік қалыптасады.

№3 қосымша мақсатқа сай жұмыс жасауға жетелейді.

№4 қосымша шығармашылық жұмыс жазуға

№5 қосымша (https://www.youtube.com/watch?v=tjRlT7-fYUs) үй тапсырмасын жақсы орындауға септігін тигізеді.

3. Әйтеке би "Қасқакөл дауы" тақырыбында эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау мақсаты іске асырылады.

№1 қосымша (https://www.youtube.com/watch?v=Azttukm5xKQ) сабақтың ой қозғау бөлігінде қолданылады. «Қабырғадағы сурет» әдісі

№2 қосымша оқушылар жұптаса отырып, сабақтың тақырыбын ашуына мүмкіндік береді. https://stud.kz/referat/show/95069

№3 қосымша Шешендік сөздің құрылысын еске түсіруге және тақырыптың құрылымын тануға,

№4 қосымша шығарманың тақырыбын, идеясын, кейіпкерлер жүйесін талдауға, яғни, кешенді талдауға, өз ойын сабақпен байланыстыра алуға ықпал етеді.

№5 қосымша «Қос жазба» әдісі арқылы оқушылар жеке жұмыс жасай отырып, берілген тапсырма бойынша өмірмен байланысты өз сыни көзқарасын білдіреді.

**Қазақ әдебиеті 9-сынып**

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | Атадан қалған асыл сөз» бөлімі | |
| Педагогтың аты-жөні | Ертай Жақсылық | |
| Күні: | қыркүйек 2022 жыл | |
| Сынып: 9 сынып | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: 0 |
| Сабақтың тақырыбы | Әйтеке би "Қасқакөл дауы" | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау; | |
| Сабақтың мақсаты | Эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдауды үйренеді | |
| Бағалау критерийлері | ➢ шығарманы оқи отырып, идеясын табады;<br>➢ шығарманың сюжетін анықтайды;<br>➢ композициялық құрылымын талдайды; | |

**Сабақтың барысы:**

| Саба | Педагогтің | Оқушын | Инклюзивті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|---|

| **қтың кезеңі/ уақыт** | **әрекеті** | **ың әрекеті** | **оқыту** | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы 5 минут** | Ұйымдастыру **кезеңі «Миға шабуыл»** әдісі<br>1.Әйтеке би кім? Өмірі мен шығармашылығы туралы не айтасың?<br>2. Шешендік сөздің түрлері қандай?<br>3. «Шешендік дау» дегенді қалай түсінесің?<br>*Сұраққа жауап бермес бұрын бейнежазбаны тамашалаймыз.*<br>**(қосымшада)** | Сұрақтарға жауап береді. | Сұрақтарға жауап береді. | Бейнежазбаны көреді; Сұрақтарға жауап береді<br><br>ҚБ Қолпаштау | Оқулық 40-бет. Алматы «Мектеп» 2019ж.<br>Дәптер<br>**Қосымша №1**<br>**https://www.youtube.com/watch?v=Azttukm5xKQ** |
| **Сабақтың ортасы 7 минут** | 1-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Қабырғадағы сурет» әдісімен жұптар құрастырған сұрақтарына жауап беріп, анықтайды.<br>**(қосымшада)** | «Қабырғадағы сурет» әдісі | Дескриптор:<br>-Берілген тапсырма бойынша әр жұп 5 сұрақ құрайды.<br>-Сұрақтарға жауап беріп, ой қорытады. | Дескриптор:<br>-Берілген тапсырма бойынша әр жұп 5 сұрақ құрайды.<br>-Сұрақтарға жауап беріп, ой қорытады.<br>Қалыптастырушы бағалау<br>+ \| - \| қызы | **Қосымша №2**<br>«Қабырғадағы сурет» әдісі<br>Қасқакөл дауының шығу себебі неде? |
| **10 минут** | **2-тапсырма.** «Қасқакөл дауы» шешендік сөзінің композициялық құрылысын анықтаңыз. | «Қасқакөл дауы» шешендік сөзінің композициялық | Дескриптор:<br>-шешендік сөздің құрылысын толық талдайды; | Дескриптор:<br>-шешендік сөздің құрылысын толық | **Қосымша №3**<br>***Кіріспе***<br>Қай жерде, қандай оқи |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **10 минут** | **(қосымшада)** | құрылысын анықтайды. Шешенді к сөздің құрылысын еске түсіреді. | -Кіріспе бөлімді табады;<br>-Негізгі бөлімді табады;<br>-Қорытынды бөлімді табады; | талдайды;<br>-Кіріспе бөлімді табады;<br>-Негізгі бөлімді табады;<br>-Қорытынды бөлімді табады; | қатысты билер жиналғандығы баяндалады. | |
| | **3-тапсырма. Сызба бойынша мәтінге кешенді талдау жасау (қосымшада)** | **Сызба бойынша мәтінге кешенді талдау жасайды.** | **Дескриптор:**<br>✓ шығарманың авторын табады;<br>✓ Тақырыбын біледі;<br>✓ Идеясын анықтайды;<br>✓ Кейіпкерлерді табады;<br>✓ Қысқаша мазмұнын ашады; | **Дескриптор:**<br>✓ шығарманың авторын табады;<br>✓ Тақырыбын біледі;<br>✓ Идеясын анықтайды;<br>✓ Кейіпкерлерді табады;<br>Қысқаша мазмұнын ашады; | Кесте<br>Оқулық 42-бет.<br>Алматы «Мектеп» 2019ж<br>**Қосымша №4** | |
| **8 минут** | 4-тапсырма. Жеке жұмыс. «Қос жазба» әдісі арқылы оқушылар жеке жұмыс жасай отырып, берілген тапсырма бойынша өмірмен байланысты өз сыни көзқарасын білдіреді.<br>**(қосымшада)** | 1.3. өз ойларын ортаға салады, шығармадағы ақынның жауабына сүйене отырып, жауап іздейді. Сұраққа жауап береді | **Дескриптор:**<br>-берілген үзіндіні оқиды;<br>-өз ойын жазады;<br>-үзіндімен салыстырады; | **Дескриптор:**<br>-берілген үзіндіні оқиды;<br>-өз ойын жазады;<br>-үзіндімен салыстырады; | **Қосымша №5**<br>Шығармадан үзінді<br>— Ай, Ормамбет! Мe бұрын неше сәлем айт жер жетер, Ормамбет!<br>— Бай болсаң халқы дұшпанға найзаң тис батыр болып найзаң күйсін деген, бізге ойлаймын<br>- Қанағатсыз билер жүйрікті шабан деген, ақыретте мұндай істер<br>- Жетпіс жасқа келге тірілмейтін өлік едім<br>-Біз барып қайттық, жүрмеспіз, көмілерм аларсың! | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың соңы 5 мин** | **Кері байланыс** | «Бағалау терезесі» әдісі | | | |
| **Үйге тапсырма** | Әйтеке би «Қасқакөл дауы». 2-тапсырыма, 43-бет | | | | Оқулық 43-бет. Алматы «Мектеп» 2019ж |

**№ 1 қосымша**

https://www.youtube.com/watch?v=Azttukm5xKQ

1.«Қасқакөл дауының» шығу себебі неде?

2.Орманбет бидің райынан қайтуына ықпал еткен жайт.

3. Билердің нақыл сөздерінің бүгінгі таңдағы құндылығы.

**№2 қосымша**

«Қабырғадағы сурет» әдісі

**№ 3 қосымша**

| ***Шешендік сөздің құрылысы*** | | |
|---|---|---|
| ***Кіріспе*** | ***Негізгі бөлім*** | ***қорытынды*** |
| Қай жерде, қандай оқиғаға қатысты билер жиналғандығы баяндалады. | Шешендік сөздің айтылу барысы, мақсаты | Қорытындысы немен аяқталады, қандай шешім қабылданғаны айтылады |

***Жауапты тексеріңіз:***

| Шешендік сөздің құрылысы | | |
|---|---|---|
| Кіріспе | Негізгі бөлім | Қорытынды |
| Қасқакөл деген көлге талас (Төле би, Әйтеке би, Орманбет Би кездесуы) | Төле би, Әйтеке би, Орманбет Бидің шешендік сөздері | Орманбет би өз анасының ақылын тыңдайды. Билер қонақ болып, Төле би бата береді |

**№4 қосымша**

. Төмендегі сызба бойынша мәтінге кешенді талдау жасайық.




**№5 қосымша**

| Шығармадан үзінді | Өз ойым |
|---|---|
| — Ай, Ормамбет! Мен әлі тірімін, өлгем жоқ, бұдан бұрын неше сәлем айтсам да келген жоқсын, ер кетер, жер жетер, Ормамбет! | |
| — Бай болсаң халқыңа пайдаң тисін, батыр болсаң дұшпанға найзаң тисін. Бай болып пайдаң тимесе, батыр болып найзаң тимесе | |

| | |
|---|---|
| жұрттан ала бөтен үйің күйсін деген, бізге кейінгілер осыны айта ма деп ойлаймын | |
| - Қанағатсыз билерді қабан деген, қамшылатқан жүйрікті шабан деген, біреудің ақысына зорлық қылса, ақыретте мұндай істер жаман деген | |
| - Жетпіс жасқа келгенде сөзім жерде қалып, мәңгіде тірілмейтін өлік едім | |
| -Біз барып қайттық, сен ілгері барасың, біз енді көп жүрмеспіз, көмілерміз, сен жас едің көңілдегіңді аларсың! | |

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | **Атадан қалған асыл сөз» бөлімі** | |
| **Педагогтың аты-жөні** | Ертай Жақсылық | |
| **Күні:** | қыркүйек 2022 жыл | |
| **Сынып: 9 сынып** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** 0 |
| **Сабақтың тақырыбы** | Төле би "Ердің бақыты –әйел" 2 сабақ. | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | Т/Ж 9.1.3. 1 - көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау.<br>А/И 9.2.4. 1 - автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу | |
| **Сабақтың мақсаты** | -шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтауда өз көзқарасын білдіреді,<br>-автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық бағытта жұмыс жасай алады. | |
| **Бағалау критерийлері** | Көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтайды;<br>Автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазады. | |

## Сабақтың барысы:

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Инклюзивті оқыту** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы 5 минут | Ұйымдастыру кезеңі: Ширату жаттығулары «Құпия зат» әдісі арқылы оқушыларға сурет көрсетемін. Олардың мәнін ашып және сабақпен қандай байланысы бар | «Құпия зат» әдісі арқылы оқушылар көрсетілген сурет бойынша өз ойларын ортаға салады. Оқушылар өлеңнің тармағы арқылы шумақ | Суреттер: Төле би, қарлығаш, әйел бейнесі.<br><br>І топ: Төле би ІІ топ: Қарлығаш ІІІ топ: Бірлік | Қолпаштау | Суреттер: Төле би, қарлығаш, әйел бейнесі. Төле бидің нақыл сөздері тармақтарға бөлініп, оқушыларға қима қағаздар ұсынылады. Оқушылар өлеңнің тармағы арқылы шумақ құрастырып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екені сұраймын.<br><br>Топқа бөлу<br>Төле бидің нақыл сөздерін тармақтарға бөліп, оқушыларға ұсыныламын. | құрастырып, топқа бөлінеді. | | | топқа бөлінеді.<br><br>Қосымша №1 |
| Сабақтың ортасы<br><br>5 минут | 1.Тапсырма. «Конверттегі сұрақ» әдісі арқылы әрбір топқа арнап конверт дайындаймын және оқу мақсатына сәйкес сұрақ жазып, конвертке саламын. Конвертті топтағы оқушыларға таратып, 2 минут уақыт берілемін. (қосымшада) Алдымен бейне ролик көрсетемін. (қосымшада) | «Конверттегі сұрақ» әдісі<br><br>Оқушылар сұрақтардың жауабын жазып конвертке салады және конвертті келесі топқа жібереді. Соңында жинап, конверттегі жауап дауыстап оқылады. Сыныпта жауаптардың қаншалықты дұрыс болғаны талқыланады. | Дескриптор:<br>- Сұрақтың жауабын жазады;<br>- Келесі топқа жібереді;<br>• Дауыстап оқиды;<br>• Жауапты талқылай алады; | Дескриптор:<br>-Сұрақтың жауабын жазады;<br>• Келесі топқа жібереді;<br>• Дауыстап оқиды;<br>• Жауапты талқылай алады; | Қосымша №2<br>Сұрақтар:<br>- Төле би кім? Ел бірлігін нығайтуға қандай еңбек сіңірген?<br>- «Ердің бақыты-әйел» аңыз-әңгімесінің кейіпкерлері кімдер?<br>- «Ердің бақыты-әйел» шешендік сөзінде Төле би баласына әйел таңдау себебін қалай түсіндіреді?<br>- Мәтінге қандай оқиға арқау болған?<br>- Данагүлдің қандай әрекеті Төле биді риза қылды?<br><br>https://www.youtube.com/watch?v=uWzCckSeWeo&t=56s<br>3:00-5:00 мин.аралығы |
| | | | | | |
| 5 минут | 2-тапсырма. көркем | «Әдебиет лотосы» әдісі | Дескриптор: | Дескриптор:<br>-шығарманың | Кесте толтыру<br>Қосымша №3 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау (қосымшада) | арқылы оқушылар шығарма идеясын анықтап, кестені толтырады. | - шығарманың идеясын анықтайды; - шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтайды. | идеясын анықтайды; - шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтайды. Қалыптастырушы бағалау /ауызша/ (Шығарма идеясын, кейіпкерлерді анықтап, кестені дұрыс толтырғансың, кесте дұрыс жүйелі жазылған, шығармалар идеясын толық ашпағансың, шығарма идеясын анықтауда нақтылық қажет, т.б.) | |
| **15 минут** | **3-тапсырма** Автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу «Крест - нөл» әдісінің элементтерін пайдалана отырып, автор стиліне сүйеніп, тапсырмалар орындайды. **қосымшада** | «Крест - нөл» әдісі | **Дескриптор:** -Автор стиліне сүйене отырып жұмыс жасайды; - Шығармашылық жұмыс жазады. | **Дескриптор:** -Автор стиліне сүйене отырып жұмыс жасайды; -Шығармашылық жұмыс жазады. | **Қосымша №4** |
| **Сабақтың соңы 5 мин** | **Кері байланыс** | **«Сыр сандық» әдісі-** бүгінгі сабақтан есте қалған 5 құндылықтың атын жазады. Осы аталған құндылықтардың ішінен саған ұнаған үшеуін белгілеп, солар туралы толығырақ мәлімет жаз. | | | |
| **Үйге** | Қазақ | | | | Оқулық 39-бет. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **тапсырма** | халқының тарихында ерекше орны бар қазақтың батыр, ғалым, ақын, өнерпаз қыздары туралы шағын зерттеу жүргізіңіз | | | | Алматы «Мектеп» 2019 ж.<br>Қосымша №5<br><br>https://www.youtube.com/watch?v=tjRlT7-fYUs |

**№1 қосымша**

**I топ**

Арғымақ баптап не керек –
жабы қуып жеткен соң,
Ағайын-туған не керек –
аңдысып күні өткен соң,
Бес күн дәурен өтеді - ажал қуып жеткен соң.

**II топ**

Шешендіктен не пайда
Артында сөзі қалмаса? Батырлықтан не пайда,
Халқына қайран қылмаса? Хандықтан не пайда,
Қарашасын жалмаса?

**III топ**

Атадан ұл туса игі,
Ата жолын қуса игі. Өзіне келер ұятын, Өзі біліп тұрса игі.– Жаудан бұққан немені, Ортасына қуса игі!

***№ 2 қосымша***

https://www.youtube.com/watch?v=uWzCckSeWeo&t=56s
3:00-5:00 мин.аралығы
Сұрақтар:
- Төле би кім? Ел бірлігін нығайтуға қандай еңбек сіңірген?
- «Ердің бақыты-әйел» аңыз-әңгімесінің кейіпкерлері кімдер?
- «Ердің бақыты-әйел» шешендік сөзінде Төле би баласына әйел таңдау себебін қалай түсіндіреді?
- Мәтінге қандай оқиға арқау болған?
- Данагүлдің қандай әрекеті Төле биді риза қылды?

**№3 қосымша**

| Шығарма атауы | Шығарманың идеясы | Кейіпкерлер | Кейіпкерлер бейнесі |
|---|---|---|---|
| | | | |

**№4 қосымша**

«Крест - нөл» әдісі

**I топ**
Мақалдар/цитаталар кітабын пайдаланып, шығарма тақырыбындағы ненің маңызды екенін көрсететін кем дегенде 6-8 мақал/цитата табыңыз. Сіздің өміріңізде де сондай әрекетті көрсететін 6-8 мақал/цитата табыңыз. Оларды көрсетіп, өз таңдауыңызды түсіндіріңіз.
**II топ**
Шығармадан біздің қандай сабақ алуымыз керектігі туралы кейіпкерден сұхбат алыңыз.

**III топ**
Өзіңіздің проблеманы қалай шешетініңізді және кітаптағы бас кейіпкердің проблеманы шешу үшін қолданатын амал-шараларын жазыңыз. Сіздің тізіміңіз сіз және кейіпкер туралы білуге көмектесу қажет.

**№5 қосымша**
Зерттегім келеді...
Қазақ халқының тарихында ерекше орны бар қазақтың батыр, ғалым, ақын, өнерпаз қыздары туралы шағын зерттеу жүргізіңіз
| 6 минут | **Топтық жұмыс**<br> <br>**Шығарма фабуласын анықтау** | 1.Мұғалім шығарма фабуласын білу мақсатында оқиғалар тізбегін шатастырып береді.<br>2.Оқиғалар тізбегін даму ретімен дұрыс орналастыруға жағымды орта туғызады. | 1.Тапсырманы мұқият түсініп алулары күтіледі.<br>2. Алдын ала үйден оқып келгендіктен шығарма фабуласын еске түсіреді.<br>3.Оқиғаларды даму ретімен орналастырады. | ҚБ *Дескриптор:* Шығармадағы оқиғалар тізбегін даму ретімен дұрыс орналастырады | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | |  | | | |
| 5 минут | **Жұптық жұмыс** | 1.Мұғалім повест үзінділері бойынша жұмыс жасауды ұсынады.<br>2.Үзінділердегі оқиғаларды еске түсіріп, сюжеттерді анықтауға ықпал етеді.<br> | 1. Мұғалім ұсынған кестемен жұмыс жасаулары күтіледі.<br>2. Үзінділердегі оқиғаларды еске түсіріп, сюжеттерді анықтайды.<br>  | ҚБ<br>*Дескриптор*:<br>Үзінділердегі оқиғаларды еске түсіріп сюжеттерді анықтайды. | |
| 8 минут | **Жеке жұмыс** **Бүгінгі алған білімдерін саралау** | 1.Оқушыларға мұғалім арнайы дыбыссыз мультфильм көрсетеді.<br>2.Ол мультфильмдегі оқиғаны еске түсіріп, мазмұнын жазуға жайлы орта туғызады.<br> | 1.Мұғалімді мұқият тыңдайды.<br>2.Дыбыссыз мультфильмді көреді.<br>3.Ондағы іс-әрекеттерді болжап, шығарма сюжетін еске түсіріп мазмұнын жазады. | ҚБ<br>*Дескриптор*:<br>Шығарма сюжетін дұрыс анықтайды; мазмұнын жазады. | https://youtu.be/77Pwqhmaxgw<br><br>(7.20-8.44 минуттар аралығы) |
| 5 минут | **Бекіту тапсырмасы** | Бүгінгі сабақтан алған білімдерін саралау мақсатында бекіту тапсырмасын ұсынады. | Берілген ақпараттардың дұрыс не бұрыс екендігін ажыратады.<br> | ҚБ<br>*Дескриптор*:<br>Тұжырымдар ды дұрыс ажыратады. | |
| **САБАҚТЫҢ СОҢЫ** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 минут | **Кері байланыс**<br><br>**Ақылды үкі**<br> | ✓ Менің білімім қандай деңгейде?<br>✓ Мен бүгін не білдім?<br>✓ Мен қандай қиындықтарға тап болдым?<br>✓ Мен ол қиындықтарды қалай жеңемін?<br>Сұрақтарға жауап беру арқылы кері байланыс жасатады.<br><br>Сабақтың оқушы үшін тиімділігін анықтайды. | 1.Берілген сұрақтар бойынша кері байланыс жасайды.<br><br>2.Сабақ барысында өздері жасаған жұмыстарына талдау жүргізеді.<br><br>3.Оқушылардан шынайылық пен ашықтық күтіледі. | | |
| 1 минут | **Үйге тапсырма** | Оқулықтағы тапсырма бойыншы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. | Үй тапсырмасы бойынша сұрақтар қойып, мұқият түсініп алулары күтіледі. | | Оқулық |

**Сабақта қолданылатын қосымша контенттер**

1. https://www.youtube.com/watch?v=VZrz3hI5Vnk (0.28 -1.00, 1.38 - 1.59 минуттар аралығы)

**YOUTube** каналында қазіргі таңда керек ақпараттардың барылығын табуға болады. Қажымұқан туралы Ұлттық арна бейнеқорында сақталған құнды кадрлар бар. Бұл бейнероликті сол үшін сабақтың басында ұсынып отырмыз. Оқушылар Қажымұқанның шынайы бет-бейнесін көру арқылы ерекше сезім алары сөзсіз. Жаңа сабақты бастамас бұрын бейнероликтегі тарихи тұлға туралы ойланып, тақырыптың кім жөнінде болатындығына болжам жасату арқылы оқушының қызығушылығын арттыруға болады.

**Ресурсқа кіру алгоритімі:**

- https://www.youtube.com/watch?v=VZrz3hI5Vnk сілтемесі арқылы кіресіз.
- Сабаққа керек 0.28 -1.00, 1.38 - 1.59 минуттар аралығын қосасыз.

2. https://kitapkhana.kz/391-bdadyrov-almaan.html

Ә.ТӘЖІБАЕВ атындағы ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ӘМБЕБАП ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАСЫСЫНДА жазушы Қалмақан Әбдіқадыровтың қысқаша өмірбаяны берілген. Оқулықсыз келген оқушы үшін бұл таптырмас құрал болары анық. Оқушылар бұл жерден қызықты кітаптар мен ақпараттарды таба алады.

**Ресурсқа кіру алгоритімі:**

- https://kitapkhana.kz/391-bdadyrov-almaan.html ұсынылған сілтеме бойынша кіресіз.
- Өзіңізге қажетті ақпараттарды іздеу батырмасы арқылы табасыз.

3. https://youtu.be/77Pwqhmaxgw (7.20-8.44 минуттар аралығы)

**YOUTube** каналында «САҚ» киностудиясы түсірген Қажымұқан Мұңайтпасұлы туралы қызықты мультфильм бар. Мультфилімнің 7.20-8.44

минуттары аралығында бүгінгі сабақта өтіп жатқан повестен үзінді берілген. Мультфильмді дыбыссыз қою арқылы оқушылар кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы шығарманың сюжетін табады. Табылған сюжеттің мазмұнын дәптерге жазады. Бұл мультфильм сабақ мақсаты мен тақырыбына сай болғандықтан таңдап алынды. Кейіпкерлірдің әңгімесі дыбыссыз көрсетілгендіктен оқушылар ондағы оқиғаны бірден естеріне түсіріп, тауып алары сөзсіз. Бұл әдіс сабақ барысында өз дайындығын көрсете алмаған оқушы үшін өте тиімді. Себебі, шығарманы оқып келген оқушы сюжетті еске түсіріп бірден дәптерге жазып бере алады.

**Ресурсқа кіру алгоритімі:**

- https://youtu.be/77Pwqhmaxgw сілтемесі арқылы кіресіз.
- Сабаққа керек 7.20-8.44 минуттар аралығын қосасыз.

## Қысқа мерзімді жоспар

| **Бөлім: 1** | **Дананың сөзі - ақылдың көзі** |
|---|---|
| Педагогтің аты-жөні | |
| Күні | |
| Сыныбы | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | Ақтамберді жырау «Күлдір- күлдір кісінетіп» толғауы |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 8.Т/Ж2. Әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу. |
| Сабақтың мақсаты: | Әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашып түсіндіреді. |
| Бағалау критерийлері | Әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан түсіндіре алады. |

**Сабақтың барысы:**

| **Сабақ кезеңі** | **Педагогтің іс-әрекеті** | **Оқушының іс-әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Жаңа сабаққа кіріспе** | **1. Миға шабуыл** Сабақтың басында оқушыларға Ақтамберді жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауы бойынша бейнебаян тыңдатылады. Бейнебянды көріп отырған кезде жұппен «Сұрақтар көшкіні» кестесі бойынша нақты аргументтерді жазып алып отырады. 1.Кім? Не? | Бейнебаянды көріп болғаннан кейін «Сұрақтар көшкіні» кестесіндегі аргументтерді жинақтап,топпен талдау жұмысын жүргізеді. Талдау аяқталған соң мұғалім сабақтың тақырыбы мен мақсатын сынып оқушыларымен бірлесе отырып анықтайды. Сабақ барысында мақсатты нәтижеге жету үшін тапсырмалар бойынша бағалау критерийін жасайды. | **Дескриптор;** 1.толғаудың идеясы мен пафосын анықтайды; 2. ұлттық мүддемен байланыстырады ; 3. заман сипатын бағалайды; | Youtube Kazak Aktamberdi tolgauy |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 2.Не жайлы айтылады? | | | |
| Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. | **1-тапсырма «Жанды суреттер»** | Оқушылар үш топқа бөлінеді. Сынып қабырғаларына суреттер ілінеді. Оқушылар «Жанды суреттер» әдісі бойынша саяхатқа шығады. Суреттерді шығармамен байланыстыра салыстырып, толғаудың идеясы мен пафосын анықтайды. | | https://biliml and.kz/kk/co urses/qazaq-adebieti/9-synyp/lesson/aqtamberdi-zhyrau-kuldir-kuldir-kisinetip-tolhauy |
| | **2-тапсырма «Керемет пікірталас»** «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауының нұсқасы таратылады. | **«Керемет пікірталас»** әдісі арқылы бірінші жұппен «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауының мазмұны бойынша бір-біріне сұрақ қойып, пікір алмасады. Содан кейін бірнеше шағын топтарға бірігеді. Әр топтан бір өкіл шығады. Әрқайсысы үстелдің үстіндегі бір қиманы таңдап алады. **«Толғаудағы көрініс тапқан ұлттық мүдде қандай?»** деген сұраққа сыныппен жауап береді.<br><br>**3-тапсырма. Оқушылар « Төрт сөйлем» әдісі арқылы ойларын жеткізіп айтады.**<br>**Пікір.** Ақтамберді жырау толғауларында қазақ жеріндегі заман бейнесін көрсете алған.<br>**Дәлел. .....**<br>**Мысал.**.....<br>**Қорытынды.....** | ***Дескриптор:***<br>**-**сұрақ қояды;<br>-пікір алмасады;<br>- ұлттық мүдде тұрғысынан талдайды.<br><br>ҚБ: қолпаштау<br><br>***Дескриптор:***<br>**-**Пікірге дәлел келтіреді;<br>-Мысал келтіреді;<br>- Ойын қорытындылай алады. | 8-сынып оқулығы<br> |
| | Қабілеті жоғары оқушылар топ спикері болып сайланады, мұғалім спикерді өз тобындағы қабілеті орташа оқушыларға | **Салыстыру «Автор орындығы» әдісі**<br>Ақтамберді толғауының маңызын түсіндір.<br>Мен үшін маңызы .....<br>Жастар үшін маңызы | | 8-сынып оқулығы, жұмыс дәптері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | көмектесуге бағыттайды. | ..... Адамзат үшін маңызы ..... | | |
| Сабақты бекіту | Сабақты бекіту мақсатында «Bilimland -онлайн мектеп» қосымшасы арқылы тест тапсырмасын ұсынады. | «Bilimland -онлайн мектеп» қосымшасы арқылы тест тапсырмасын орындайды. | «Bilimland - онлайн мектеп» қосымшасындағы тест тапсырмасының нәтижесімен 1-10 балл аралығында бағалау. | https://bilimland.kz/kk |
| Сабақтың соңы | Кері байланыс «JNSERT» кестесі арқылы жүреді. | Оқушылар «JNSERT» кестесі толтырғаннан кейін топ спикері оқушылардың жауаптарын оқып, қорытындылайды. | Мұғалім оқушы жауаптарына кері байланыс береді. | Стикерлер |

«Bilimland.kz» білім беру платформасы - оқушыларға, студенттерге және ата-аналарға арналған цифрлы білім беру жүйесі. Мақсаты - әр баланың қабілеті мен мүмкіндіктерін ескере отырып, сапалы білім алуына жағдай жасау. Платформаның өзегі – қызықты анимация, видеолар мен алуан түрлі интерактивті тапсырмалар және цифрлы сабақтардың мол қоры. Бұл жүйе оқу процесі мен мазмұнды әр оқушыға бейімдей алады. Платформа мазмұны мемлекеттік стандарт пен жаңартылған білім мазмұны негізінде жасалған қазақстандық және халықаралық озық тәжірибенің синтезі болып табылады. Жүйенің негізі НЗМ мектептерімен бірлесе әзірленген «онлайн – мектеп модулі».

«Онлайн – мектептің» мазмұны НЗМ мектептерінің үздік мұғалімдері әзірлеген цифрлы сабақтар мен тапсырмалардан тұрады. Цифрлы білім беру контенті 1-ден 11- ші сыныпқа дейін 37 пәннің барлық тақырыптарын қамиды. Платформа мұғалімнің күнделікті жұмысының көп бөлігін автоматтандыру арқылы оқу процесін жеңілдетіп, шығармашылыққа және әр баламен жеке жұмыс жасауға үлкен мүмкіндік береді. Платформа аясында мұғалім дайын сабақ жоспарларына қол жеткізеді. Үй тапсырмасын автоматтандырады, оқу жоспарларымен жасақтап арнайы конструкторлардың көмегімен өз сабақтарын құра алады.

№1 ҚОСЫМША «Youtube» Kazak Aktamberdi tolgauy

№2 ҚОСЫМША 8-сынып оқулығы, диск

**Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасын цифрлық технологияларды пайдаланып оқыту жолдары.**

Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасын оқыту үрдісіне енгізудің моделін жасап ұсынамыз.




1-сурет. Абайдың «Толық адам» моделі

Осы модельді нақты әдебиет сабақтарында іске асыру, яғни оқыту үрдісіне енгізу бағытында арнайы бағдарлама жасалды.

Бұл жұмыста заманауи трендтерді ескере отырып, оқушыларға Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасын түсіндіруде, олардың цифрлық дағдыларын арттыру мақсатында цифрландыру жұмыстары виртуалдық онлайн тақта padlet.com-да жасалды. Padlet – онлайн тақтасын құруға арналған тегін платформа. Padlet — бұл әр тыңдаушыға өз жұмысын тақтаға шығаруға, түсініктеме беруге және бағалауға мүмкіндік беретін қызмет.

Осы бөлімде бағдарламада белгіленген іс-шаралардың толық жоспарлары келтіріліп, әдіс-тәсілдері сипатталды және цифрландыру іске асырылды.

1. Тақырыбы:

«Толық адам» ұғымының бастау арналары

Іс-шара түрі: *әңгіме-сабақ*

Мақсаты: Ойшыл-ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып «Толық адам» ұғымының мағынасын түсіндіру.

Кіріспе:

«Толық адам» дегеніміз кім? Сұрақ қою арқылы оқушы көзқарасын анықтау.

Нұсқаулық: 5-сынып оқушысына түсінікті түрде бастау арналарын ұғындыру (2-4 суреттер).

(Мысалы, кластер түрінде ағаштың бейнесі немесе өзен арналары арқылы).

2-сурет. Әл-Фарабидің пікірінше “толық адамның” сипаты




3-сурет. Ж.Баласағұнның пікірінше “толық адам” сипаты

4-сурет. Қ.Яссауидің пікірінше “Толық адам” сипаты

Кері байланыс:

Балаларға тапсырма беру арқылы, әңгіме - сабақты қорытындылау.

*1-тапсырма:*

Ж.Баласағұн еңбегіндегі «Толық адам» сипатын ата.

*2- тапсырма:*

Әл-Фарабидің "Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары" трактатында «Толық адам» ұғымы қалай сипатталады?

*3- тапсырма:*

А.Яссауи атаған «Толық адам» ұғымының артығын тап: *«Дертті адам», «Заңып адам», «Кемел адам», «Топырақ адам», «Ғарип адам»*




5-сурет. «Толық адам» ұғымының бастау арналары 1-тақырып бойынша виртуалды тақтаның көрінісі

2. Тақырыбы:

«Абай ата ойларын түсіндіремін»

Іс-шара түрі: Абайдың қара сөздерінен постер қорғау

Мақсаты: Абайдың қарасөздеріндегі философиялық ойларды түсінуге бағыттау, «толық адам» сипаттарын ашу.

Нұсқаулық: Ең алдымен, оқушыларға постер дегеніміз айтатын сөзіннің қысқаша нұсқасы, ол суреттермен, сөздермен, кестелермен т.б. әдіс-тәсілдермен айшықталатыны түсіндіріледі. Алдымен, дайын постерлер ұсынылып, оны

қорғау тапсырылады. Мысалы, төмендегі «Мақалдың озығы бар, тозығы бар» деген постер Абайдың 29 қарасөзі бойынша жасалған [6]. Негізінде, бұл қара сөздерінде қазақ халқының мақал-мәтелдері талданады. «Қалауың тапсаң қар жанар» деген мақалдың дұрыстығын айтады. Абай атаған бұл мақал бүгінгі күні тіпті орнын туып тұрғандай. Қарасаңыз қазір жұмыртқадан балапан шығару, жүк тасу, ауа райының қолайсыздығынан қорғанудың неше түрлі қалауы табылған. Оны постерде бейнеленген суреттерден анық көруге болады. «Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті» деген мақалды сынайды Абай. Шындығында қазаіргі кезде атаөанасын шырылдатып қарттар үйіне өткізіп жатқан қазақ халқында болып көрмеген жат қылық ерекше белең алуда. Жалпы ата-анадан мал тәтті болуы мүмкін бе? «Атың шықпаса жер өрте» деп қазіргі кезде небір өрескел қылықтарымен танымал болып, ғаламтордың жұлдыздарына айналып отырған жастарымыз қаншама? Абай ата дәл осындай мақалдың болуы дұрыс емес дейді.

Оқушыларға ұсынылатын дайын постерлер (6-7 суреттер):

6-сурет. “Мақалдың озығы бар, тозығы бар” постер

7-сурет.”Шындықты таныту”

Кері байланыс: Осындай үлгіде оқушылардың өздеріне де Абайдың озық ойлары бойынша постер жасап, қорғау тапсырылады.




8-сурет. «Абай ата ойларын түсіндіремін» атты 2-тақырып бойынша виртуалды тақтаның көрінісі

3. Тақырыбы:

«Адам болам десеңіз...»

Іс-шара түрі: *дидактикалық ойын-сабақ*

Мақсаты: оқушының ойлау, шығармашылық қабілетін дамыту, ұлы ақынның нақыл сөздерін бойына дарытып, санасына сіңдіру.

Нұсқаулық: Көру арқылы есте сақтау қабілеті артады. Осы мақсатта оқушылар тақтада көрсетілген 9-10- суреттерді қарай отырып, Абайдың асыл сөздерін табады. Әр тапқан нақыл сөздің мағынасын ашып, талдау жүргізу арқылы Абайдың «толық адам» ұғымын зерделеуге тырысамыз. Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты сұрақтар қойып, «толық адам» ұғымы бойынша таным аясын кеңейтіп, рефлексия арқылы сабақты аяқтайтын боламыз.











9-сурет. Ребус

Кері байланыс: Ойын-сабақ біткеннен кейіп, оқушылар алған әсерімен бөліседі. Сабақта кездескен қиындықтар туралы сұралады. Оқушылардың өздеріне де Абай өлеңдерінде кездесетін қанатты сөздер жасырып келу тапсырылады. Оқушылар тиісінше бағаланады.




11-сурет. «Адам болам десеңіз...» тақырыбы бойынша виртуалды тақтаның көрінісі

4. Тақырыбы:

«Қанағат қарын тойғызар»

Мақсаты: Абай атаған бес қасиеттің бірі «қанағат» сөзінің мағынасын ашу.

Нұсқаулық: Сабақ тақырыбын ашу үшін оқушыларға шағын мультфильм ұсынылады. Сілтеме төменде көрсетілген.

https://youtu.be/3-laTJr0PD4

Мультфильм мәтіні.

Мәтінді оқып, мазмұнын түсіну.

Берілген тапсырмаларды орындау.

*Ертеде бір данышпан кісі болыпты. Ол кісі жан-жануарлардың, құрт-құмырсқаның тілін біледі екен.*

*Бір күні әлгі данышпан жолаушылап келе жатыпты. Жарты жолға келгенде, ат шалдырып, демалып отырса, кішкентай бір құмырсқаның дән тасып жүргенін көреді. Оны жерден көтеріп алады да алақанына салып тұрып:*

*– Қане, құмырсқа, айтшы, дәнді қайда алып барасың? – деп сұрайды.*

*– Илеуіме апарамын, – дейді құмырсқа. Адам сұрайды:*

*– Оны қайтесің?*

*– Кейінге сақтаймын, – дейді құмырсқа. Адам:*

*– Көп жинайсың ба? – деп сұрайды.*

*Құмырсқа өз шаруасының жайын былайша баяндайды:*

*– Жаздай жұмыс істеп, жейтін азығымды жинаймын да қыстығүні қаннен-қаперсіз тынығып жатамын.*

*Данышпан құмырсқаны шыр айналдыра қарай бастады:*

*– Басың неге үлкен?*

*– Аз сөйлеп, көп ойлаймын.*

*– Белің неге қылдырықтай?*

*– Қомағай емеспін.*

*– Жылына қанша дән жейсің?*

*– Бір дән жеймін.*

*– Соған қанағат етесің бе?*

*– Одан көп жей берсем, жер бетіндегі басқа құмырсқалар аш қалмай ма? Қанағат керек қой!*

*Құмырсқаның ақылына, қанағатына, көрегендігіне сүйсінген данышпан оны сынап көрмек болады. Қорапқа бір дән салады да құмырсқаны соған қоса қамайды. Сонан соң су тимейтін бір жайлы жерге орналастырады.*

*– Бір жылдан кейін келемін. Дәнің бар жейтін, қамсыз жата бер, – дейді, данышпан құмырсқаға ескертіп. Осылайша құмырсқаның азықты қалай үнемдейтінін білгісі келеді.*

*Бір жыл өткен соң, данышпан әлгі құмырсқаға қайта оралады. Өзі қойып кеткен жерден қорапты тауып алады. Құмырсқаның өлі-тірісін білмек болып, қорапты ашады. Қараса, құмырсқа тірі екен. Қасына қалдырған жалғыз дәннің жартысын ғана жепті. Бұған таңданған данышпан:*

*– Ей, құмырсқа, – депті, мұның себебін білмек ниетпен. – Сен жылына бір дән жеймін деп едің ғой. Мына дәнді неге түгел жемей, жартысын қалдырғансың? Не себептен сонша үнемдедің?*

*Сонда құмырсқа былай депті:*

*– Айтқаның дұрыс, мен жылына бір дән жеймін, ол рас. Ал сен болсаң, мені қорапқа салып, қамап кеттің. Сыртқа шыға алмаймын. Егер сен мені бұл қамаудан босатуды ұмытып кетсең, тағы да бір жыл қамауда жататын едім. Бір дәнді түгел жеп қойсам, аштан өлетін едім. Соны ойлап, қанағат еттім.*

*Данышпан құмырсқаның шыдамдылығы мен тастай берік қанағатына қайран қалыпты. Оны қамап кеткенінің қиянат болғанын, азапқа салғанын енді түсініп:*

*– Менің істегенім дұрыс болмапты, кешір! – депті де құмырсқаны қамаудан босатып жіберген екен.*

*Содан кейін данышпан қанағаттың қасиетін адам баласына үйретіпті.*

*1-тапсырма:*

«*5-5-1 стратегиясы*» арқылы ойынды пайымда.

Мәтіннен түсінгенін 5 сөйлеммен жазып береді, кейін оны 5 сөзге дейін қысқартады және ең соңында 1 сөзбен жазып қорытындылайды .

*2-тапсырма:*

Ребусты шеш.



12-сурет.Ребусты шешіңіз

*3-тапсырма:*

«Puzzle» әдісі арқылы сұрақтарға жауап бере отырып, суретті құрастыр.

Мәтін бойынша «қанағат» қасиеті қай жәндікке тән?

А. Қасқыр
Ә. Қоян
Б. Құмырсқа

Мәтінге сай мақалды тап:

А. Қанағат қарын тойғызар
Ә. Білім инемен құдық қазғандай
Б. Еңбек етсең, емерсің.

Қанағат сөзінің синонимі:

А. Шүкіршілік
Ә. Ысырапшылдық
Б. Рақымшылық

Құмырсқаның басы неге дәу:

А. Қомағай емес
Ә. Аз сөйлеп, көп ойланады
Б. Көп сөйлеп, аз ойланады

13-сурет. “ Қанағат қарын тойғызар” ертегісі

Кері байланыс: «Синквейн» әдісі арқылы Абай атаған бес қасиеттің бірі «қанағат» сөзіне 5 жолды жолды өлең жаз:

1. «Қанағат» сөзіне қатысты бір зат есім
2. «Қанағат» сөзіне қатысты екі сын есім
3. «Қанағат» сөзіне қатысты үш етістік
4. «Қанағат» сөзіне қатысты төрт сөзден тұратын бір сөйлем
5. «Қанағат» сөзіне синоним жаз.

*Үлгі:*

*1. Қанағат*
*2. Зор, үлкен*
*3. Қарын тойғызады, үнемділікке үйретеді, шыдамдылыққа баулиды.*
*4. Қанағат қылсаң, қарның тоқ.*
*5. Шүкіршілік*




14-сурет. «Қанағат қарын тойғызар» тақырыбы бойынша виртуалды тақтаның көрінісі

5. Тақырыбы:

«Рақым ойлап қой»

Мақсаты: Абайдың бес қасиет ретінде атаған «рақым ойлап қой», «рақым ет» деген сөздердің мағынасын ашу.

Нұсқаулық: https://youtu.be/zqcAOOFf4jE

«Қарттар үйі қара шаңыраққа айналып барады» атты бейнеролик қарау.

Сұрақ-жауап арқылы балалар ойын анықтау.

Бейнероликтен не түсіндіңіздер? Баласы қандай іс-әрекет жасады? Қайда әкелді деп ойлайсыздар? Атаның көңіл-күйі қандай болды? Баласының бұл әрекеті дұрыс па? Сіздер қалай ойлайсыздар?

Төмендегі суреттерге қарап, әңгіме құра.

Балалардың орнында болсаң, сен не істер едің?

«Үлкенге құрмет, кішіге ізет» дегенді қалай түсінесің?

Автобуста үлкенге орын беріп, жолда заты ауыр қарияға көмектесесің бе?

*1-тапсырма:*

Суреттегі екі баланы салыстыр.



15-сурет. Қайырымсыз, әдепсіз, үлкенді сыйламайтын, жаман, сыпайы емес

16-сурет. Үлкенді сыйлайтын, қайырымды, әдепті, сыпайы, жақсы, ақылды

*2-тапсырма*

Суреттен не көріп тұрмыз? Екі суретке бір тақырып қойып, әңгімелеп бер. Қай баланың әрекеті дұрыс, қай баланың әрекеті дұрыс емес?

Абайдың бес асыл қасиеттерінің бірі – рақым ойлап қой. Рақым ойлау – жақсылық жасау, қайырымдылық көрсету, қамқорлық таныту, мейірімділік таныту.

17-сурет. Рақымды, қамқоршы, мейірімді

18-сурет. Әдепсіз, бұзақы

*3-тапсырма*

Мәтінді оқы.

Атасы мен немересі

Ата қартайып күші кеміді. Нашар көретін, нашар еститін болды. Ішкен тамағын алдына төгетін болды. Не үшін десеңіз оның аяқ, қолы кәріліктен қалтыраушы еді. Шалдың бұл ісі баласы мен келініне ұнамады. Олар шалға тамақты бөлек беретін болды, алдына жаман дастархан, жаман ыдысқа құйып. Немересі өзінің әкесіне атамды бөлек отырғызба деуге бата алмай, бір күні бір ағашты жонып отырады. Әкесі көріп: «Шырағым, не ғып жатырсың?» дейді. Сонда баласы айтады: аяқ істеп жатырмын, анам мен екеуің атам құсап қартайғанда, сендерге тамақты осы аяққа құйып беремін дейді. Бұл сөзді естіп, шалдың баласы ұялып, әкесін бөлек отырғызып тамақ беруді қойды[7].

- Мәтіннен не түсіндіңдер?
- «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Мәтін бойынша төмендегі тапсырмаларды орындайық.

а) Жазылым. «Төрт сөйлем» әдісі бойынша оқыған мәтінге пікір білдіріңдер.

***Пікір***. Оқыған мәтін бойынша өзіндік пікірлеріңді бір сөйлеммен жазыңдар.

***Дәлел***. Өз пікіріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңдер.Факт, аргумент келтіріңдер.

***Мысал***. Пікіріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіз.

***Қорытынды***. Тақырып бойынша қорытынды шығарыңдар.

ә) «Кейс – стади» әдісі.

Мәтіндегі жағдаятты талдау, болжау.

Жұмысты жүргізу үшін мәтін оқылады, оқушылар өз ойларын ортаға салады.

Ата-анаға қамқорлық көрсету, оларға жақсылық жасау, рақым ету түсінігін қалыптастыру.

«Атаңа не істесең, алдыңа сол келеді» мақалдың мағынасын ашу.

Кері байланыс: «Блоб ағашы» тәсілі арқылы оқушылар өз-өздеріне баға береді.




19-сурет. “Блоб ағашы”




20-сурет. «Рақым ойлап қой» тақырыбы бойынша виртуалды тақтаның көрінісі

6. Тақырыбы:

«Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе»

Іс-шара түрі: *мәнерлеп оқу сабағы*

Мақсаты: Абай өлеңдерін оқушыларға мәнерлеп оқыта отырып, «Толық адам» ұғымын түсіндіру. Оқушыны мәнерлеп оқу шеберлігіне баулу.

Нұсқаулық: оқушыларға «Толық адам» бойындағы ізгі қасиеттер кездесетін өлеңдерді, бөле бере отырып, жатқа айтқызу. Оқыған өлеңдерінің ішінен жақсы қасиеттерді санамалап айтып беру.

1. «Ғылым таппай мақтанба»
2. «Әсемпаз болма әрнеге»
3. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас»
4. «Білімдіден шыққан сөз»
5. «Пайда ойлама, ар ойла»

Кері байланыс: «Алты қалпақ» әдісі арқылы оқушылар бір-бірін бағалайды. Өлеңдерінің мағынасын бір-біріне түсіндіріп, «Толық адам» сипатын ашады.




21-сурет. «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе» тақырыбы бойынша виртуалды тақтаның көрінісі

7. Тақырыбы:

«Ғылым таппай мақтанба»

Іс-шара түрі: *интербелсенді сабақ*

Мақсаты: Өлеңді мәнерлеп оқи отырып мазмұнын түсінеді, меңгереді. Көркем шығармадағы әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтайды.Өлеңдегі әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсінеді, өзіндік ой-пікірін тұжырымдайды.

Нұсқаулық: Оқушыларға түрлі интербелсенді әдістермен Абай Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» сабағы өтеді. Сабақтың басы қима

қағаздардың көмегімен оқушыларды «Бес асыл іс», «Бес дұшпан», «Абай» деген үш топқа бөлеміз. «Сканерлеп оқу» стратегиясы, «Радиалды диаграмма» әдісі, «Үш қадам», «5-5-1» стратегиясы  әдістерімен сабақ өтеміз.

Кері байланыс: «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы сағаттың тілімен топтар бір-бірімен екі жұлдызын, бір ұсыныс-тілегін айтады.




22-сурет. «Ғылым таппай мақтанба» тақырыбы бойынша виртуалды тақтаның көрінісі

8. Тақырыбы:
«Толық адам»
Іс-шара түрі: *интелектуалды ойын*
Мақсаты: Оқушыларға әртүрлі тапсырмалар бере отырып ой-өрісін дамыту, «толық адам» ұғымын түсінгендігіне көз жеткізу.
Нұсқаулық: Қатысушыларды анықтау. Оқушыларды 3 қатысушыдан 3 топқа бөлу және сайыс кезеңдерін анықтау. Білім алушылардың барлық сабақ бойынша алған білімдерін осы іс-шара түрі арқылы пайымдайтын боламыз.

1. Кім жүйрік?
2. Мақал-мәтел;
3. Сыр сандық;
4. Ситуациялық сұрақтар;
5. Қорытынды

*1. «Кім жүйрік?» кезеңі.*

Әр топқа Абай туралы 4 сұрақтан қойып, оқушылардың жылдамдықпен жауап беруін қадағалау. Әр сұрақ 5 ұпай.

1. Абай қай жылы туған? (1845)
2. Абайдың шын аты кім? (Ибраһим)
3. «Абай » деген есімнің мағынасы не? (мұқият, ұқыпты, зерек)
4. Абайға екінші атты берген кім? (анасы мен әжесі)
5. Абайдың алғашқы махаббатының аты кім? (Әйгерім)
6. «Көзімнің қарасы» өлеңін Абай кімге арнаған? (Әйгерімге)
7. Абай қай жылы болыс болып сайланды? (1875)
8. Абайдың поэзияға деген қызығушылығын оятқан кім? (әжесі Зере)
9. Абай ана тілінен басқа қандай тілдерді білген? (араб, парсы)
10. Абай неше жасында сықақ өлең жаза бастады? (14)
11. Әйгерімнің шын аты кім? (Шүкімән)
13. Абай қай жылы дүние салды? (1904)

*2.«Мақал-мәтел» кезеңі.*

Топ қатысушыларына ақынның өлеңдерінен үзінді беріледі. Оқушылар өлең тақырыбын анықтап, мазмұнын мақал-мәтелмен қорытындылайды. Әр үзіндіге 10 ұпай

Үзінділер:

- «Көгалды қуып гөлайттап,
Қызықпен жүріп жазды алған.»
(еңбек туралы)
- Дүние де өзі, мал да өзі
Ғылымға көңіл бөлсеңіз.
(Білім туралы)
- Құлақтан кіріп, бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй.
(Өнер туралы)
- Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?
(Қыз туралы)
- Көңілім әнді ұғады,
Жүрегім бойды жылытып.
(Ән туралы)
- Жылайын, жырлайын,
Ағызып көз майын.
(Махаббат туралы)

*3. «Сыр сандық» кезеңі.*

Ұяшықтарды таңдау арқылы сұрақтарға жауап беру.

Әр ұяшық 5 ұпай




23-сурет. “ Ұяшықтар” ойыны

1. «Толық адам» ұғымының бастау арналарын ата;
2. Абайдың нешінші қарасөзінде «толық адам» сипаттары берілген?
3. 5 асыл істі санамалап айтып бер;
4. Ақынның 29 қарасөзін еске түсір, не туралы?
5. А. Яссауидың ойынша, «толық адам» бойында қандай қасиеттер болу керек?
6. Бес дұшпан дегеніміз не?

*4.«Ситуациялық сұрақ» кезеңі.*

3 топқа ситуациялық сұрақ беріледі. Әр сұраққа 10 ұпай.

- Өзін-өзі тану сабағы. Мұғалім үй тапсырмасына оқушыларға адам бойындағы жақсы- жаман қасиеттерді атау керек екенін айтты. Сен Абайдың қай шығармасын оқып айтар едің?

- Сенің досыңның жақында туған күні болды. Досыңа келген қонақтар азын-аулақ сыйлыққа ақша берген екен. Досың мектепте үлгерімі жақсы, кітаптар оқығанды жақсы көретін оқушы еді. Ол сеннен келіп: «Досым, маған сенің көмегің керек. Менің ақшам аз болып тұр. Дәл қазіргі ойым, тез асханаға барып, тәттілер алып жеу. Ал жүрегім болса, кітап сатып алғанымды қалайды. Не істесем болады? Кеңесің қажет,»- деді. Сен досыңа көмек ретінде Абайдың қай шығармасын оқып, шешім қабылдауды ұсынар едің?

- 1-мамыр «Бірлік» күні. Атаң сені туыстардың үйіне мерекемен құттықтау үшін алып кететіндігін айтты. Және ол жерде көп өзге ұлт өкілдері болатынын, онда сенің өлең оқығаныңды қалады. Сен атаңды ұятқа қалдырмау үшін, мерекеге сай өлең оқуың керек. Абайдың қай өлеңін оқып берер едің?

Кері байланыс: Сайысты қорытындылай отырып, жеңімпаз топты анықтау. Алғыс хат, грамоталармен марапаттау.




24-сурет. «Толық адам» тақырыбы бойынша виртуалды тақтаның көрінісі

9. Тақырыбы:

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста»

Іс-шара түрі: *сахналау сабағы*

Мақсаты: Абайдың 17-қарасөзін сахналау арқылы оқушылар автордың не айтпақ болған ойын көрермендерге жеткізеді.

Нұсқаулық: Алдымен оқушыларға *сахна, сахна әдебі, сөйлеу мәнері, образ, сахналық шеберлік* сынды терминдермен таныстырамыз. Одан әрі білімін шыңдау мақсатында шағын метражды көрініс сабағын көрсетеміз. Одан соң барып, оқушылардың өздеріне рөл бөліп беріп, шығармашылық қабілеттерін байқаймыз. Сахна көрінісі болсын, өлең, нақыл сөз болсын әр нәрсенің қорытынды бөлімі, соңғы түйіні болатындығын үйрете отыра, қойылған сахналық көріністің не айтпақ ойын саралап, түйіндейтін боламыз. Оқушылармен бірге кейіпкердің образын ашып, түйінін бірге табатын боламыз.

Алдымен, оқушыларды кейіпкерлерге бөліп аламыз. *Автор, ақыл, қайрат, жүрек, ғылым, көрермендер.*

Автор: Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті. Қайрат айтыпты: (Қайрат) «Ей, ғылым, өзің де білесің ғой, дүниеде ешнәрсе менсіз кәмелетке жетпейтұғынын; әуелі, өзіңді білуге ерінбей-жалықпай үйрену керек, ол - менің ісім. Құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей-жалықпай орнына келтірмек те - менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар

жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?» - депті.

Ақыл айтыпты: (Ақыл) «Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын - мен, сенің сөзіңді ұғатұғын - мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?» - депті.

Онан соң жүрек айтыпты: (жүрек) «Мен - адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын - мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын - мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын - мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын - мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?» - депті.

Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып, айтыпты: (Ғылым) - Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріннің бары рас, сенсіз ешнәрсенің болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман, - депті.

- Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да - бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның екеуінің де сүйенгені, сенгені - сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, - депті. - Сен үшеуіннің басыңды қоспақ - менің ісім, - депті. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады.

- Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшіңді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, - деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам - сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, – депті.

Кері байланыс: Сабақ соңында автор көрермендермен кері байланыс жасай отырып, сұрақ қою арқылы сабақты қандай деңгейде түсінгенін анықтайды.




25-сурет. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста» тақырыбы бойынша виртуалды тақтаның көрінісі

10. Тақырыбы:

Абайдың «Толық адам» тұжырымы бойынша эссе жазу

Мақсаты: Абайдың «Толық адам» тұжырымын 5-сынып оқушыларының қабылдап, түсініп, өз тәжірибесінде қолдануын бақылау, білімін тиянақтау, ойларын тұжырымдау.

Нұсқаулық: Берілетін уақыт мөлшері: 24 сағат

Көлемі: 80 сөз

Қойылатын балл – 10 балл

Есте сақтау: Эссе – бұл өз тілімен және стилімен жазылған өздік жұмыс, сондықтан цитаттың аз болғаны дұрыс.

Эссенің жазылу жоспары:

- Кіріспе (эссенің 30 % көлемі)

- Негізгі бөлім (эссенің 60 % көлемі);
- Қорытынды (эссенің 10 % көлемі);

*Бағалау критерийлері:*

| | | |
|---|---|---|
| | Эсседе Абай пікірлерінің орын алуы | 5 |
| | Өзіндік ой-пікірдің болуы | 5 |

Ұсынылатын эссе тақырыптары:

1. Еріншектің ертеңі бітпес.

Тірек сөздер: еріншектік-жаман әдет, ісін ертеңге қалдыру, ерінбесең, жалқаулық, Абай атаған 5 жаман нәрсе.

Сонымен қатар Абайдың 38-сөзін пайдалануыңа болады:

Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі - надандық, екіншісі - еріншектік, үшінші - залымдық деп білесің.

Надандық - білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды.

Білімсіздік хайуандық болады.

Еріншектік - күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік - бәрі осыдан шығады.

Залымдық - адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан қисабына қосылады.

2. Мақтаншақтық-жаман әдет

Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін пайдалануыңа болады.

Тірек сөздер: Қасиет пен әдет, жаман іс, бос мақтану, даңғой, өзімшіл, бос кеуде, ондай адаммен дос болу...

3. Мен мейірімдімін бе?

Мейірімділікті және мейірімсіз қатігездікті қалай түсінетіңді айта келіп, өз басыңнан өткен оқиғаны әңгімеле. *Мейірімділік* сөзіне мағынасы жуық сөздерді келтір. Абай мейірімділік туралы не деген?

4. Байлықтың ең үлкені-білімді болу

Абай жас кезінде білім алудың пайдасы туралы не дейді? «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деп ақын неге өкініш білдіреді?Білімді қай кезде алған дұрыс деп ойлайсың? Білімді адам бай адам ба? Әлде білім алмай-ақ бай болуға бола ма? Сен қай жолды таңдайсың? Неліктен?

5. Өсек, өтірік айтудың зияны неде?

Шынымен зиянды ма? Бойында осындай әдеттері бар адамды білесің бе? Ол туралы пікірің қандай?




26-сурет. Абайдың «Толық адам» тұжырымы бойынша эссе жазу тақырыбы бойынша виртуалды тақтаның көрінісі

# 4 ЦИФРЛЫҚ КОНТЕНТТЕРДІ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

Бүгінгі күні білімді дайын қалпында қабылдамай, оны өздігімен құрастырудың тұлғаны дамытатындығы, өздігімен құрастырылған білімнің есте ұзақ мерзімде сақталатындығы дәлелденіп отыр. Қайталау мен жаттауға негізделген білім (репродуктивтік) тек есте сақтау дәрежесінде болса, бұл күнде құрастырылған (конструктивтік немесе сындарлы) білім үйренушіден түсіну, қолдану, талдау, ақпарат негізінде жаңа мазмұн құрастыру қажет. Ал бұл мақсатқа әр сабақта интербелсенді әдістемені қолдану арқылы ғана жетуге болады.

*Білімдік парадигмадан таным процесіне қатысушылардың белсенді әрекеттерін талап ететін әрекеттік парадигмаға көшу.*

Күні кеше ең басты мақсат үйренушілерде қандай да болмасын білім қалыптастыру еді, яғни шәкірттер ақпарат пен мәліметтерді (фактілер, формулалар, анықтамалар, сандар мен даталар, ережелерді) есінде сақтауы қажет еді. Сол себепті ұстаздар білім мазмұнын құрастырумен шұғылданатын, шәкірттердің білімі қандай дәрежеде болуы керектігін айқындайтын, ең басты мәселе «білу» еді.

Қазірде білім игеру процесінің ең басты мәселесі мен мақсаты үйренушілердің белсенді әрекеттерін ұйымдастыру болып табылады. Белсенді әрекеттер арқылы шәкірттер білімді өздігімен меңгереді, үйренеді. Негізгі қағида «не білу» емес, «не жасай білу».

Оқу процесінің мазмұнын зерттеу жұмыстары құрайды.

Бұрында кез келген сабақ ақпаратпен танысып, сол ақпаратты қайталау нысанында ұйымдастырылып отырылған. Ал қазір сабақ зерттеу процесіне айналған, әр сабақта үйренушілердің келесі әрекеттермен шұғылданғандығы дұрыс:

- зерттеу жобасын жазу;
- ғылыми жұмыстарға аннотация мен пікір (рецензия) жазу;
- әдебиет көздерін талдау картасын құрастыру;
- ғылыми пікірталастар ұйымдастыру;
- портфолио құрастыру;
- мақала, реферат, баяндама, сценарий жазу;
- «Қазақша Уикипедияға» мақала жазу;
- сауалнама, тест, диагностикалық құрал, жоспар, бағдарламалар әзірлеу;
- тәжірибелер жасап, оларды сипаттау, талдау және бағалау т. б.

*Мақсаттың өзгеруі: зияткерлі (парасатты, интеллектуалды) тұлғадан рефлексиялы тұлғаға көшу.*

Тұлғаның тек білімді болуы бүгінде жеткіліксіз. Білім беру/алу жүйесінің басты мақсаты – мынандай рефлексиялық қасиеттері бар тұлға қалыптасуға мейлінше тиімді жағдайлар жасау:

- өзіне-өзі есеп беріп, ойлары мен әрекеттерін талдай білетін,
- өзін-өзі бағалай алатын,

• өзінің мүмкіншіліктері мен қабілеттерін жүзеге асырып, өркендей білетін,

• өз өмірі мен іс-әрекеттерін ешкімге де жүгінбей өздігімен жоспарлай алатын, жауапкершілігі жоғары.

Мұндай рефлексиялық қасиеттерді бойында қалыптастырған тұлға жаңа Әлем жағдайында өмірдегі өз орнын тауып, қоғам игілігіне нәтижелі еңбегімен қызмет жасайды.

Бүгінгі күні маманға қойылатын талаптар біліммен жұмыс жасау бағытына ауысқан. Дамыған елдердің экономикасы нақты емес жағдайда жұмыс жасай білетін, проблеманы айқындай біліп, оны шешу жолдарын белгілеп, стратегиялық бағыттарды айқындай білетін мамандарды көптеп қажет етуде.

Сабақ жоспарын әзірлеу – сабақтың әдістемелік сценарийін жасау — мұғалімнен режиссерлік қабілеттен кем емес таланттылықты қажет етеді. Сабақтың әдістемелік сценарийінде сыныптағы әр оқушының «өзіндік рөлі» айқын берілуі керек. Сабақтың барлық кезеңдерінде мұғалімнің сабақ берушілік қана емес, басшылық, жетекшілік, қолдаушы, ынтымақшылдық болмысы айқын сезіліп тұруы тиіс. Мұғалім қазақ әдебиеті сабақтарын «шығарманың мазмұнын айтқызу», «жаттату», «талдаулар жүргізу» сияқты ғана іш пыстыратын әдістермен шектемей, оқушылардың функционалдық сауаттылығын, яғни күнделікті өмір жағдаяттарында керек болатын білім мазмұнын теориялық және практикалық бағытта ұйымдастыруы міндетті. Сабақ үстінде оқушылардың «жеке» — «екеу» —«үшеу» — «төртеу» — бесеу немесе «топ» — «команда» — «сынып» — «жеке» түрінде жұмыс істеуін ұйымдастырып, тапсырмалардың осы желіде орындалуын қадағалауы тиіс [17].

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша сабақты жоспарлау келесі реттілікпен іске асырылады:

1) сабақты жоспарлауда оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес сабақтың оқу мақсаттары мен күтілетін нәтиже басшылыққа алынады.

2) оқу мақсатына жетуді бағалауға мүмкіндік беретін құралдары (критерийлер, дискрипторлар, деңгейлер және т.б.) құрастырылады.

3) сабақта оқу мақсатына жетуді қамтамасыз ететіндей іс-әрекеттер оқыту әдістері мен бағалауға сәйкес жоспарланады.

Қысқа мерзімді жоспар құрған кезде мұғалімге келесі ұсыныстарды басшылыққа алуына болады:

- сабақты ұйымдастырғанда оқу бағдарламасында және оқу жоспарында көрсетілген мақсаттарды басшылыққа алу;

- сабақ мақсаттарын анық тұжырымдау (S.M.A.R.T. қағидасы бойынша), яғни нақты, өлшемді, қолжетімді, шынайы мақсаттар қою;

- орта мерзімді жоспарда көрсетілген барлық іс-әрекеттерді, әдістемелік кеңестерді, ресурстарды мұқият зерделеу;

- мұғалімнің қалауы бойынша іс-әрекет түрі қажеттілігіне қарай толықтырылып отырады [16].

*Күнделікті сабақ жоспарын құруда назар аударатын мәселелер*:

1) ұзақ мерзімді жоспарда көрсетілген оқу мақсаттары арқылы оқушылардың тілдік дағдылары дамытылып, жетілдіріліп отырады және тарау аяқталған соң сол дағдылар бойынша бағаланады;

2) мұғалім сынып ерекшелігін ескере отырып, бір тарау барысында оқу мақсаттарының ретін, оларға ұсынылатын сағат санын өзі таңдап жоспарлай алады және мектеп журналына белгілі бір тарау бойынша ұсынылған тақырыпшаларды жазған дұрыс;

3) бір сабаққа таңдалатын оқу мақсатының саны 1-3 аралығында болуы қажет, үштен артық мақсат таңдалса, оқушыға қиындық тудырады және оны жүзеге асыру мүмкін болмайды;

4) қалыптастырушы және жиынтық бағалау оқу мақсаттарында көрсетілген дағдылар бойынша жүзеге асады;

5) күрделі деп танылған оқу мақсаттарын мұғалім сабақ мақсатына қарай бейімдейді және бірнеше бөлікке бөліп, бірнеше сабаққа жоспарлай алады;

6) оқушының сол тақырып бойынша тілдік қорын байыту, тақырып бойынша ақпараттар бере отырып, шынайы өмірмен байланыс орнату, пәнаралық байланысты жүзеге асыру барысында оқушылардың академиялық сөздерді орынды қолдана білуіне ықпал ету

Қазіргі заманның талабы – шығармашылықпен өз бетінше жұмыс істейтін, өзгермелі өмірде бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған, құзіретті тұлға тәрбиелеу.

Құзыреттілік тәсіл жағдайында оқу жетістіктерін бағалау – жеке, өте маңызды әдістемелік проблема. Ғалымдардың пікірінше, адамның бойында өз іс-әрекеті мен оның нәтижелерін өздігінен бағалай алу қалыптасса, дәл сол уақытта ол құзыретті болып табылады. Мұндай мүмкіндік сабақта білім алушыларды критериалды бағалау кезінде пайда болады.

Білім алушыларға дер кезінде қолдау көрсету, оқытудағы алға басуын көрсету, оқыту нәтижесі бойынша ата-аналарын хабардар ету мақсатында әрбір сабақта бағалау элементтерін қолдану ұсынылады.Мұндай бағалау жүйесі балаларды оқуда табысқа жетуге ынталандырады, білімдегі кемшіліктерді анықтауға және олардың жетістіктерін көрнекі түрде көрсетуге бағыттайды. Білім алушы мен мұғалім жеке және бірлесіп одан әрі даму үшін алдағы іс-әрекеттердің жоспарын әзірлей алады.

Оқу процесінде түрлі цифрлық контенттер мен цифрлық ресурстарды пайдалану – заманауи педагогтен талап етілетін құзыреттердің бірі.

Оқу процесінде қолданылатын *цифрлық контенттер* – электрондық оқыту жүйесінің негізгі бір құрамды бөлігі. Олар: оқу үдерісін ұйымдастыруға қажетті сандық формада көрсетілген фотосуреттер, көркем үзінділер, статистикалық және динамикалық модельдер, виртуальды нақтылық пен интерактивті модельдеудің объектілері, картографиялық материалдар, дыбыс жазбалары, таңбалық объектілер мен іскерлік графика, мәтіндік құжаттар мен басқа да оқу матриалдары.

Білім беру үдерісінде цифрлық контенттерді қолданудың негізгі әдістері:

біріншіден, цифрлық контенттерді пайдаланудың ең танымал түрі – электрондық құралды жаңа материалды түсіндіргенде немесе жаңа сабақты бекіткенде қолдану әдісі. Бұл жағдайда анимациялық, бейне үзінділер, дыбыстық файлдар, графикалық кескіндерді көрсету сияқты цифрлық ресурстарды пайдаланған дұрыс;

екіншіден, оқушының өзіндік оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға арналған цифрлық контенттерді үлкен мүмкіндіктерді пайдалану әдісін атауға болады. Мұндай әрекет үй тапсырмасын, сынақ және т.б. даярлауда орындалуы мүмкін.

Цифрлық контенттер материалдарына жобалау қызметінде де сұраныс бар. Бұл жағдайда оқу комплексінің барлық материалдары: анимация, бейне, дыбыстық сүйемелдеу, интерактивті компоненттер, суреттер, кестелер, графиктер, диаграммалар және қарапайым мәтіндер де пайдалы болуы мүмкін.

үшіншіден, цифрлық контенттерді әртүрлі бақылауларды (кіріс, ағымдық, кесінді, қорытынды) ұйымдастыруға қолдану әдісін атауға болады.

төртіншіден, мультимедиалық құралдарды пайдалану арқылы цифрлық контенттерді нақты бір пән не бағыт бойынша топтастыруға мүмкіндік беретін әдіс. Бұл сақталған ресурстардың қорын жасап, оларды бір жүйеге келтіріп, оқушыға да, мұғалімге де тақырып бойынша қажетті ресурсты жылдам іздестіруге көмектеседі.

Белгілі қазақ ағартушысы Ж. Аймауытұлы айтқандай, сабақ барысында «*баланың өзін еңбектендіріп, бірлестіріп, өз бетімен білім тапқандай қылса, жұмыс жасайтын материалдар даяр түрінде емес, балалар тәжірибе қылып, зерттеп, өз бетімен шешкендей, тұрмыс жұмбақ түрінде берілсе*» оқудың анағұрлым тиімді болатынын естен шығармаған дұрыс.

Мұғалімдер кері байланыстың көмегімен және модельдеу, көрсету, сұрақ қою, бақылау, танымдық ойын түрлерін қолдану арқылы оқушылардың оқу жетістіктерінің ілгерілеуіне үнемі қолдау көрсетуі керек. Оқушылардың пән бойынша терең білім алуы мұғалімдердің дағдыларына да байланысты, яғни олар оқушылардың жаңа білімдерін бұған дейінгі білімдерімен ұштастыра алуын бақылай білулері маңызды.

Белсенді оқу барысында мұғалімдер:

- барлық оқушылардың оқу үдерісіне қатысуын қамтамасыз ететін жағымды оқу ахуалын қалыптастыруға;

- сенімді, жауапты, белсенді, жаңалыққа ұмтылатын және өзінің іс-әрекетін талдап, рефлексия жасай білетін оқушыларды тәрбиелеуді мақсат етуге;

- оқушылардың дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар мен белсенді әдіс-тәсілдерді қолдануға;

- алға қойылған оқу мақсаттарына қол жеткізу арқылы жоспарланған сабақты тиімді өткізу үшін материалдары, ресурстарды және қосымша құралдарды пайдалана отырып, бүкіл сынып қатысатын, топтық немесе жұптық жұмыс түрлерін, оқушылардың жеке жұмыс істеуін ұйымдастыруға;

- оқушыларды мадақтап, оқуға еліктіре, қызықтыра отырып, ұғымдарды түсіндіруде және мағынасын ашуда, нұсқаулық беруде түсінікті, анық, қарапайым тілді пайдалануға;

- оқушылардың оқуын бақылап, оларға кері байланыс ұсынуға тиіс.

Белсенді оқу үдерісінде мұғалім үшін:

- ой салып, ынталандыратын материал ұсыну;

- оқушылар ғылыми жоба барысында пайдалана алатын тәжірибелік және эксперименттік дағдыларды қалыптастыру;

- оқушыларға өздері қызығатын салаға қатысты сұрақ тұжырымдауға көмектесу;

- жұпта, шағын топта және құрамы өзгеріп отыратын жұпта жұмыс істеуге арналған жаттығу дайындау;

- оқушыларды өз бетінше ойлануға бағыттау;

- оқушыларға өздерінің ойлау және зерттеу дағдыларын қолдануды еске салу;

- оқушылармен жеке жұмыс жүргізу;

- оқушыларға өз бетінше жұмыс істегенде жетістікке жетуге мүмкіндік беретін жобаларды ойлап табу және ұйымдастыру маңызды.

Бүгінгі таңда осы аталған әдістердің ішінде кеңінен қолданылып жүрген белсенді оқу әдістерінің бірі – ***интербелсенді әдістер.***

Білім саласындағы инновациялық өзгерістер оқудың/оқытудың негізі ретінде тұлғалық дамуды қарастырады, өйткені динамика мен өзгерістерге толы ақпараттық дәуір экономикасы адамның білімді әрі білікті тұлғасына тәуелді, бұл дәуірдің идеологиялық, әлеуметтік, саяси сұраныстары адамнан мынандай құзыреттіліктерді талап етеді:

- ақпараттың ішінен өзіне қажеттісін таңдап, оны пайдалану;
- проблемаларды шешу және шешім қабылдау;
- өзіндік пікір, идеялар, тұжырым, түсінік келтіру, оларды дәлелдей және қорғай білу;
- ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас құра білу, бірлесе жұмыс жасай білу, жанжалдарды болдырмау;
- өмірге деген көзқарасын, ұстанатын сенімдерін, қажеттіліктерін, құндылықтарын жалпы адами құндылықтармен байланыстыру;
- өздігімен үйрене білу, өз білімін әрқашан да дамытып отыру.

Сол себепті де тұлғалық даму ұстанымы білім игеру процесіне қатысушылардың (үйренуші мен үйренуші) бұрынғы авторитарлы-коммуникативтік қарым-қатынасын гуманитарлы-коммуникативтік қарым-қатынасқа өзгертуді талап етеді. Бұл ұстаным таным процесінің «білім беру», «оқыту», «үйрету» деген кешегі күнгі түсініктерін енді екі жақты процесс ретінде қарастырып, оларды *«білім алу/игеру», «оқу», «үйрену» деп өзгертеді, бұл процесте үйренуші негізгі рөл атқарып, білімді өздігімен құрастырады деп түсінеді.*

Басқаша айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз біреумен қоян-қолтық қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру. Ал

«интербелсенді оқу» дегеніміз өзара қарым-қатынасқа (коммуникацияға) негізделген оқу/оқыту, диалог арқылы үйрену/үйрету, яғни «үйретуші – үйренуші», «үйренуші-үйренуші», «үйренуші – өзімен-өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас («әңгіме», «сұхбат», «пікірлесу», «бірлескен әрекеттер»).

Интербелсенді оқу/оқыту білім игеру процесін былайша ұйымдастыруға ынталы:

✓ барлық үйренушілерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау;

✓ әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғауына мүмкіндік жасау;

✓ үйренушілер білімді өздігінен құрастыратын орта құру.

Интербелсенді оқу/оқыту – әрекет көмегімен және әрекет арқылы үйрену/үйрету, ал мұндай ұстаным қомақты нәтижелерге жеткізетін ең тиімді жүйе деп есептелінеді, өйткені адамның жадында бірінші мезетте тек өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасағаны ғана қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций (Кун-цзы) 2500 жыл бұрын былай деген екен: *«Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!»* [8].

Сол себепті де интербелсенді оқу/оқыту үйренушілердің оқу процесіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары мен тәсілдері ретінде таниды. Сондықтан да интербелсенді оқу/оқыту оқу процесінің тиімділігі мен нәтижелігін үйренушілердің есте сақтау дәрежесімен өлшемей, олардың әрекеттерімен бағалайды, тек әрекет арқылы ғана үйрену ықтимал деген қағида ұстанады.

Интербелсенді оқу/оқыту оқушының өз тәжірибесі және өзге де оқушылардың тәжірибесі түрғысынан жасаған белсенді қарым-қатынасқа негізделеді. Ал үйренушілердің тәжірибесі дегеніміз олардың өзіндік пікірлері мен көзқарастары, ойлары мен идеялары, ұстанымдары мен пайымдаулары, тұжырымдары мен қорытындылары, дәлелдері мен уәждері деп айтуға тұрарлық. Оқушылар таным процесінде бір-бірімен осы тәжірибесімен бөліседі, міне, осындай байланыста, қарым-қатынаста жаңа білім құрастырылып, саналы түрде игеріледі.

Интербелсенді оқуда/үйренуде білім алушылар мынандай білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

• терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;

• өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;

• ақпаратты өздігімен түсініп, оны таразылап, екшеп, оның ішінен керектісін таңдап алу;

• ақпаратты жан-жақты талдау;

• өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;

• оқу барысында жеке басының құндылықтары мен сенімдерін қалыптастырып, белсенді өмірлік позиция (көзқарас, дүниетаным) ұстану;

• пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;

• басқа да балама пікірлерді ескеру;
• шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;
• ортақ жұмысқа жұмыла білу;
• басқалармен тиімді қарым-қатынас құру, өзара әрекеттесу;
• үйренушілер ұжымына ортақ бірлесе жұмыс жасаудың рухани және моральды ережелерді қабылдау;
• оқушы топты ұжым ретінде қабылдайды.

Заманауи мұғалім мыналарды білуі тиіс:
- білім беру онлайн вебинарлары мен семинарларын дербес ұйымдастыру;
- оқу скринкасттары мен подкасттарды жазып, жариялау;
- заманауи ойын формаларында мультимедиялық мазмұнды қолдайтын интерактивті тесттерді әзірлеу;
- электрондық оқу басылымдарын әзірлеу.

Сабақ жоспары-мұғалім сабаққа баратын ең маңызды құрал. Жоспарлау сабақтың мақсаттары мен міндеттерінен басталады. Мұғалімдер өз сабақтарына қалай мақсат қояды? Сабақтың мақсаты-алдын-ала жоспарланған нәтиже, оны мұғалім ғана емес, сонымен қатар студенттер тақырыпты, оқу модулін оқып болғаннан кейін сабақтың соңында қол жеткізуі керек. Оқушыға бағытталған сабақтың мақсаты оқушылар ұмтылуы керек негізгі нәтиже болып табылады.

Сонымен қатар, қазіргі мұғалім SMART-мақсат технологиясын қолдана білуі керек. Мақсатты қалай қою керек? Мақсат қою кезеңінде оның жетістігін 99% ықтималдылықпен болжауға болады. Мақсатқа жетудің жылдамдығы мен сапасы қаншалықты дұрыс қойылғанына байланысты. Сұрақтарға жауап беру керек:
- Мен нақты нені қалаймын?
- Мақсатқа жеткенімді қалай білуге болады?
- Бұл мақсатқа жетуге бола ма?
- Мақсатқа жету үшін не қажет?
- Мен мақсатыма қашан қол жеткізгім келеді?

Мақсат нақты не алғымыз келетінін нақты түсіну үшін нақты болуы керек. Мақсатты мүмкіндігінше нақты тұжырымдау қажет, онда бұлыңғыр тұжырымдар болмауы керек. Оқушы сіздің мақсатыңызды түсінуі керек, әйтпесе сіз оны осы мақсатқа бағыттай алмайсыз.

Әрбір мақсатқа қол жеткізуде прогреске қол жеткізу үшін бағалаудың нақты критерийлерін әзірлеу қажет (нәтиже немен өлшенетін болады). Мақсаттың өлшенетінін анықтау үшін келесі сұрақтарға жауап беру керек: қанша? Қаншалықты? Мақсаттың қашан орындалатынын қалай білуге болады? Сіздің пәніңізде алынған білімнің жалпы көрінісін көру үшін Сіз бірінші және соңғы сабақтарда, яғни сол тақырыптар бойынша сұрақтарды жазбаша түрде «білемін» немесе «білмеймін» сұрақтарына жауап беруге болады.

Ең маңызды мақсаттарды орнатқаннан кейін оларды жүзеге асыру жолдарын анықтау қажет, атап айтқанда, қарым-қатынас орнату, мақсаттарға жету үшін құзіреттер арқылы дағдыларды дамыту. Мақсатқа қол жеткізуге

болатындығын анықтау үшін келесі сұрақтарға жауап беру керек: қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бола ма? Оларға не есебінен қол жеткізу жоспарлануда? Мақсат биік, дегенмен қол жетімді болуы керек. Мақсат қою оңай емес, мақсат оқушылардың мүмкіндіктерінен сәл жоғары болуы керек, содан кейін олар өседі.

Білім берудегі инновациялық технологиялар - бұл білім беру сапасын арттыруға ықпал ететін, оқушылардың ойлау белсенділігін күшейтуге мүмкіндік беретін мультимедиялық және компьютерлік жабдықтарды пайдалануға негізделген оқытудың жаңа, заманауи, белсенді, ақпараттық, дәстүрлі емес әдістері мен технологиялары.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту кезінде жиі қолданылатын әдістер тізбесіне назар аударсақ барлығы да заманауи талаптар деңгейінде деуге болады. Мысалы:

- Қатысымдық әдіс;
- Кейс әдісі;
- Интерактивті әдіс;
- Желілік әдіс;
- Корреспонденттік әдіс.

Қатысымдық әдісі онлайн режимінде қазақ тілінен білім берудің барлық кезеңінде жүргізіледі.

Оқушылар гипермәтіндегі жаттығуларды оқып, оқылым арқылы әрбір тілдік қарым-қатынаста пайдаланады. Рефлексиялық тапсырмалар мен жаттығуларды жазып, жазылым, арқылы ойын тиянақты, сауатты жеткізуге дағдыланады, орфографиялық заңдылықтарды меңгереді.

Аудио немесе бейне таспалар, бейнефильмдердегі оқу материалдарын материалдағы қатысымдық және тілдік тұлғаларды естіп, түсініп қабылдайды және оған жауап іздейді. Интерактивті тақтаның көмегімен сабақ мәтінін тыңдап, айтылым арқылы ойын дәл, ұтымды, мағыналы түрде жеткізе білуге үйренеді, тілдесім арқылы қарым-атынасқа түсіп, пікір алмасады. Компьютер арқылы оқыту кезінде жазылым арқылы әріптің, сөздің мазмұн-мағынасына, формасына көңіл аударады. Жазылған материалдың түсінікті, жүйелі болуына мән беріледі. Оқылым арқылы берілген материалың не туралы екенін түсінеді, оның тақырыбын айқындайды, негізгі ойды қабылдайды, пайымдайды, салыстырады, талдау жасайды. Жаттығу жұмыстарын, тапсырмаларды тиянақты орындау оқушылардың сөздік қорын байытуға мүмкіндік жасайды.

Кейс – бірыңғай ақпаратты кешен. Кейс әдісінің:

- Баспалық (мәтін, диаграмма, кесте);
- Мультимедиялық ( виртуальді, компьютерік техника);
- Бейнелік (көркем, деректі фильм, клип) сияқты түрлері бар.

Аталғандардың ішінде баспалық және мультимедиалық түрлерінің тиімділігі анықталды. Кейс әдісі онлайн режимінде оқытудың оффлайн түрінде пайдалануға болады.

Кейс әдісін пайдалануда модульдің бір түріне қатысты қысқа мерзімді сабақ жоспары, рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмалар, слайдтар (презентация) ұсынылады.

*Кейс мамұны бойынша оқушыларды:*

- Мәтінмен жұмыс істеуді, талдауды меңгереді;
- Проблемаларды шешу мен шешім қабылдауға дағдыландырады;
- Өз бетімен жұмыс істеуге баулиды;
- Алған білімін, икемділік дағдыларын кеңейтуге машықтандырады.

***Кейс әдісі – онлайн/офлайн режимінде қолданылатын ең негізгі әдіс.*** Бұл әдісте оқушыларға аудио немесе бейнетаспалар, бейнефильмдер арқылы оқу материалдарын жіберуге болады. Қазіргі уақытта дидактикалық аудио және бейне материалдары, негізінен, аудио мен бейнетаспалардың магнитті жеткізушілеріне жазылады. Магниттік жеткізушілерде жазылған аудиодәрістер мен нұсқаулы сабақтар тиімді саналады. Дипломдық жобаны орындауда онлайн білім беруде әдістерді пайдалану да қазақ тілінің мұғалімінің тәжірибесіне байланысты.

Телеэкранда өтетін үдерістер оқушыларды шынайы оқиғаға мейлінше жақындатады. Зерделенген материалды түсінуге және меңгеру үшін қолайлы жағдайлар туғызуға жетелейді. Қажетті ақпаратқа тез арада қол жеткізеді, оны терең түсіну үшін қайта қарауға мүмкіншілігі бар.

Онлайн режимінде қазақ тілін оқытуда аталған екі әдіс – коммуникативтік әдіс – кейс әдісі байланысты жүргізіледі.

Педагогикалық практика уақытында қазақ тілі мұғалімі мен оқушылардың бір-бірімен ақпарат алмасуы, сонымен бірге жоғары деңгейдегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялары қолданылды. Мысалы, аудиовизуалды құралдар, дербес компьютерлер, телекоммуникациялық жабдықтар қолданылды.

Қазақ тілін ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы оқытуда төмендегідей ддактикалық құралдарды қолдануға болады:

- Интерактивті тақта;
- Аудо, бейнетаспалар, бейнефильмдер арқылы оқу материалдары;
- Компьютерлер;
- Теледидарлық телеоқулар;
- Электронды оқулықтар;
- Интернет;
- Телефон.

“Ой толғақ” әдісі. Қазақ тілін сыныптағы оқушыларды екі шағын топқа бөліп өткізуге болады. Бірінші топ берілген тапсырманы орындау жолдарын, осы тақырып бойынша өз ойларын айтады. Екінші топ оқушылары қарсы топтың ұсынған ұсыныстарын талдап, сынайды, баға береді және сол ұсыныстардың қайсысы ұтымды екенін айтып, таңдап алады. Ауызша орындалған тапсырма, жазбаша бекітумен аяқталады. Берілген әдістің мақсаты – оқушыларды қашықтан оқытуда да мүмкіндігінше қазақ тілінде тілдік

коммуникация жасай білуге үйрету, кез-келген тілдік ортада өз ойын еркін жеткізе білу үшін ақпарат алмасу мәдениетін қалыптастыру мақсаты қойылады.

Қазақ тілінің мұғалімі бұл әдісті сабақта тиімді қолданудың мынадай өрнегін ұсынады: алдымен сыныптағы әрбір алтыншы оқушы тапсырманы орындаудың үш негізгі нұсқасын қағазаға жазып келесі оқушыға ұсынады. Ұсыныс қағазды қабыл алған оқушы тағы үш идея жазып, келесіге береді. Ойын соңында қағаз бетінде барлығы 108 идея жазылады. Жұмыстың бұл кезеңі аяқталғаннан кейін, келесі кезең сынаушы топқа беріледі. Бұл топтың жұмысы алдында айтылғандай орындалады. “Ой толғақ” әдісін сабақта қолдану тәжірибесі, оның ауызша түрде орындалатын кезеңінен жазбаша түрде орындалатын кезеңінің тиімдірек болатындығы байқалды.

***Тест әдісі.*** Қазақ тілін оқытуда тестілеу жүйесі – білім беру жүйесіндегі жаңа әрі сапасы жоғары әдіс. Заманауи талапқа сай, білім беру жүйесінде дәстүрлі тестілеулердің күннен-күнге қолданыс аясы тарылып, орнын өте қолайлы әрі тиімді тестілеу әдіс-тәсілдері басуда. Осыған орай мектеп бағдарламасына арналған тестілеу бағдарламасы ***«Kahoot!» қосымшасы.*** Осы тестілеу бүгінгі күнде жиі қолданылып жүр. Бұл қосымша оқушылардың білім дәрежесін жедел түрде қадағалауға арналған. «Kahoot!» ғаламтор жүйесімен іске асырылады.

«Kahoot!» қосымшасы бір жыл бойы оқу жылындағы бүкіл ақпараттарды түгел қамтып, білімді игеруге арналған тестілеу сұрақтарын жасауға жол ашады. Оқушылармен онлайн байланысты интерактивті түрде орнату үшін, жаңа деректерді тереңдету үшін, тіл үйрену үшін, жаңа сөздерді жылдам меңгеру үшін, қызықты сабақ өткізу үшін, шетелдік, жаңашыл бағдарламамен танысу үшін, «Kahoot!» қосымшасын кеңінен пайдалануға болады. Бұл қосымша сынып және аудиторияда қолданылуға арналған. Мұғалім сұрақтарды интерактивті тақта немесе экранға шығару арқылы көрсетеді. Ал балалар сұрақтарды талдап, талқылап, жауаптарын компьютер, планшет немесе ұялы телефон арқылы жолдай алады. Виртуалды сынып бөліміне кіру үшін балалар мұғалім көрсеткен арнай құпия санды жазулары керек. «Kahoot!» сервисі әр оқушының тест сұрақтарына қалай жауап беріп отырғанын, сонымен қатар барлық аудиторияның үлгерім көрсеткішін, жеке қатысушының өзіндік нәтижелерін кесте арқылы бақылауына толықтай мүмкіндік жасайды. Онлайн тестілеуде қолданушы ғаламтор желісі қосылып тұрғанда, шексіз тест орындай алады. Сондай-ақ, бұл қосымшада шексіз сұрақтар енгізіп қоюға болады. Сыныптағы білім алушылардың, қатысушлардың қабілетіне қызығушылығына, білім деңгейіне қарай, онлайн тест сұрақтарын өзіңіз құрастыра аласыз. Бұл тест құру жүйесі оқушыны ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, онлайн сабаққа деген ынтасы мен талпынысын арттыра түсетіндігі анықталды.

***Интерактивті «Kahot» ойынын дұрыс ұйымдастыру үшін жасалатын іс-әрекеттер:***

| **Оқушының рефлексиялық іс-әрекеті** |
|---|
| 1. Арнайы құпия санды енгізу арқылы келесі бөлімге өтеді. |

2. Сыныптаңы әр оқушы өзінің есімін жазып ойынға қатысушы болып қосылады.
3. «Join» батырмасын басады.
4. Проэкторда сұрақтар беріледі, жауап беру құралдарымен сұрақтарға жауап береді.
5. Оқушылар дұрыс жауап берсе, жасыл түс көрсетіледі, дұрыс емес жауап берсе қызыл түс көрсетіледі.
6. Әрбір сұрақтан соң экран бетінде оқушылардың жауап беру рейтингілері көрсетіледі.
7. Өз нәтижелерін бақылап, қорытынды жасау мүмкіндігіне ие болады.

Жалпы және ортаңғы білім беріп жатқан орталықтар «Kahoot!» қосымшасын пайдаланып, білім алушыларға ақпаратты меңгерудің қолайлы және өте тиімді әдістерін ұсынып отыр. Осы тестілеу түрі оқушымен қатар оқытушыға да қолайлы. Әр оқушының жаңа материялды меңгеруге деген қызғушылығы мен ынтасын арттыра түссе, ал оқытушы жаңа оқу бағдарламасы талап етіп отырған жаңашыл онлайн тестілеудің түрін игере алады. Онлайн режимінде осы тестілеуді қолданудың екі түрлі пайдалы жағын ажыратуға болады. Біріншісі, білім алушы мен мұғалім бір-бірімен тығыз онлайн байланыста болады, жақсы қарым-қатынас орнайды, екіншісі білім алушылар өзара бәсекеге түсіп, проблеманы шешудің тиімді жолдарын іздестіреді, бәсекеге қабілеттілік оянады, өтілген жаңа сабақты, жаңа материялдарды, жаңа тақырыпты толықтай меңгеруге деген қызығушылығы оянады.

***Презентация әдісі.*** Презентация әдісі қазақ тілін онлайн оқыту сабақтарында кеңінен қолданылатын ақпараттық-коммуникациялық технология. Қазақ тілі мұғалімдері презентацияны “тұсаукесер” деп те атап жүр. Бұл технология, бір жағынан, оқушыларға жаңа материалды (иллюстрация, фотографиялар, бейнелік, дидактикалық материалдар, т.с.с) көрнекті түрде көрсету құралы болса, екінші жағынан, қазақ тілі мұғалімдеріне осы материалдарды дайындауды және оны қолдану процесін де жеңілдетеді. Педагогикалық практика уақытында өткізілген тәжірибеде қазақ тілін меңгертуде презентациялар технологиясын пайдалану қазақ тілін меңгеруге қызығушылығын арттырып, сабақтың қызықты өтуін қамтамасыз етеді. Сабаққа дайындалу мерзімін (презентациялық сүйемелдеу жұмысын алдын ала мұғалім немесе басқа біреу дайындағанда) қысқартады, ең бастысы – қазақ тілі мұғалімдерін жаңа компьютерлік технологияларды пайдалануға дағдыландырады.

Қазақ тілін онлайн режимінде оқытуда қазақ тілінің мұғалімінің АКТ туралы білімі мол болуы цифрлық педагог болуы қажет. Қазақ тілін жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде оқытуда ақпаратты алу, бағалау, сақтау, өндіру, ұсыну және алмасу үшін қолдану әрекеттерін орындай білуі тиіс.

***Ойын әдісі***. Ойын әдісінің көрнекті зерттеушісі Д.Б.Эльконин ойын табиғатының әлеуметтік сипатқа ие екенін және ересектер әлемінің бейнесіне тікелей тәуелді болатындығына тоқталады. Ойынды «әлеуметтік қатынастардың арифметикасы» ретінде таныған Д.Б.Эльконин ойынды белгілі бір кезеңде пайда болып, іске асырылатын әрекеттің бір түрі деп есептейді.

Ойын қызметінің ***психологиялық механизмдері*** өзін-өзі таныта алатын, өзін-өзі ұстай алатын, өзін-өзі анықтайтын, өзін-өзі реттейтін және іске асыра алатын жеке тұлғаның сұраныстарына сүйенеді. Ойын әрекеті – әлеуметтік өмір құбылыстарын әрекет арқылы қайта жаңғырту. Әрекеттің бұл түрінде өмір жағдайлары модельденеді, әлеуметтік, кәсіби және шығармашылық қызметті орындауға бағытталған қажетті тілдік тұлғалар қалыптасады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде Б.А.Нарқұлова қазақ тілі сабағында дидактикалық ойындарды қолдану әдістемесін арнай зерттеп, ойын әдісінің белгілі бір білімді, іс-әрекетті үйретуші тәсіл екендігін атап көрсетеді. Зерттеуші ойынды *тапқырлық, ізденімдік, рөлдік және іскерлік* деп төртке бөліп қарастырады. Ізденімдік ойындар арқылы сөзжасамды оқыту түрін ұсынып, ойынның мақсатын, ережесін, ұзақтығын, қатысымдық қызметін, тиімділігін атап көрсетеді. [2.17].

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда комикс әдісін пайдалану да тиімді болып саналады. Оқушылар берілген тақырып бойынша комикс құрастыру арқылы тақырыпты өз бетімен меңгеру мүмкіндігі туындайды. Жасөспірімдер арасында американдық «Marvel», «DC» және Жапонияның мәдениетіне тән «Мангалар» танымал.

Сондықтан, оқушылардың сауатты сөйлеу дағдысын дамытып, креативтілігін шыңдау үшін комикс әдісін қазақ тілін онлайн режимінде оқытуға интеграциялауды жөн көрдім. Өз кезегінде бұл дүниежүзінде кең қолданыталтын STEAM (Science ғылым, Technology технология, Engineering инженерия, Art өнер, Mathematics математика) моделінің негізгі принциптеріне сәйкес пәндер мен салалардың байланысын қамтамасыз етеді әрі қазақ тілін оқытуды заманауи тұрғыдан жүзеге асыруға, мұғалімді білім алушылар алдында жаңашыл тұлға ретінде позициялауға мүмкіндік береді.

“Қазақша комикс” әдісін жүзеге асыру үшін қажетті платформаларды іздеп, зерделей отырып, оқушылар мен мұғалімдерге де ыңғайлы сервис ретінде CANVA-ны таңдадым. Өйткені бұл сервистің компьютер арқылы сайтын, смартфон арқылы қосымшасын қолдануға болады және онда презентация, хабарландыру жасайтын бөлімшелері де бар, яғни бірнеше жұмыс жасауға болатын кеңістік.

«Көшпенділер мәдениеті-өркениеттің бастауы» тақырыбы бойынша рефлексия жасауда оқушылар комикс кейіпкерлерін өздері таңдап, олардың арасында диалогті өрбітіп, сюжетті құрай алады. Бұл шығармашылық рефлексия оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады және оны дыбыстап оқу арқылы сөйлеу тілінің қағидаларын сақтайды.

Қазақ тілі сабақтарында интерактивті қолдану әр мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Оқушылармен кері байланыс жүргізуде сабақтың әр кезеңінде мұғалім де, оқушы да барынша көп әдіс қолданады. Бір сабақ барысында белгілі бір әдістерді санамалап көрсетсе де, одан да көп әдісті ұтымды пайдалануы да мүмкін.

Цифрлық контенттерді қолданып сабақты ұйымдастырудың әдістемелік тұрғыдан өзіндік ерекшеліктері бар. Сол себепті дәстүрлі форматтағы сабаққа айтарлықтай өзгеріс енгізуді қажет етеді. Ол үшін сабақта қандай заманауи технологиялар қолданылу керек? Жас ұрпаққа білім беруде интербелсенді оқытудың артықшылықтары қандай?

Білім берудегі заманауи оқыту технологиялары ақпарат алмасудың төмендегідей әдістемесіне жүгінеді:

1. Электронды оқулықтар мен анықтамалықтар.

2. Интернет-платформаларды пайдалану. Оған ақпараттың кез келген түрі (мәтін, графика, бейнематериал, сурет, дыбыс), семинар, сұхбат түріндегі екіжақты байланыс жатады.

3. Телесабақтар.

Сабақтың мазмұны келесі талаптарға сай болуы керек:

– Үлгілік оқу бағдарламасының мақсаттары мен міндеттерін, ақпараттың жаңалығы мен интернет-платформалардың контентін ескере отырып материалды мұқият іріктеу;

– ақпараттың нақты құрылымдалуы: реттеу, жүйелеу; сабақтастық және т.б.;

– негізгі дидактикалық принциптерді ескеру: ғылымилығы, көрнекілігі, қолжетімділігі, танымдылығы, теорияның практикамен байланысы, циклділік, ғылыми танымал мазмұндау, оқу материалының оқылуы/эстетикалығы;

– теледидар, ақпараттық-коммуникациялық және мультимедиалық технологиялар саласындағы заманауи әлемдік жетістіктерге сәйкестігі;

– қабылдауды ескере отырып аудиовизуалды ақпараттың жеткілікті көлемі мен әсер ету ұзақтығы;

– түрлі ақпараттық оқыту материалдарын қолдану: мәтіндік, презентациялар, графикалық, медиа, суреттер, кестелер, инфографика және басқалар.

– Үлгілік оқу бағдарламасының мақсаттары мен міндеттерін, ақпараттың жаңалығы мен интернет-платформалардың контентін ескере отырып материалды мұқият іріктеу;

– ақпараттың нақты құрылымдалуы: реттеу, жүйелеу; сабақтастық және т.б.;

– негізгі дидактикалық принциптерді ескеру: ғылымилығы, көрнекілігі,

қолжетімділігі, танымдылығы, теорияның практикамен байланысы, циклділік, ғылыми танымал мазмұндау, оқу материалының оқылуы/эстетикалығы;

– теледидар, ақпараттық-коммуникациялық және мультимедиалық технологиялар саласындағы заманауи әлемдік жетістіктерге сәйкестігі;

– қабылдауды ескере отырып аудиовизуалды ақпараттың жеткілікті көлемі мен әсер ету ұзақтығы;

– түрлі ақпараттық оқыту материалдарын қолдану: мәтіндік, презентациялар, графикалық, медиа, суреттер, кестелер, инфографика және басқалар.

Цифрлық контенттерді қолданып оқыту түрлі платформалардың, сайттардың, электронды ресурстардың көмегі арқылы жүзеге асады. Күнделікті сабақты ұйымдастыруда BilimLand, Kundelik.kz, Daryn.online интернет-платформаларында орналасқан сабақтарды, Google Hangouts Meet, Google Classroom, Microsort Teams, Opiq.kz, QaradomalaqStudio, Mektep.Online секілді қолжетімді цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана аламыз. Бұл білім беру платформаларында мұғалімдер жоспарланған онлайн сабақтарды өткізіп, қосымша кеңес беріп, оқушыларға білім мазмұнын игерте алады.

Жоғарыда аталған интернет-платформалар немесе цифрлық білім беру ресурстары арқылы оқыту барысында пәннің өзіне тән ерекшеліктерін ескеру маңызды.

Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану бойынша ұсынымдар:

1) цифрлық білім ресурстары (ЦБР) – цифрлық технологиялар негізінде әзірленген және іске асырылатын оқу-әдістемелік құралдардың кешені.

2) Оқу процесінде педагогтер қолданатын ЦБР келесі талаптарға сай болуы тиіс:

– Қазақстан Республикасының заңнамасымен таратуға тыйым салынған ақпарат болмауы керек;

– үшінші тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетін, құқығы мен заңмен қорғалатын мүдделерін қозғайтын ақпараттан тұратын ЦБР-ны пайдалануға жол берілмейді;

– тиісті білім беру деңгейлерінің МЖМБС, Үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы тиіс;

– әртүрлі діни, этникалық және мәдени топтардың өкілдеріне толеранттылықпен қарау қағидаттарын ұстанады, ұлтаралық және конфессияаралық диалогқа кедергі келтірмеуі тиіс;

– білім алушылардың жынысына, ұлтына және тұрғылықты жеріне қарамастан қолжетімді және түсінікті болуы;

– қазіргі ғылыми білімнің негіздеріне қайшы келмеуі;

– білім деңгейін, оқу пәнін, оқу материалының, оқу тапсырмаларының күрделілік дейгейін, контент түрлерін дұрыс таңдау;

– бейнелеулерде ерекше белгілер мен бөгде жазулардың болмауы;

– авторды және (немесе) қосалқы алынған материалдың дереккөзіне сілтеме көрсету;

– өзіндік танымдық құндылығының болуы;

– пайдаланылатын оқу материалының біріздiлігі мен дәйектілігін қамтамасыз ету.

Студент-практикант мұғалімнің көмекшісі болып табылады.

Сабақта студент-практикант:

- оқушылардың сабаққа дайындығын зерттейді;
- сабақтағы тәртіпті бақылайды;
- әртүрлі тапсырмалардың, оның ішінде өз бетінше орындайтын тапсырмалардың уақытылы орындалуын бақылайды;
- сабақта кері байланысты қамтамасыз етеді;
- топтық чат, бейнеконференция құрады, байланысты қосады және тексереді;
- демонстрациялық материалдарды (мәтіндік материалдар, презентациялар, суреттер және т. б.) дайындайды және көрсетеді;
- денсаулық сақтау жаттығуларын, дене қозғалысы минуттарын, үзілістерді ұйымдастырады;

білім алушылармен, педагогтермен, ата-аналармен немесе заңды өкілдермен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыруға қатысады;

- білім алушыларға, ата-аналарға кестедегі өзгерістер туралы, білім алушыларға кері байланыс беру, оқу барысы мен оқу нәтижелері туралы хабарлайды;
- студент-практикант өз бетінше сабақ өткізбейді.

Тілдік пәндерді цифрлы оқыту әдістемесінің де өзіндік ерекшеліктері бар. Тілді оқыту мазмұнының басты компоненті ғылымға емес, сөйлеу әрекеті түрлеріне, яғни айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдыларына негізделеді. Тіл – адамзат қоғамының коммуникативтік құралы. Сонымен қатар елдің тарихын, мәдениетін бала бойына сіңіріп, атадан балаға мирас болып келе жатқан өмір тәжірибесін, өнер-білімін жеткізуші құрал. Тілді оқытудың басты мақсаты – қандай да бір тақырып жөнінде идея мен түсінік қалыптастастыру емес, оқушылардың коммуникативтік дағдысын, коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру, оқушының сөйлеу мәдениетінің көркемдік дәрежесін арттыру, тілін байытып, ой өрісін, ақыл-ой деңгейін кеңейту.

«Қазақ тілі» пәнін оқытуда оқылым мәтіні мен бейнематериалдардағы ақпараттармен жұмыс жасау ғаламтор ресурстарын кеңінен пайдаланып, аутенттивті және өзекті ақпараттарды алуды қамтамасыз етеді. Қашықтан оқытуда оқушыларға ұсынылатын ақпарат көлемінің ауқымы кеңейе түседі. Дегенмен, ғаламтордан алынған барлық материал оқу процесінде қолдануға жарамды бола бермейді. Кейбір материалдар мазмұны жағынан немесе тақырыбы жағынан оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келмеуі мүмкін. Бұндай жағдайда мәтінді оқушылардың жас ерекшелігіне, жеке мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сай бейімдеу қажеттігі туындайды. Оқушыларға әртүрлі ақпараттық оқу материалдары (мәтіндік, презентациялар, графикалық медиа, суреттер, кестелер, инфорграфика, т.б.) дидактикалық принциптерге сәйкес сұрыпталып ұсынылады. Арнайы бейімделіп, ықшамдалып ұсынылған мәтіндер қажетті ақпаратты, мазмұнды игеруге септігін тигізіп, оқыту жағдайында

оқушылардың пәнге деген қызығушылығын жоғалтпаудың, зерігуінің алдын алады.

**Ақпараттық-мультимедиалық оқу материалдары**

1. Ақпараттық-мәтіндік компонент:

- негізгі және қосымша мәтіндер (жалпы текстографиялық);
- гипермәтіндер;
- глоссарий (монолингвальды, билингвальды, үштілді).

2. Мәтіннен тыс мультимедиалық компонент:

- PPT-слайд файлдары (сабақ, тақырыптық);
- бейне:
- авторлық-промороликтер, нұсқаулық
- бөлімдерге немесе сабақтарға бейне, бейне сабақ, бейне конкурстар, өткізілген сабақтар кастасының экраны;
- ашық-жаңалықтар мен сюжеттік бейне үзінділер, видеокасттар
- дыбыс қатары:
- сабақ мәтіндерінің авторлық-аудиожазбалары,
- тыңдауға арналған фоножазбалар, фонетикалық жазбалар;
- ашық-аудиокасттар, аудиожазбалар

3. Сөздіктерден фонетикалық гиперсілтемелер:

- графикалық құралдар:
- авторлық диаграммалар, ассоциограммалар,
- тұжырымдамалық карталар, кестелер, инфографика;
- ашық-фотосуреттер, суреттер, географиялық және саяси карталар, инфографика.

Цифрлық контенттерді қолданып оқыту жағдайында тілдік дағдыларды қалай қалыптастыруға болады? Алдымен оқыту кезінде тыңдалым дағдысын дамытуға арналған тапсырма түрлерін ұсыну ерекшеліктеріне тоқталайық.

***1. Тыңдалым және оқылым дағдыларын қалыптастыру.***

Біріншіден, тыңдалым немесе оқылым мәтіндері шағын болғаны жөн. Оқылым мәтіні оқушыға анық көрінетіндей болуы қажет.

Екіншіден, оқушыға көрсетілетін бейнематериалға алдын ала түсінік беріліп, не мақсатта көрсетілетіні айтылып кету керек.

Үшіншіден, көркем шығарманың ең өзекті, маңызды деген үзінділерін іріктеп ұсынған жөн. Ал шығарманың жалпы мазмұнын мұғалім ауызша айтып кетсе де болады.

Төртіншіден, қашықтан оқыту кезінде оқушыларға тапсырма жауаптары ұсынылу керек. Сонымен қатар тапсырмаларды шағын кесте түрінде ұсынған жөн. Мәтінмен жұмыс жасау үшін бос орынды толтыру, қажет сөздерді қою, сәйкестендіру, дұрыс және бұрыс ақпараттарды анықтау секілді тапсырмалар оқушылардың орындай алуына мүмкіндік береді. Мысалы, мәтіндегі дұрыс және бұрыс ақпараттарды анықтауға арналған тыңдалым материалына негізделіп тапсырма ұсынылса, кейіннен дұрыс жауабы беріледі.

Оқушыларға мәтінде көтерілген мәселеге қатысты ой-пікірін, көзқарасын білдіруге бағытталған тапсырмалар ұсынылады. Оқушылардың жауаптарына кері байланыс беріледі.

Онлайн оқыту кезінде тыңдалым және оқылым мәтіндеріне берілген тапсырма жауаптары оқушылармен бірге талқыланады.

Оқылым стратегияларына негізделген тапсырмаларды оқушылардың өздері орындауына мүмкіндік беріледі. Мысалы, түртіп алу, қажет ақпараттарды іріктеу, қосымша ақпараттарды белгілеу, мазмұнын түсіну үшін шолып оқу, зерттеп оқу. Оқылым тапсырмаларының бір түрі – мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау. Оқушылар бұл тапсырманы орындағанда мәтіндегі қайталанатын сөздерді, жақша ішіндегі қосымша ақпараттарды, мәтінде маңызды емес мәліметтерді өздері сары түспен белгілеу керек. Оқушылар тапсырманы орындаған соң бұл мәліметтерді неліктен қосымша ақпарат деп есептейтінін түсіндіріп, мұғалімге кері байланыс бере алады.

***2. Айтылым және жазылым дағдыларын қалыптастыру.***

Оқушыларға диалог, монолог секілді ауызша тапсырмаларды орындатуда, жазба жұмыстарын жүзеге асыруда дайын шаблондар ұсынылады.

Коммуникативтік жағдаяттарға сай тапсырмалар құрастыру. Жағдаяттық тапсырмалар – грамматиканы контекс негізінде оқытудың бірден бір жолы. Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде «Балаға бір нәрсені білдірмекші болғанда сол нәрседен әсер алуға баланың көп сыртқы сезімдерін қатынастыруға тырыстыру керек» дейді. Жағдаяттық тапсырмалар оқушылардың елестету, алған әсерін сипаттап айту, жазу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Диалог пен монологті ауызша жүргізуге мүмкіндік бар. Оқушылар бағалау критерийі мен дескриптор негізінде қажетті сөздер мен сөз тіркестерін, әдеби тіл нормасын қолданып сұхбат құра алады.

Онлайн оқыту кезінде де жазылым жұмыстарының көлеміне шек қойған жөн. Мысалы, бір сабақта эссе жұмысының тезисін жазу. Келесі сабақта аргументтер, мысалдар келтіру. Ал жазба жұмысын толық орындауды үй тапсырмасы ретінде берген дұрыс. Мысалы, 5-сыныпта «5.Ж4. Эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу» деген жазылым мақсаты бар. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін бір сабақта тек оқиғаны сипаттау, суреттеу бөлігін ғана аламыз.

*Үлгі*

***Жағдаяттық тапсырма.***

1) Бөтен қалаға саяхат кезінде досыңыз екеуіңіз басқа балалардан адасып қалдыңыз. Бұл елдің тілін білмейсіздер. Оларды табудың үш қадамын көрсетіңіз. Қандай шешім қабылдар едіңіз? Болжалды келер шақтың –ар, -ер жұрнағын қолданып, өз шешіміңізді жазыңыз.

2) Келесі жағдаяттық тапсырмада оқушылар суретке баса назар аудара отырып, тапсырманы орындайды.

1. Бурабайдың табиғатын сипаттаңыз.

2. Орман ішінен жаралы киіктің лағын тауып алдыңыз. Осы жағдай туралы жазыңыз. Басқа киіктердің әрекетін сипаттаңыз.



3. Киіктің лағына қандай көмек көрсеттіңіз? Жарақаты жазылған лақтың енесі алғысын қалай білдірді? Оқиғаны өткен шақтың –ған, -ген, -қан, -кен жұрнақтарын қолданып, әңгімелеп беріңіз.

*Үлгі*

Тапсырма. «Бурабайдың табиғаты» тақырыбында сипаттау мәтінін жазыңыз.

*Биылғы жазғы демалыста Бурабайға бардық деп елестетіңіз. Суретке қарап, Бурабайдың табиғатын сипаттап беріңіз. Бурабайдың қандай көрікті жерлерінде болдыңыз? Сізді не таңғалдырды? Табиғаты қандай екен?*



Оқушыларға әңгіме жазуды меңгерту үшін шағын дайын әңгімені ұсынып, құрылымы толық талданады. Осылайша, оқушыларға әңгіме жазудың алгоритмі ұсынылады.

Суреттер желісі бойынша әңгіме құрастыруға арналған тапсырма түрін қарастырайық.

*Үлгі*

Тапсырма

- Оқиғаны баяндау үшін қажетті тірек сөздер тізбегін құрыңыз.
- Әңгімедегі уақытты, мезгілді білдіретін сөздерді жазыңыз.
- Суретке қарап қандай ой келді? Әңгіменің кіріспе бөлімін қандай сөйлеммен бастар едіңіз?
- Ауылда кімдермен таныстыңыз? Ауылға барғанда қандай қызықты оқиғалар болды?

- Ауылда бір баламен жақын достастыңыз. Онымен дос болуға не себеп болды? Сырт келбетін, мінезін сипаттап беріңіз.
- Әңгіменің қорытынды бөлімін жазыңыз. Ауылдан қандай әсер алдыңыз?

Қорытындылай келе, тілдік пәндерді цифрлық контенттердің көмегімен оқыту оқушының коммуникативтік құзіреттілігінің қалыптасып, жоғары нәтижелерге жетуіне жаңа мүмкіндіктер ашады. Ақпаратты берудің (мәтін, графика, анимация, бейнематериал, т.б.), сабақ үдерісін ұйымдастырудың жаңа түрі оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, тіл білу деңгейін, сөздік қорын, тіл байлығын арттырады. Интернет-платформалар мен цифрлық білім беру ресурстары оқушылардың оқу үдерісіне белсене қатысуына мүмкіндік береді. Оқытудың интерактивті мүмкіндіктері сындарлы кері байланыс беруге, саралап оқытуды тиімді жүзеге асыруға оңтайлы жағдай жасайды.

**Сабақта қолдануға ұсынылатын цифрлық контенттер тізімі:**

- OKULYK.KZ https://okulyk.kz › all-books
- BilimLand,
- Daryn.Online
- Kundelik
- Mektep.EDUS
- ok.edus.kz
- "Сфера"
- Plickers.
- Socrative.
- Kahoot.
- https://informburo.kz/kaz/bilimland-darynonline-opiq-zhne-zge-onlayn-ou-platformalary-oldanu-nsaulyy.htmlhttps://informbur
- o.kz/kaz/bilimland-darynonline-opiq-zhne-zge-onlayn-ou-platformalary-oldanu-nsaulyy.html

**Әдеби порталдар мен электронды кітапханалар тізімі:**

- Adebiportal.kz https://adebiportal.kz ›
- Қазақстан Ұлттық электронды кітапханасы https://kazneb.kz
- Kitap.kz - онлайн кітапхана https://kitap.kz

- Әл-Фараби кітапханасы - Әл-Фараби атындағы Қазақ ... https://elibrary.kaznu.kz ›
- Кітапхана - OPIQ.KZhttps://www.opiq.kz ›
- Электронная библиотека: КАБИС.Webhttp://lib.kazmkpu.kz

**Кітаптарды тегін жүктеуге болатын 10 топ сайт тізімі:**

- Bookfor.ru / Қолданушылар үшін түсінікті әрі ыңғайла етіп жасалған сайттан fb2, epub, mobi, azw3, txt форматында кітаптарды жүктеп алуға болады.
- Kitap.kz / Қазақ және шетел жазушыларының шығармасын қазақ тілінде оқи аласыз. Сонымен қатар, аудио нұсқасын да табасыз. Жүктеп алумен қатар, онлайн оқу мүмкіндігі бар.
- Klex.ru / Түрлі тақырыпта сирек кездесетін әрі қызықты кітап нұсқалары жинақталған. Бұл жерді кітап қоры деп атасақ та болады.
- Fb2-epub.ru / Time журналының нұсқасы ұсынған рейтингтер бойынша жиналған электронды кітапхана. Кітаптарды fb2 және epub форматы бойынша жүктеуге болады.
- Librate.ru / Қарапайым, жеңіл әрі ыңғайлы. Барлық кітапты қолданушылардың өзі өзге құжатқа алмастыру мақсатында жүктейді. Кітаптарды fb2, epub, txt, rtf, pdf, doc, djvu фоматтарында жүктей аласыз. Сайтта аудио кітаптар да бар.
- Studyspace.ru / Онлайн режимде студенттер мен аспиранттарға арналған ғылыми кітапхан қоры. Бұл жерде оқулықтар, рефераттар мен зерттеу жұмыстарын жүктеп ала аласыз.
- Psylib.org.ua / Киев Қорымен жасалған психология, өзін-өзі тану және дамыту бағытындағы онлайн кітапханадан кітаптарды тегін жүктеп алып, оқуға болады.
- Kot-knigovod.ru / Жүктеуге арналған кітаптар тек екі форматта ұсынылған: fb2 және txt. Сайт интерфейсі қарапайым, қызықты әрі жеңіл Бұл жерде бестселлер кітаптардан бастап ғылыми оқулықтар да бар.
- Book2.me / Шағын онлайн кітапханадан кітапты rtf және txt форматында жүктеп ала аласыз.
- Coollib.net / Тегін электронды кітапханадан кітаптарды жүктеп алуға не онлайн оқуға болады. Ұсынылатын форматтар: fb2, txt, html, rtf, epub, mobi.

## Қорытынды

Білім беру процесінің мазмұны оқушылардың алған білімдерін, біліктерін және дағдыларын өмірде және мектепте шығармашылықпен қолдануға дайындығын қалыптастыруға, табысқа жетудегі табандылықты дамытуға бағытталған өмір бойы оқуға ынталандырады.

«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, жаңадан жаңаны табатын өнер», – деп түйіндеген Ж. Аймауытов өзінің зерттеулерінде пәндердің бірімен-бірі байланыспайтынын, жазылса үйлеспейтін, үйлеспек тұрсын біріне-бірі қайшы кеп, бірінің шын дегенін, бірі «өтірік мансұқ» деп отыратынын да көрсеткен.

«Шын білім тәжірибеде ғана туады. Білім жолының негізі – тәжірибе. Жаттап алып білген білім кісіден сұрап киген тон сияқты. Тойда тонымды бер деп шешіп алғандай, жаттап алып білген білім мектептің табалдырығын аттай бере естен шығады да ұмытылады», – деген Әлихан Бөкейханұлының тұжырымы оқу үдерісінде кеңінен қолдау тауып отыр.

Олай болса, оқушының белсенді оқу әрекетін ұйымдастыру арқылы білім алуына, талдау, салыстыру, анықтау, жүйелеу дағдыларының қалыптасуына, әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасай білуіне, өзгелерді тыңдау, өз ойы мен көзқарасын жеткізе білуге, өзгенің пікірін тыңдауға, сыни тұрғыдан ойлау және бағалауға жан-жақты мүмкіндік жасалып отыр. Оқыту үдерісінде оқушының өмірлік тәжірибесіне сүйеніп, күнделікті өмірде кездесетін құбылыстар мен жағдаяттарды талдауға, сол арқылы өмірге бейімделуіне бағыт-бағдар беріледі.

XXI ғасыр – информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету, мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі білім алушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады. Ақпараттық технологиялар баланы оқыту мен дамыту процесін тиімді етіп, балаға да, педагогке де білім берудің жаңа мүмкіндіктерін ашады. Қазіргі заман жаңашылдық, жаңа көзқарас, жаңалықтар заманы. Заман талабына сай тәрбие саласына енгізілген жаңа бағыттағы тың үрдістерді педагог меңгеріп қана қоймай, оны тәжірибеде орынды қолдана отырып, өз білімін, іскерлігін үнемі жетілдіріп отыруы тиіс. Өмір сүру барысында біз жаңа өнімдерді, заттарды, білімдерді, идеяларды кездестіреміз. Олай болса, оқыту үдерісі, әдістері де осы жаңашылдыққа сәйкес болуы керек. Сонда ғана білім беру саласында білім алушыны функционалды сауатты, әлемдік бәсекеге қабілетті жеке тұлға етіп тәрбиелей аламыз.

## Пайдаланған әдебиеттер


1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы.

2. Рахметова Р. Қазақ тілі синтаксисін қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (ЖОО филология мамандықтары үшін). Пед. ғ.д. атағын алу үшін дайындалған дисс. автореферaты. – Алматы, 2010. – 50 б.

3. Ахметова Г.К., Мұхамбетжанова С.Т. «Электрондық оқыту ортасында педагогтардың құзырлылығын қалыптастыру». – Алматы, –2012.

4. http://www.nomad.su/?a=3-201311200034

5. Құдайбергенева К.С. «Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері». –Алматы, –2012.

6. Абай Құнанбайұлы : "Қара сөздер". – URL: https://kitap.kz/book/abay-el-libro-de-las-palabras-ara-szder-ispan-tilindi (қарау уақыты: 20.04.2021)

7. Абай Құнанбайұлы. "Қыс". – URL: https://bilimland.com/kk/courses/audiochrestomathy/5synyp/poehziya/lesson/6-abai-qunanbai-uly-qys

8. Поэмалар.– URL:https://kitap.kz/book/436/read#epubcfi

9. URL: https://padlet.com/zufarovarukia26/q023f9jgao886rr0

10. https://learningapps.org/

11. https://padlet.com/zufarovarukia26/olzegpaph792lud

12. https://www.canva.com/design/DAEfJZLEMDY/share/preview?token=6g_-73tDaFeAmmr_qJg1Rg&role=EDITOR&utm_content=DAEfJZLEMDY&utm_campaign=designshare&utm_medium=link&utm_source=sharebutton

13. https://www.storyjumper.com/book/read/103974776/606ef0ea711f5

14. Абай және қазіргі заман: зерттеулер жинағы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 336 б.

15. Мырзахметов М. Абайтану. Бірінші кітап. – Астана: «Деловой мир», 2010. – 476 б.

16. Омаров Д. Абайдың рухани мұрасы немесе данышпан берген салаутты өмір тағылымы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2007. – 265 б.

17. Әуезов М.О. Абай. Зерттеу энциклопедиясы — Алматы: «Атамұра», 2011. – 686 б.

18. Абдрахманова А.Ж., Алипкалиева Г.Б. Цифровизация образования. URL: http://www.zkoipk.kz/ru/ smartconf2019/2-section/5075-conf.html

19. Қазақ әдебиеті. 6-сынып. Б.Керімбекова, Ж.Мұқанова, Алматы «Мектеп»: 2018 ж

20. Қабдолов З. Сөз өнері: Оқулық-монография. – Алматы: Өлке, 2014. – 496 б.

Қосымша

## Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуға арналған контенттер

**ABAI.INSTITUTE.KZ**

Қазақстанда және шетелде қазақ тілін оқыту және ілгерілету бағдарламасы шеңберінде әзірленген веб-портал

**BALATILI.KZ**

Үш жастан асқан балалардың тілдік, жазбаша және шығармашылық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді

ҚАРАЛЫМ - 19 543

**TILQURAL.KZ**

Мемлекеттік тілді
A1, A2, B, B2, C1
деңгейлерінде
үйренуге мүмкіндік беретін
онлайн платформа.
Мобильді қосымшасы
қарастырылған.

ҚАРАЛЫМ - 522 787

**TILMEDIA.KZ**

Үштілді сайт
орыс және ағылшын тілді
азаматтарға мемлекеттік тілді
қызықты және тиімді
оқытуға көмектеседі.

ҚАРАЛЫМ - 25 844

ҚАРАЛЫМ - 113 000

**SOZDIKQOR.KZ**

Сайт сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін, көне, кірме, жаңа технологиялық сөздердің мағынасын көруге мүмкіндік береді

ҚАРАЛЫМ - 1 042 369




**QUJAT.KZ**

Сайтта іскағаздарын жүргізуге қатысты рәсімдеу талаптары көрсетілген

ҚАРАЛЫМ - 102 533




**TERMINCOM.KZ**

Сайтта Республикалық терминологиялық комиссиясы мақұлдаған терминдер беріледі

ҚАРАЛЫМ - 2 050 131




**EMLE.KZ**

Сайтта іскағаздарын жүргізуге қатысты рәсімдеу талаптары көрсетілген

ҚАРАЛЫМ - 1 280 914




**TILALEMI.KZ**

Порталда мемлекеттік тілдің қолданысын арттыруға бағытталған материалдар, пайдалы ақпараттар, жаңалықтар орналастырылған

**QAZLATYN.KZ**

Латын әліпбиіне көшудің алғашқы кезеңдерінде материалдарды латын әріптеріне жылдам көшіруді жүзеге асыратын көмекші құрал




**«ҚАЗАҚША СӨЙЛЕЙІК»**

**Қарағанды** облысының тілдерді дамыту басқармасының тапсырысымен әзірлерген. Сауда саласында (киім саудасы) қызмет етіп жүрген азаматтарға арналған қосымша (оқу құралы мен аудио-диск). Электронды оқулық QR код арқылы қолжетімді

**«QAZONLINE»**

**Жамбыл** облысының тілдерді дамыту басқармасының тапсырысымен әзірленген. Қазақ тілін қарапайым деңгейде үйренуге мүмкіндік береді. Мобильді қосымша «Play market» және «App Store» арқылы қолжетімді




**Павлодар** облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының тапсырысымен әзірленген қосымша.

QR-коды бар плакаттар сауда үйлерінде, қонақ үйлерде, вокзалдарда, ірі мекемелерде орналастырылды

## Мемлекеттік органдардың инфо жүйелері




Көпшілік орындарда, халыққа қызмет көрсететін мекемелерде, әуежай, вокзалдар, сауда үйлері, мейрамханалар, дәмханалар, білім беру мекемелері, аялдамалар, жолаушылар көліктерінде және т.б. орындарда орналастыру үшін әзірленген постерлер




**Мемлекеттік тілді дамыту қоры** тарапынан әзірленген. Онлайн-портал аудио және бейнематериалдарды пайдалана отырып қазақ тілін оқытудың дәстүрлі әдістемесі. **«Soyle.kz»** аясында **«Bala.soyle.kz», «Soyle.tube»** жобалары жүзеге асырылуда.

**«ҚАЗАҚ ТІЛІ», «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ОҚУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ЦИФРЛЫҚ КОНТЕНТТІ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Басуға 31.08.2022. ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 20.